

81.2

0-67

СУЛЕЙМАН ДЕМІРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІ



SULEYMAN DEMIREL
UNIVERSITY

Ордабекова Х.А.

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ
UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қаскелен, 2015

Ордабекова Хафиза Арысбайқызы

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS



ӘОЖ 81'1 (075.8)
ҚБЖ 81.2 std 1 – 5 я 73
О – 67

Сулейман Демирел атындағы университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор
Мәдиева Г.Б.
филология ғылымдарының докторы, ассоц., профессор
Кудеринова Қ.Б.

Ордабекова Х.А.
О-67 Тіл біліміне кіріспе: Оқу құралы / Х.А.Ордабекова
Қасқелен: Сулейман Демирел атындағы университет, 2016. – 160 бет

ISBN 978-601-7537-14-2


UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

ӘОЖ 81'1 (075.8)
ҚБЖ 81.2 std 1 – 5 я

Оқу құралы студенттерге тіл білімінің нысаны және оның қарастыратын негізгі мәселелері, тілдің таңбалық және құрылымдық-жүйелілік аспекті туралы білім беру, қазіргі әлемдік лингвистикада қалыптасқан жаңа ғылым бағыттар туралы түсінік қалыптастыруды мақсат етеді.

Оқу құралы филология факультетінің студенттеріне арналған.

ISBN 978-601-7537-14-2 © Сулейман Демирел атындағы университет
Филология және педагогика ғылымдары факультеті
Қазақ филологиясы кафедрасы



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Дәріс 1. Тіл ғылымы және оның зерттеу нысаны	5
Дәріс 2. Тілдің табиғаты, қоғамдық мәні және атқаратын қызметі	18
Дәріс 3. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесі мен құрамы	30
Дәріс 4. Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесі мен құрамы	41
Дәріс 5. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі мен құрамы	56
Дәріс 6. Тілдің морфологиялық құрылымы мен жүйесі	65
Дәріс 7. Тіл біліміндегі функционалды грамматика мәселесі	78
Дәріс 8. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі	84
Дәріс 9. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі	96
Дәріс 10. Дүние жүзі тілдерінің генеологиялық жіктелімі	102
Дәріс 11. Дүние жүзі тілдерінің типологиялық жіктелімі	109
Дәріс 12. Жазудың шығу тарихы, дамуы және теориясы	115
Дәріс 13. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэзеттік бағыттың қалыптасуы мен дамуы	123
Дәріс 14. Қазақ тіл білімінде қолданбалы лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы	130
Глоссарий	139
Пән бойынша әдістемелік нұсқаулықтар	146
Пән бойынша орындалатын тест тапсырмалары	150

АЛҒЫ СӨЗ

«Тіл біліміне кіріспе» пәні – жоғары оқу орындарының филология факультетінде дәстүрлі түрде оқытылып келе жатқан жалпы лингвистикалық курс.

Пәнді оқытудағы негізгі мақсат – тіл білімінің әлеуметтік сипаты мен қоғамда атқаратын қызметі; дүние жүзі тілдерінің генеологиялық және типологиялық жіктелімі туралы түсінік беру; тіл білімінің фонологиялық, лексика-семантикалық, грамматика саласы бойынша тыңдаушыларға жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған ғылыми-теориялық біліміне сәйкес болашақта зерттелуге тиісті мәселелеріне байланысты тыңдаушыларды ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіру; оқытудың қалыптасқан әдістемелерінің (фоно-морфо-семантикалық талдаулар практикалық сабақтар, студенттердің өздік жұмыстары, зертханалық жұмыстар негізінде студенттердің жеткілікті дәрежеде білім алуын қамтамасыз ету. Бұл пән оқытудың жаңа технологиясы негізінде қалыптасқан модульдік жүйеге бағытталған:

- 1) Тіл білімінің құрылымдық-жіктелімі және әлеуметтік сипаты;
- 2) Салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Әлем тілдерінің генеологиялық және типологиялық классификациясы.

Бірінші модуль бойынша тілдің табиғаты, мәні мен атқаратын қоғамдық қызметі, тілдің таңбалық және құрылымдық-жүйелілік сипаты, тілдің шығуы туралы онтогенездік және филогенездік теориялары, тіл дамуының интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары, тіл ғылымының фоно-морфо-семантикалық және грамматикалық құрылымы жайлы ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық ақпараттар беріледі.

Екінші модуль бойынша тілдер туыстастығы мәселесі негізінде салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қалыптасуы, әлем тілдерінің генеологиялық жіктелімі, дүние жүзі тілдерінің грамматикалық құрылымындағы ұқсастықтары мен ерекшеліктері бойынша әлем тілдерінің типологиялық жіктелімі, сондай-ақ соңғы жылдары тіл білімінде қалыптасып отырған антропоэкеттік бағыт негізінде қалыптасқан жаңа ғылым салалары жайлы ғылыми-теориялық ақпараттар беріледі.

Әрбір дәріс материалдары соңынан тақырып мазмұнына сәйкестендірілген практикалық тапсырмалар мен зертханалық жұмыстар қамтылған. Лингвистикалық мәтіндер зертханалық жұмыстардың мақсат-міндетіне,

мазмұнына сәйкес таңдап алынған, атап айтқанда, тілдің социолнгвистикалық аспектісі, тілдің таңбалық сипаты, тілдің құрылымдық-жүйелік сипаты, тілдердің жіктеліміне байланысты тілдік талдаулар жүргізу арқылы теориялық білімдерін практика жүзінде іске асыра білу дағдысы көзделеді.

Дәріс 1 Тіл ғылымы және оның зерттеу нысаны

Дәріс жоспары:

- 1 Тіл білімі және оның зерттеу нысаны.
- 2 Жеке тіл білімі және жалпы тіл білімі.
- 3 Тілдің құрылымдық-жүйелілік сипаты.
- 4 Тіл білімінің өзге ғылым салаларымен байланысы.
- 5 Тілдің шығуы жөнінде тілтанымда қалыптасқан теориялар.

1 Тіл білімі және оның зерттеу нысаны. Тіл білімінің зерттеу нысаны – адамзат баласының сөйлеу тілі, дыбыстық тіл. Демек, адамзат баласының сөйлеу тілі дыбыстық тілге негізделген. Адам баласының әлеуметтік, қоғамды ортада тілдік қарым-қатынас орнатуына себеп болатын сөйлеу әрекеті болса сол тілдік жүйенің дамуына әсер ететін сөйлеу тілі болып табылады. Сөйлеу әрекеті адамзаттың *ойлау, дүниені тану* және оны *қабылдау* сияқты психикалық әрекеттермен тығыз байланысты.

Тіл мен ойлаудың байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінің ғана емес, философия мен логиканың, сондай-ақ психологияның күрделі мәселелердің бірінен саналады. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға айтқанда, Ой әрекетінің байланыстылығын көрсетері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – мензеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған калпында, қиялын мензеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады (1, 343).

Дыбыстық сөйлеу тілі де, абстрактілі ойлау да – адамзат баласына тән психикалық әрекеттер. Сөйлеу тілі мен ойлау әрекеті – адам санасының туындысы. Сөйлеу әрекеті ауызша не жазбаша формада іске асады, демек адам өз ойын тыңдаушы жаққа ауызша не жазбаша түрде тілдік бірліктер (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) көмегімен жеткізе алады. Адам санасында қоршаған ортаның бейнеленуі *түйсік, қабылдау және елестету* әрекеттері арқылы іске асады. *Түйсік* – қоршаған ортаның сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, мәнді және мәнсіз белгілерінің санада таңбалануы. Түйсік заттардың тұр-

түсін, ыстық-суығын, дәмін, иісін тағы басқа қасиеттерін танудың алғашқы сатысы. Сол себепті түйсік өзге психикалық әрекеттерге (қабылдау, ойлау, қиялдау) ақпарат жеткізуші ретінде қызмет атқарады. Мысалы, көзге түскен жарық сәулесі козу тұғызады, ал ол жүйке талшығы арқылы үлкен ми сынарларының қыртысына келген кезде адамда көру түйсігі пайда болады. *Қабылдау* – қоршаған ортаның сезім мүшелеріне әсерінен туатын нәрсенің жалпы бейнесі. Болмыстағы заттар мен құбылыстар белгілі бір уақыт пен кеңістік аралығында орналасқан. Уақыт пен кеңістіктен тыс жатқан нәрсе болмайды. Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың сын-сапасы, қасиеті, мөлшері, көлемі, алыс-жақындығы сияқты белгілердің санамызда бейнеленуі қабылдау әрекеті арқылы жүреді. *Елестету* – санада бұрыннан қалыптасқан зат, құбылыс немесе іс-әрекет негізінде жана түсініктер, ойлар мен бейнелер жасауға қатысатын психикалық әрекет.

Тіл мен ойлаудың бір-бірімен тығыз байланыстылығын тілдік категориялар мен логикалық категориялардың байланысын сөз бен ұғымның, сөйлем мен пайымдаудың өзара қатынасынан көреміз. Адам өзіне тән ойлау әрекеті арқылы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, сын-сапаны, оларға тән мәнді және мәнсіз белгілерді айқындайды, таниды, тілдік санада бейнелейді.

2 Жеке тіл білімі және жалпы тіл білімі. *Жеке тіл білімі* – бір немесе тұтас тілдердің құрылымдық-жүйелік сипатын, даму заңдылықтарын, сондай-ақ тіл мен сана, тіл мен ойлау, тілдің танбалық сипаты, тілдің құрылымдық-жүйелілік сипаты, тіл мен болмыс, тіл мен мәдениет, тіл және этнос, тіл және социум мәселесін зерттейді. *Жеке тіл білімінің* міндеті – тілдік фактілер мен тілге тән құбылыстарды зерттегенде, олардың синхрондық және диахрондық жақтарына көңіл бөлу.

Жалпы тіл білімі – тіл білімінің теориялық-методологиялық негізі. Лингвистика теориясы ретінде жалпы тіл білімі тіл туралы ғылымның ең өзекті деген мәселелеріне назар аударады:

- тілдің мәні, табиғаты, тілдің қоғамда атқаратын қызметі;
- тілдердің туыстық мәселесі, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы-тарихи тіл білімі, дүние жүзі тілдерінің генеологиялық классификациясы;
- тілдердің құрылымдық-жүйелік, танбалық сипаты, структуралды тіл білімі;
- жазу мәселесі, жазудың шығу тарихы, графика, әліпби мәселесі;
- тіл мен сана, тіл мен ойлау, тіл мен болмыс, яғни тіл философиясы мәселесі;
- тіл мен мәдениет, тіл және этнос, тіл және социум мәселесі, антропоэлектік әдіс, антрополигвистиканың қалыптасуы.

3 Тілдің құрылымдық-жүйелілік сипаты. Кез келген тіл белгілі бір құрылымға негізделген жүйелер жиынтығынан, атап айтқанда, тілдің

фонологиялық, сөздік құрамы (лексикология), сөзжасамдық және грамматикалық жүйесінен тұрады. Әрбір құрылымдық жүйе өз ішінен кішігірім жүйелерге бөлінеді. Сол себепті, біз, тілді құрылымдық-жүйелілік әрі таңбалық сипатқа ие бір бүтін жүйе ретінде қарастырамыз.

ТІЛ

Фонетика	Лексикология	Сөзжасам	Морфология	Синтаксис
----------	--------------	----------	------------	-----------

Кесте 1. Тілдің құрылымдық-жүйелік сипаты

Фонетика – тілдің дыбыстық жүйесі мен дыбыстық заңдылықтары туралы ілім. Тіл дыбыстары – күрделі құбылыс. Тілдік жүйедегі әр дыбыс үш аспекті тұрғысынан қарастырылады: дыбыстың акустикалық, артикуляциялық және функционалдық сипаты. Соған орай, тілдің фонетикалық жүйесі зерттеу нысанына қарай өз ішінен *функционалды фонетика, жасалым (артикуляторлы) фонетика және айтылым (акустикалық) фонетика, әстілім (перцептивті) фонетика* болып бөлінеді.

Жалпы тіл білімінде фонема теориясының ілімін қалаған – Бодуэн де Куртенэ болатын. Ал фонологиялық жүйедегі антропофоника теориясын қалыптастырған Н.В.Крушевский еді. Фонология ғылымының морфема туралы аспектісі Москва фонология мектебі, ал семасиологиялық (психологиялық) аспектісі Ленинград фонология мектебінің негізін қалауға ұйтық болды. Мәскеу фонологиялық мектебінің (Р.И.Аванесов, А.А.Реформатский, Ф.Ф.Фортунатов) теориялық негізі – фонема туралы ілім. Тілдің фонемалық құрамын анықтауда морфологиялық ұстанымдарды пайдалану қажеттілігі басты қағидат ретінде саналды. Өртүрлі дыбыстарды бір фонемаға жатқызу үшін дыбыстар фонетикалық орнына қарай өзара алмасып, белгілі бір морфема құрамында алатын орны белгілі болуы тиіс. Мәселен, орыс тіліндегі с фонемасы (с) с отцом, з (з братом), ж (ж женой), ш (ш шурином) дегенде сөйлеу үстіндегі тіл дыбыстарының позициялық қолданыстарын байқаймыз.

Ленинград фонология мектебінің негізін салушылар Л.В.Щерба, С.И.Бернштейн, Л.Р.Зиндер, М.И.Матусевич тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін фонологиялық мектеп ретінде қалыптасты. Л.В.Щерба фонеманы сөз бен оның формаларын бөлшектеп көрсетуге қабілеті бар тіл бірлігі екенін

анықтады. Ленинград фонология мектебінің *негізгі бағыты* – фонеманың лингвистикалық (әлеуметтік) табиғатын сөйлеу қызметімен байланыстыра зерттеу.

Лексикология – тілдің лексикасы және оның тарихи даму заңдылықтары, сөз мағынасының атқаратын қызметі туралы ілім. Зерттеу мақсатына қарай сипаттамалы лексикология, тарихи лексикология және салыстырмалы-салғастырмалы лексикология болып бөлінеді. Лексикологияның бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше тармақтары бар: *терминология, этимология, диалектология, ономазиология, фразеология, семасиология.*

Сөзжасам – тілдің атау жасау процесін жүзеге асырады. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі ұзақ уақыт дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесі өз бастауын көне түркі тілінен алады, содан бергі уақытта үнемі толығып, дамып, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен. Сөзжасам процесі өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттігін өтеу үшін қызмет етеді. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне түркі дәуірінен қолданылып, әбден орныққан, қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар:

- синтетикалық тәсіл;
- аналитикалық тәсіл;
- лексикалық тәсіл.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің бәрі сөзжасам процесінің нәтижесіне жатады. Сондықтан туынды сөздер тілдің сөзжасам саласының зерттеу нысаны болып табылады, әрі сөзжасам процесінде негізгі орын алады.

Тіл білімінде сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық мағына және сөзжасамдық тәсілдер жайлы жазылған тілдік зерттеулер көптеп кездеседі. Түркі тілдеріне ортақ теориялық мәселелер А.Н.Кононов, А.М.Щерба, И.А.Батманов, Н.А.Баскаков, Е.С.Малов, Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиева сынды ғалымдардың еңбектерінде талданды. Қазақ тіл ғылымында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, М.Томанов, Ә.Қайдар, Б.Сағындықұлы, Р.Әмір, Н.Оралбаева, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, Б.Қасым т.б. тілші-ғалымдардың ғылыми еңбектері қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің бағытын айқындап берді.

Грамматика – тілдің грамматикалық құрылымын, сөздердің түрлену жүйесін зерттейтін тіл білімінің ең үлкен саласы. Зерттейтін нысанына қарай грамматика екі салаға бөлінеді: *синтаксис және морфология. Морфология* – тілдегі сөздердің формасын, түрлену, өзгеру жүйесін зерттейді. *Синтаксис* –

тілдегі сөз тіркестерін, олардың байланысу амал-тәсілдерін, жай және құрмалас сөйлем құрылысын зерттейтін сала.

Қорыта айтқанда, тіл – құрылымдық және жүйелілік сипатқа не бір бүтін жүйе.

4 Тіл ғылымының өзге ғылым салаларымен байланысы. Жалпы ғылым атаулы екі топқа бөлінеді: *қоғамдық және жаратылыстану*. Тіл ғылымы қоғамдық ғылымдар қатарынан саналады. Тіл қоғамдық ғылым саласы ретінде өз мәселелерін *психология, физиология, логика, жаратылыстану* ғылымдармен байланыса отырып шешуге негізделген. Тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді, өйткені ол қоғамға қызмет етеді. Мәселен, психология адамның сөйлеу процесін, қабылдау, түсіну заңдылықтарын, сөз мағыналарын ауыстырып қолдану, сөйлеу мақсатына қарай сөйлем түрлерінің мәнін қарастыруда тіл психологияның көмегіне жүгінеді. Осылайша, тіл білімінде *психоллингвистика бағыты* қалыптасты.

Тарихи-салыстырмалы парадигма аясында тілдердің туыстастығы мәселесі, туыс тілдердің фоно-морфо-семантикалық жүйелерінің айырмашылығын негіздеу және тілдердің генеологиялық жіктелімін айқындау, жекелеген тілдердің тілдік табиғатын ашуды көздеген құрылымдық-жүйелілік парадигма шеңберінде тіл білімі ғылымының теориялық-методологиялық негіздемесі қаланды. Нәтижесінде іргелі ғылыми еңбектер жарық көрді. Дегенмен мұндай зерттеулердің тілдік жүйенің өз ішінде және өзі үшін ғана қарастырылуы тиіс деген тұжырымдамасы тіл ғылымының қоғамдық-әлеуметтік пәндермен байланысын әлсіретті.

Қазіргі тілдік зерттеулер адам баласының таным әрекетімен, ұлттық логикалық ойлау жүйесімен байланысты *болмыс – адам – мәдениет* үштігі контекстінде жүргізіліп келеді. Сол себепті қазіргі лингвистикалық зерттеулер *когнитивті және функционалды бағытта* жүзеге асырылуда.

Когнитивті бағыт негізінде *тілдік тұлға теориясы, ғаламның тілдік бейнесі, концепт және тілдік тұлға* сынды ғылыми теориялар негізінде *этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоконцептология, психоллингвистика, этнопсихоллингвистика, нейролингвистика, гендерлік лингвистика, онтолингвистика* сынды ғылым салалары қалыптасты. Көрсетілген бағыттар бойынша тілдік зерттеулер тіл және мәдениет, тіл және таным, тіл және этнос, тіл және сана, тіл және ұлттық сана аясында жүргізіледі. Нәтижесінде тіл ғылымында лингвистикалық зерттеулердің интеграциялық сипаты қалыптасты.

Бүгінгі күні қоғамның барлық саласында жана ақпараттық технологияларды қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. Соған орай, қазақ тіл білімінің жан-сапасы ретінде *қолданбалы лингвистиканың* зерттеу бағыты мен салалары

қалыптасып даму үстінде. Қазақ тіл ғылымында қолданбалы лингвистиканың теориялық және практикалық негізінің қалануына Қ.Бектаев, А.Жұбановтар көп еңбек сіңірді. Қолданбалы тіл білімі зерттеу нысанына қарай бірнеше ғылыми бағыттарға жіктеледі: *корпустық лингвистика, компьютерлік лингвистика, квантативті лингвистика, мәтін лингвистикасы* (мәтін бірліктерінің таңбалық сипаты қарастырылады).

Қазіргі қазақ тіл білімінде компьютерлік лингвистиканың негізгі бағыты мемлекеттік тілді қоғамның барлық саласында ғылым тілі ретінде қолдануға бағытталып отыр. Осыған байланысты қазақ тілші-ғалымдары тарапынан қазақ лексикографиясы саласы бойынша компьютерлік қор жасау, қазақ мәтіндері корпустарының компьютерлік базасын құрастыру ісі қолға алынды. Мәтін мазмұнын компьютер арқылы түсінуге мүмкіндік тудыратын тілдік бірліктердің (морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) мағыналарын формалды түрде анықтауға қатысты зерттеулер жүргізілуде.

Тілтанымның осындай көп бағыттағы кешенді зерттеулер жүргізуі антропоөзектік ұстанымдармен тікелей байланысты.

5 Тілдің шығуы жөнінде тілтанымда қалыптасқан теориялар. Тілдің шығуы туралы сұрақтар тілтанымда көтерілген болатын. Бұл мәселе грек ойшылдарының тілдің мәні туралы философиялық тұжырымдамаларымен тікелей байланысты. Тілдің шығуы жөнінде дыбыстық тілден бұрын ым тілі болған деген пікір тілші-ғалымдар арасында кеңінен таралған. Ым тілі – мидың қызметінде нейрофизиологиялық ауытқушылықтары бар адамдардың, яғни керен-мылқау адамдардың тілі болып саналады.

Адам тіліндегі сөздердің дыбыстық тұлғасы мен олардың мағынасы арасындағы байланыс мәселесі лингвистерді өте ерте заманнан бері қызықтырып келе жатқаны белгілі. Көне грек философы Гераклит пен Демокрит дыбысталған сөз бен оның мағынасы арасындағы байланыс жөнінде пікірталас жүргізген. Платон жекелеген дыбыстар мен аталған заттардың сипаттары арасында ассоциация, яғни байланыс бар деп есептеген.

Дыбысқа еліктеу теориясы (ономатопэтикалық теория) – тілдің шығуы жөнінде қалыптасқан теориялардың бірі. Бұл теория бойынша, тіл адамның қоршаған ортаның шығаратын табиғи дыбыстық белілеріне еліктеуден туған. Мәселен, желдің, құстың, жан-жануарлардың, судың шығаратын табиғи дыбысы т.б. Тілтаным жүйесінде дыбысқа еліктеу теориясы өз негізін грек философтары Демокрит, Платонның философиялық тұжырымдамаларынан бастау алады. Дыбысқа еліктеу теориясын жокқа шығаратын философтар мен тілші-ғалымдар кез келген тілде табиғи дыбысқа еліктеуден туындайтын сөздердің өте аз болуымен, сондай-ақ көптеген сөздердің о бастағы шығу негізін дыбысқа еліктеу теориясымен түсіндіруге келмейтіндігін дәйектейді.

Бұл теория кейінгі тілдік зерттеулерде дыбыстық символизм ретінде кеңінен таныла бастады. Ұсынылған теория дыбыс пен мағынаның арасындағы

табиғи байланысты мойындаудан туындаған. XX ғасырдың 50-80 жылдары аралығында бұл бағыттағы зерттеулер дыбысқа еліктеу, дыбыстық символизм мәселесін ым-ишарат тілімен бірге тілдің шығуында аса маңызды қызмет атқарғандығын айқындайды. Қазіргі таңда әлемдік тіл білімінде жаңа бағыттар көп болғанмен, сонау көне дәуірден бастап басы ашылмай, нақты шешімін таппай келе жатқан мәселелер бар. Олардың ішінде ең күрделісі – дыбыс пен мағынаның өзара байланысы.

Тіл білімінде XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап пайда болған фоносемантика бағыты С.Воронин, А.Журавлевтің есімімен байланысты. С.Воронин ұсынған фоносемантикалық талдау әдісі И.Братусь, О.Казакевич, Т.Койбаева, А.Афанасьев, Е.Кузнецова, Э.Вельди, И.Мазанав, Л.Лихоманова, К.Құсайынның зерттеу еңбектерінде қолданылды. К.Құсайынның «Дыбысбейнелеуіштік теориясының негіздері» атты ғылыми монографиясында казак тіліндегі дыбысбейнелеуіш сөздерді фоносемантикалық аспект тұрғысынан талдау негізінде 9500-ден астам бейнелеуіш түбір және негіз дериватив сөздердің, қырықтан астам туыс және туыс емес тілдердің (түркі, тұңғыс-манчжур, үндіеуропалық, семиттік тілдер) негізінде салыстырмалы-типологиялық түрде зерттеледі. Нәтижесінде сөздердің тілдік және типологиялық сәйкестіктер айқындалып, дыбыстардың астарлы табиғаты психолингвистика теориясы қағидалары негізінде сарапталады.

Тілдің шығуы жөнінде жүргізілген зерттеу нәтижелерінің түйіні ретінде В. фон Гумбольдт ұсынған тұжырымы алынады. В.фон Гумбольдттың тұжырымы бойынша, адамзат баласының ішкі қажеттілігі оның тілінің шығуына негіз болған. В. фон Гумбольдт тілдің шығуы жөнінде кеңінен қарастырылған «қоғамдық келісім теориясын» жокқа шығарды. Қоғамдық келісім теориясының негізін салушылар – Ж. Руссо, А.Смит және т.б. Қоғамдық келісім теориясы бойынша, қоғамдағы адамдар бір-бірімен келісе отырып, болмыстағы әр затқа құбылысқа, іс-әрекетке атау берген. Негізінен бұл теория іске асуы үшін сол адамдар өмір сүрген қоғамға бұрыннан қандай да бір тіл қызмет етуі керек деген тұжырым өзінен-өзі келіп шығады. Дегенмен, тілдік жүйедегі арнаулы ұғым атауларының тілші-мамандар мен салалық мамандардың өзара келісімімен жасалатыны белгілі. Сондықтан бұл теорияның лингвистикалық негізін жокқа шығаруға болмайды.

Тілдің шығуы жөніндегі «одағай теориясы» – адамның сезімі, көңіл-күйі шартты рефлекс (еріксіз түрде) негізінде шығаратын дыбыстық ишараттар негізінде тіл пайда болған деп түсіндіреді. Бұл теорияның негізін қалаушы – К.Кудрявский болса, оның жақтаушылары ретінде В. фон Гумбольдт, Г.Штейнталь, Я.Гримм есімдерін атап өтуге болады. Одағай теориясы тілдік жүйедегі *ау, әй, моһ-моһ, тәйт, бәрекелді, ойбай, астапыралла, әттеген-ай, қап, оһо* сынды одағай сөздерге негізделген. Одағай сөздер зат туралы, оның сыны мен санын, іс-әрекеті мен қимыл-қозғалысын атап білдірмейді. Кез келген

тілдік жүйеде есім сөздер мен етістіктер одағай сөздерге қарағанда басымдық танытады және мұндай сөздердің сөзжасамдық сипаты да жоғары болып келеді. Тілдік коммуникацияда сөйлеушінің көңіл-күйін білдіру арқылы ондағы негізгі мағынаны толықтырып, күшейтіп отырады, өзге сөздермен грамматикалық қатынасқа түспейді.

Тілдің шығуы жөнінде қалыптасқан келесі теория – *еңбек айқайы* теориясы. Бұл теорияның негізін қалаушы – Л.Нуаре, К.Бюхер. Ұсынылған теория бойынша, тіл алғашқы адамдардың бірігіп еңбек ету процесінде туған, осы идеяны ары қарай дамыта түскен К.Бюхер тілдің негізін ұжымдық, яғни «еңбек үстіндегі айқайлардан» шыққан деп тұжырымдайды.

Ф.Энгельстің тұжырымдауына, тілдің шығуы мен алғашқы адамдардың бірігіп еңбек ету процесі, еңбек ету барысында адам санасының дамуы тығыз байланысты. Еңбек ету процесінде, бірігіп өмір сүру жағдаяты адамдардың бір-бірімен тілдік қатынас жасау қажеттілігін туғызған. Психологиялық тұрғыдан алғанда, тіл адам мен қоршаған орта арасындағы байланысты құрайды, тілсіз болмысты танып білу процесі жүзеге аспайды.

Қазіргі тіл ғылымында, шет тілі ғылымында адамзат тілінің ерекшеліктерін оның туыс тілдерімен салыстырғанда, психофизиологиялық механизмдермен байланыстыру туралы пікірі басымдық танытуда. Психофизиологиялық тұрғыда тілдің шығуы еңбектің дамуы мен қоғамдық қатынастың неғұрлым күрделене түсуінің арқасында қарым-қатынас процесі мен функционалды жүйелердің қамтамасыз етілуі болып табылады.

Әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы, 1992.
- 2 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 2013.

Қосымша әдебиеттер:

- 1 Қалиев Б. Тіл біліміне кіріспе (оқу құралы). – Алматы, 2009.
- 2 Аханов К. Тіл білімінің негіздері (оқу құралы). – Алматы, 2002.
- 3 Звегинцев В.А. Очерки по общему языкознанию. – Москва, 1962.
- 4 Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. – Москва, 1963.

♦ Тапсырма:

- 1 Тіл жеке ғылым саласы ретінде гуманитарлық ғылымдар қатарына жататындығын түсіндіріңіз. Тілдің өзге ғылым салаларымен байланысын айқындаңыз: психология, тарих, этнография, әдебиеттану т.б.
- 2 Тіл білімінің жаратылыстану ғылымдарымен байланысын айқындаңыз: антропология, адам физиологиясы, математика т.б.

- 3 Теориялық және қолданбалы тіл білімінің арақатынасы туралы баяндаңыз. Тілді зерттеудің теориялық және практикалық маңызын айқындаңыз.
- 4 Тіл білімінің негізгі тарауларын, олардың зерттеу нысанын сипаттаңыз.
- 5 Фонетика және фонология, грамматика: морфология және синтаксис лексикология және лексикография, сөзжасам, диалектология, стилистика ономастика ғылымының зерттеу мақсаты мен міндеттерін сипаттаңыз.

◆Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

- Қоғамдық шарттасу теориясының мәні неде?
- Ойлау мен тілдің туындауының әлеуметтік мәні неде?
- Неліктен тілдің шығуы мәселесі кешенді зерттеуді талап етеді?
- Ф.Энгельстің тілдің шығуы туралы ұсынған теориясының мәні неде?
- Ойлау мен тілдің пайда болуының биологиялық алғышарттары қандай?
- Нақты тілдің шығуы мен адамзат баласының сөйлеу тілінің қалыптасуының ерекшелігі неде?
- Неге дыбыстық тіл ғана алғашқы адамдардың толыққанды тілдік қатынас құралына айналды?
- Дыбысқа еліктеу теориясы мен одағай теориясының қоғамдық теориялардан айырмашылығы неде?
- Нуаре, Бюхер, Плеханов ұсынған еңбек айғайы теориясының тілдің шығуы жөніндегі еңбек теориясынан негізгі ерекшелігі неде?

СӨЖ тақырыптары:

- 1 Таным процесі мен ғалам бейнесін қалыптастырудағы тілдің рөлі.
- 2 Қазіргі қазақ тіліндегі имитатив теориясы және фоносемантика мәселесі.
- 3 Тіл және психология, тіл және мәдениеттану ғылымдарының байланысы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1 Леонтьев А. Основы психолингвистики. –Москва, 2003.
- 2 Копыленко М. Основы этнолингвистики. –Алматы, 1995.
- 3 Залевская А. Введение в психолингвистику. –Алматы, 1999.
- 4 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы, 1998.
- 5 Ақбердиева Б. Когнитивтік лингвистика (оқу құралы). –Алматы, 2009.
- 6 Ибраева Ж. Психолингвистика негіздері (оқу құралы). –Алматы, 2010.
- 7 Құсайын К. Дыбысбейнелеуіштік теориясының негіздері. –Алматы, 2009.
- 8 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. - Алматы, 2008.
- 9 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. - Алматы, 1986.

10 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994.

1– дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

§ 1 Тіл – жеке ғылым нысаны

Тілші-ғалымдар тарапынан тілге берілген анықтамалар өте көп. Осы пікірлердің негізінде тілші-ғалымдардың ұстанған лингвистикалық бағыты мен әдіс-тәсілдері туралы біраз ақпарат алуға болады. Мұны ғылыми тұжырымдар негізінде дәйектеуге болады. Тілге берілген бұл анықтамалар ХІХ ғасырда негізгі деп танылған ғылыми тұжырымдамалар болып табылады. Мәселен, неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт былай дейді: «Тіл – ойды қалыптастыратын ағза». Ал неміс тілші-ғалымы А.Шлейхер: «Тіл – ойдың сыртқы дыбыстық қабығы. Тілдің дамуының басқа жанды организмдердің дамуынан ешқандай өзгешелігі жоқ», – дейді.

Мәскеу лингвистикалық мектебінің негізін қалаушы академик Ф.Ф.Фортунатов: «Тіл–сөзден құралады, ал сөз ұғым бен ой-сезімді жеткізудің дыбыстық таңбасы болып табылады», – деп тұжырымдайды.

Тіл – жергілікті дыбыс зерттеулердің терендеуі, тілдің ішкі құрылымдық-жүйелілік жүйесін тану, тілдің өзге ғылым салаларымен байланысы сынды мәселелердің көтерілуі ХХ ғасырда тілге берілген анықтамалардың жаңаша көзқарастармен толығырақ түсуіне негіз болды. Дат ғалымы Отто Есперсен: «Тіл – адамның ойы мен сезімін жеткізу мақсатында жұмсалатын интеллектуалды әрекет», – десе, әйгілі америкалық лингвисті Эдуард Сепир былай дейді: «Тіл – адамзат баласының ойын, сезімін, идеясын, мақсат-тілегін еркін түрде жеткізуге болатын символдар жүйесі». Француз лингвисті Жозеф Вандриес: «Адамдардың бір-бірімен тілдік қатынас жасау қажеттілігі туған кезде тіл пайда болған. Сол себепті тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Тіл әлеуметтік сипатты адам баласының ой-санасы жеткілікті дәрежеде дамыған, соған сәйкес тілді өз дәрежесінде пайдалана алатындай жағдайға жеткен кезде ғана неленеді», – дегенді айтады. «Тіл – ұжымның қажеттілігінен туған, еңбек ету процесінде адамдардың өзі жасаған жемісі» – дейді Ф.Энгельс.

§ 2 Тілдің шығуы

2. Тілдің шығуы туралы қазіргі және өткен кезең ойшылдарының, тілші-ғалымдардың пікірлерін салыстырып, ұстанған теорияларының мәнін айқындаңыз.

Первоначально люди жили, говорят, неустроенной и сходной со зверем жизнью, выходили на пастбища и питались вкусной травой и древесными плодами. При нападении зверей нужда научила их помогать друг другу, и собираясь вместе от страха, они начали постепенно друг друга узнавать. Голос их был еще бессмысленным и нечленораздельным, но постепенно они перешли к членораздельным словам и, установив друг с другом символы для каждой вещи, создали понятное для них самих изъяснение относительно всего. А так как такие объединения имели место по всему миру, то язык оказался не у всех равнозвучным, поскольку каждые случайным образом составляли свои слова: отсюда разнообразие в характере языков, а первоначально возникшие объединения положили начало всем племенам.

... Глаголы, слова действия – самая необходимая составная часть всех языков, так как язык порожден трудом, всегда сопутствовал ему; человеческий совместный труд составляет исконное смысловое содержание всех практорней... предметы попадают в орбиту по мере того, как они приходят в соприкосновение с совместной трудовой деятельностью, испытывают ее воздействие: как иначе было возможно общее воззрение и произвольное обозначение вещей?

Только совместная работа дает удовлетворительное объяснение этих важнейших явлений. Она характеризуется основным признаком языка – общностью; это не тонкий струящийся случайный луч, каким является ономатопозитика – изображающие рефлексивные звуки Штейнталя – или же подражание хищному зверю, как считал Дарвин, или же пантомимика, по мнению Гейгера; все это слишком несущественно и никак не могло породить человеческий язык – столь важное образование, сросшееся в своем неуклонном развитии с коллективным бытием человека и его духовной жизнью; это живой, непрерывно действующий источник, так как к труду, к совместной деятельности всегда обращалось древнейшее человеческое стадо (*Нуаре Людовиг. Происхождение языка, 1887 // Кондрашов и др. Сборник задач и упр...*)

Язык как социальное явление мог возникнуть только тогда, когда мозг человека был уже достаточно развит, чтобы пользоваться языком. Два человеческих существа могли создать язык для своего пользования только потому, что они были уже готовы к этому. С языком дело обстоит так же, как и с другими человеческими изобретениями. Часто спорили о том, был ли при возникновении один язык или их было много. Этот вопрос не представляет никакого интереса. В тот день, когда ум достаточно развит, открытие происходит само по себе в нескольких точках одновременно: оно в воздухе, как принято говорить, его появление предчувствуется, как осенью падение зрелых плодов.

Психологический лингвистический акт состоит в том, чтобы придать знаку символическую значимость. Этот психологический процесс отличает язык человека от языка животного. Неправильно противопоставлять один из них другому, говоря, что второй – это язык естественный, а первый – искусственный и условный. Человеческий язык не менее естественен, чем язык животных, но человеческий язык принадлежит к более высокому порядку явлений в том смысле, что человек, придав знакам объективную значимость, может ее изменять до бесконечности благодаря ее условности. Различие между языком и языком животного лежит в оценке природы знака.

Собака, обезьяна, птица понимают себе подобных; у них есть крики, жесты, песни, соответствующие состоянию радости, испуга, желания, голода; некоторые из этих криков так хорошо приспособлены к специальным нуждам, что их почти можно перевести фразой на человеческий язык. И все же животные фраз не произносят. Они не могут изменять элементов своего крика, как бы последний ни был сложен, как мы меняем наши слова, являющиеся в фразе элементами, способными замешать друг друга.

Птица испускающая крик, чтобы привлечь руку, дающую ей корм, не произносит своего крика как язык. Этот крик животного предполагает неразрывное соединение знака и обозначаемой им вещи. Для того, чтобы эта связь разорвалась и знак приобрел значение, независимое от своего объекта, нужен психологический процесс, являющийся исходной точкой человеческого языка (*Вандриес Ж. Язык. Лингвистическое введение в историю. – М., 1937. С.24-25*).

Дыбысбейнелеуіштіктің ертеден-ак зерттеліп келе жатқандығы мәлім. Тілдің шығуы, оның мәні туралы адамдардың алғашқы аңғырт түсініктерін әр халықтың мифтерінен көруге болады. Көне замандардағы ойлау бойынша сөз атау ретінде затпен жіксіз байланысты, оның ерекшеліктерін көрсетуші, магиялық орнын басушы болып табылады.

Ежелгі үнділік ведалардан да дыбыс пен мағынаның байланысы туралы мәселенің қарастырылғанын кездестіруге болады. Ертедегі үнділер зат пен оның атауының арасында о бастан-ақ байланыс бар екендігіне кәміл сенді. Гераклит өзінің философиялық тұжырымдамасында ұғым мен олардың атауларының арасындағы байланысты атап көрсетті. Тілдің табиғи шығуы туралы теорияға қарсы болған Демокрит керісінше пайымдады. Ол көптеген сөздердің көпмағыналылығын айта отырып, бұған кейбір заттардың сансыз көптігі дәлел болатындығын, кейбір сөздерде мағыналар даму үстінде болса, ал кейбір заттардың атаусыз қалғандығын атап көрсетеді. Сол себепті Демокрит: «... тілді жасаған адам санасының алжасуының салдарынан заттарға атаулары сәйкес келмейді», – деп тұжырымдады. Ал Платон болса, заттардың өзіндік жеке табиғаты бар, сондықтан оларға біз өзіміздің еркіміз бойынша жай қарауға,

ойымызға келген атаулармен атауға болмайды, «атау – сол заттың идеясы дыбыс арқылы жеткізу, жүзеге асыру», – деп көрсетеді.

Қазіргі ғалымдар жасаған дыбысбейнелеушілік теориясының негіздері жана тілтанымдық пән – фоносемантиканы қалыптастырды. Ол дыбыс еліктеуді және дыбыстық символизмді бірыңғай дыбысбейнелеуші жүйеге біріктіріп «тілдік шындыққа, тілдік таңбаның және жалпы тілдің табиғаты мен шығу жолына жанаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді (Хұсайын К.Ш. *Дыбысбейнелеушілік теориясының негіздері.* –А., 2009).

Происхождение человеческой речи (глоттогенез), вообще, и языка отдельно взятой этнической группы, в частности, всегда было и остается самым животрепещущим вопросом науки разных направлений, но не получившим своего окончательного разрешения, хотя на этот счет имеется в науке множество различных теорий и постулатов. Так, например, один из постулатов объясняет этот феномен божественным происхождением самого Человека, т.е. Адама и Евы, с его готовым языком, другой объясняет это результатом становления сознательного человека (Homo Sapiens) от человекообразного обезьяна (Дарвин), т.е. в результате коренной перестройки произносительно артикуляционного аппарата, третий – следствием биологического и географического фактора, т.е. образования региональных языков, на различных точках Земного шара; четвертый – на основе естественного процесса языкотворчества (В.М.Иллич-Свитыч), пятый – на основе четырехэлементно-яфетической теории происхождения языка (Н.Я.Март), шестой – на основе теории имитатива, предполагающей возможности образования языка на основе звукоподражаний (Н.И.Ашмарин) и др. (*Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке.* С.9).

UNREGISTERED COPY OF SCANPADYRUS

Дәріс 2 Тілдің табиғаты, қоғамдық мәні және атқаратын қызметі

Дәріс жоспары:

- 1 Тіл табиғаты жөніндегі натуралисттік бағыт.
- 2 Тіл табиғаты жөніндегі психологиялық бағыт.
- 3 Тіл – әлеуметтік сипатқа ие, қоғамдық құбылыс.
- 4 Тілдің таңбалық сипаты, тілдік таңбаның түрлері.
- 5 Әлеуметтік лингвистика және оның зерттеу нысаны.
- 6 Жасанды тілдер және олардың түзілуі мен қолданысы.
- 7 Тілдің қоғамда атқаратын негізгі және қосымша қызметтері.

1 Тіл табиғаты жөніндегі натуралисттік бағыт. Натурализм жеке бір ағым ретінде ғылымда XIX ғасырдың II жарт. Дарвин ілімінің әсерінен пайда болды. Тіл біліміндегі натурализм бағыты Ресей Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Август Шлейхер есімімен байланысты. А.Шлейхер – салыстырмалы тіл білімінде тарихи әдісті қалыптастырушылардың бірі, тілдердің типологиялық және генеологиялық ұқсастықтарын талдаушылардың бірі.

А.Шлейхер тіл біліміне біршама қате концепциялар да ұсынған болатын. Оның ішінде көзқарасында тіл тіл біліміне натуралисттік көзқарасты енгізуі. А.Шлейхердің түсіндіруінше, тіл де табиғи ағза сияқты басқаларға тәуелсіз, өз бетінше өмір сүреді; ол да туады, өседі, қартайды; табиғи организм болғандықтан, тіл жаратылыс заңына бағынады, сондықтан тіл білімі жаратылыстану ғылымдар тобына жатады, соның бір саласы.

А.Шлейхер тілдің мәні жөнінде мынадай концепцияны ұстанады:


- тіл – ойды қалыптастыратын құрал;

- тіл – жаратылыс организмдері ішіндегі ең жоғары организм.

Тілдің ойды қалыптастыратын негізгі құрал екендігі белгілі, алайда тілдің қоғамда атқаратын *коммуникативтік қызметі* туралы ештеңе айтпайды. Сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысы, синтаксистік қатынасының жүзеге асуына байланысты дүние жүзіндегі тілдерді А.Шлейхер *түбір тіл, қонармалы тіл және жалғамалы тіл* деп үш түрге жіктей отырып, мұны тіл дамуының үш түрлі сатысы деп көрсетеді.

2 Тіл табиғаты жөніндегі психологиялық бағыт. Тіл білімінде психологиялық бағыт XIX ғ. орта кезеңінен бастап қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушы – неміс ғалымы Г.Штейнталь. Г.Штейнтальдың көзқарасын А.Потебня, В.Вундт, Г.Пауль қолдады. Г.Штейнтальдың тіл мәселелерін психологияның заң ережелеріне негіздеп шешетін концепциялары «Грамматика, логика, психология және бұлардың принциптері мен өзара қарым-қатынастары» (1855), «Психология мен тіл біліміне кіріспе» (1881), «Тілдің

шығуы» (1851) деген еңбектерінде баяндалған. Бұл еңбектерінде Г.Штейнгал тілдің өзіндік сырларын жеке адамның психикалық күйі, сөйлеу әрекеті зерттеу арқылы ашпақ болады. «барлығының негізі – адам психикасы» дейді. Тіл біліміне натуралистік көзқарасты енгізушілер Дарвин іліміне сүйенсе психологиялық көзқарасты жақтаушылар XIX ғасырдың көрнекті психолог Герберт ілімін басшылыққа алады. Лингвистикалық психологизм өкілдер тілдік құбылыстарды жеке адамдардың психикалық ерекшеліктеріне, оларды ой-санасындағы өзгеріс-құбылыстарға тәуелді етеді. Олардың айтуынша тілдегі заңдылық, ондағы өзгерістер қоғам мүшелеріне, қоғамның дамуын байланысты емес, қоғамнан бөлініп алынған жеке адамға, соларды психикасына, тіліне, ойлау дәрежесіне байланысты, соған тәуелді. Жалпы алғанда, халық тілі, қоғам тілі деген жалған сөз. Тіл – жеке индивидуумдікі. Сондықтан тіл білімінің міндеті – индивидуумның тілін зерттеу. Жеке индивидтердің тілін, психикалық құбылысын зерттеу арқылы тұтас халықтың ұлттың рухани өмірінің заңдылығын ашуға болады. Психологиялық көзқарастардың бұл түрі тілдің қоғамдық мәнін жоққа шығаратын «индивидуалистік психологизм» деп те аталады. Индивидуалистік психологизм бағытын ұстанушы Г.Пауль: «Әрбір индивидуумның өзіндік тілі, ол тілдерді әрқайсысының өзіндік тарихы бар дейтін қағида талас туғызбайтыны шындық. Біздер қанша индивидуум болса, сонша тілдің болатындығын ажыратуымыз керек», – дейді (1.24).



Кесте 2. Тіл білімі тарихындағы лингвистикалық психологияның бағыттары

Әлеуметтік психологизм өкілдері индивидуалистердің «ақиқат бар нәрсе тек индивидуумдар тілі ғана» дейтін қағидаларына қарсы: «тіл – әлеуметтік сипатқа ие, оны туғызушы да, қолданушы да жалпы халық, қоғам» дегенді айтады. Әлеуметтік социологизм бағытын негіздеушілердің бірі И.А.Бодуэн д Кюртенэ «Адамзат тілінің мәні тек қана психикалығында. Тілдің өмір сүру дамуы таза психикалық заңдармен шарттас» дей келіп: «Тіл тек адам қоғамында ғана бола алатындықтан, біз онда психикалық жақтың барлығымен қата әлеуметтік сипаттың барлығын да әрқашан естен шығармауымыз керек. Тіл біліміне тек индивидуалдық психология ғана емес, сонымен қатар социология да негіз болады», – деп жазады (2,56).

Қазіргі лингвистикалық психологизмнің үлкен бір тармағы Америка лингвистикасынан берік орын алып отыр. Америка психолінгвистері тіл білімінің негізгі міндеті – тілдік сигналдарды кодқа түсіру, сөйлеу әрекеті, сөйлеу тілінің туындауы мен қабылдануы, ақпаратты қабылдау, оны түсіну процестерін зерттеумен шұғылдану дегенді айтады. Кеңестік психолінгвистикалық мектептердің негізін қалаушы А.Леонтьев жана ғылым саласының пайда болуын адамзат қоғамының дамуымен, оның ішінде, адамның жасанды интеллектуалды әрекеттердің, ғылыми танымның даму қажеттіліктерімен байланыстырады. Интеллектуалды әрекеттің жоғарғы психикалық қызметін атқарушы сөйлеу әрекеті және ойлау процесін жүзеге асырушы құрал ретінде тіл жүйесі XIX–XX ғғ. психологтар мен лингвистердің айрықша назарына ілінген мәселелер болатын. Осылайша, психолінгвистика – адамның сөйлеу әрекетін, сөйлеу коммуникациясы мен индивидуалды сөйлеу, сөйлесу, ойлау әрекеттерін психологиялық және лингвистикалық аспект тұрғысынан зерттейтін ғылым саласы ретінде өткен ғасырдың 50-жылдары екі ғылыми ілімнің, лингвистика мен психология ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде пайда болған.

Қазақстандағы психолінгвистика салыстырмалы түрде қазақ тілтанымында енді ғана қалыптасып келе жатқан жас ғылым саласы болып табылады. Қазақ тілтанушыларының саласында Ә.Сүлейменова, Т.Аяпова, З.Ахметжанова, Б.Хасанов, Н.Шаймерденова, Л.Екшембеева, Г.Мәдиева, Ә.Шаяхметова сияқты тілші-ғалымдар қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерту; билингвизм жағдайында балалар тілінің даму ерекшеліктері; тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшеліктері, сөйлеу тілінің патологиясы бойынша өз зерттеулерін жүргізуде.

3 Тіл – әлеуметтік сипатқа ие, қоғамдық құбылыс. Тіл мен адамзат қоғамының пайда болуында тікелей байланыс бар. Өйткені тіл адамзат қоғамына ғана қызмет етеді, қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Тілдің өмір сүруі мен дамуы жеке тұлғаның сөйлеу әрекетімен байланыста түсіндіріледі. Белгілі бір қоғамға қызмет ететін тілдік жүйе сол қауымдастық өкілдерінің сөйлеу әрекетін жүзеге асырса, сөйлеу әрекеті тілдік жүйенің дамуына өзіндік ықпалын тигізеді. Тілдің шығуы мен дамуы, оның қоғамда атқаратын қызметі, қоғамның әлеуметтік топтарға жіктелісіне сәйкес тілдің әлеуметтік жіктелімі, қоғамның тілге әсер етуімен байланысты қалыптасқан көптілділік, көптілділік, мемлекеттік тіл, шет тілдердің хлықаралық сипат алуы – бәрі де тілдің қоғамдық табиғатымен байланысты.

4 Тілдің таңбалық сипаты. Семиотика – таңба туралы жалпы теориялық ғылым. Семиотика ғылымы тілдік таңбалар, шартты таңбалар, көмекші таңбалар болсын хабар беруші, коммуникативтік қызмет атқарушы тұлғалар

ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік таңбалар жүйесін зерттейтін ғылым саласы ретінде лингвистикалық семиотика қалыптасты.

Лингвистикалық семиотиканың зерттеу нысаны – тілдің таңбалық сипаты тілдік таңба мен шартты таңбаның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін айқындайды. Тілдік таңба сезім мүшелері арқылы қабылданады, бір нәрсе жайын хабарлайды, коммуникативтік қызмет атқарады, белгілі бір мағынаға, мазмұнға бағытталады, онымен шартты қатынаста болады, өзі білдіретін мағынамен қатынасы еркін болады, олардың арасында табиғи байланыс болмайды.

Белгілі нәрсені білдіру, хабарлау қызметін атқарып тұрған материалды көрсеткіш таңбалаушы сипатты, сол таңбаның ішкі мазмұны таңбалаушы сипатты иеленеді. Семиотикалық әдебиеттерде таңбаның негізгі және жасанды түрлері көрсетіледі. Негізгі таңбалар қатарына тілдік таңбалар жатады. Тілші ғалымдар тілдік таңбаны «барлығын да айтуға келетін» (А.Мартин), «барлық басқа семиотикалық таңбаларды аударуға болатын» (Л.Ельмслев), «барлық типтегі таңбалардың оркестрі» (Т. Милевский) деп санайды.

Тілдік таңбалар қатарына фонема, сөз, морфема, сөз тіркесі және сөйлем жатады. Дыбыс – тілдің ең кіші материалды бөлшегі. Дыбыс жеке тұрғанда мағынасыз болады, сондықтан екі жақты қатынаста қазіргі қазақ тіліндегі сөз болмаса, өзі таңбалық қызмет атқара алмайды. Морфема – атауыштық мәні бар лексемалар мен фонемалар арасындағы аралық категория. Ол – тілді структуралық тұлғасы, бірақ хабаршы таңба бола алмайды. Сөйлеу сөйлемнен сөйлемдер еркін сөз тіркесінен құралады. Сөйлем – сөйлеудегі, пікір алысудағы ең негізгі және бірден-бір коммуникативтік тұлға саналады.

Көмекші таңбаларды материалдық сипаттарына қарай төмендегідей түрлерге бөлушілік бар: графикалық таңбалар, акустикалық таңбалар, затты таңбалар, ақша таңбалары, сәуле таңбалары.

Ымдау, нұсқау, таңбалары. Семиотикалық таңбалардың күрделі бір саласы – ымдау, нұсқау, яғни әр түрлі дене қимыл-қозғалыстары арқылы белгі беріп, бір нәрсені хабарлау, түсінісу әрекеттері. Ғылыми әдебиеттерде семиотикалық таңбалардың бұл түрі *ым-шарат тілі* деп те аталады.

5 Әлеуметтік лингвистика және оның зерттеу нысаны. Адамзат баласының тілдік қатынас жасау барысында әлеуметтік ортаның ықпалы өткір үлкен. Олай дейтін себебіміз, әр адам баласының сөйлеу әрекетінде оның жағдайы, білім деңгейі, мәдени ұстанымы, жыныстық ерекшелігі, сөйлеу жағдайлары үлкен роль атқарады. Тілдің табиғаты, қоғамдық және әлеуметтік сипаты, тіл және қоғам, тіл және ойлау, тіл және сөйлеу, тіл және мәдениет, тілдің антиномиясы, тілдің дамуы, қостілділік, мемлекеттік тіл, тілдік қатынастар, тіл саясаты – әлеуметтік лингвистиканың зерттеу мәселелерінен саналады.

Әлеуметтік лингвистика – тіл білімі және әлеуметтік психология *этнография ғылымдарының* тоғысында қалыптасқан тіл білімінің саласы

Әлеуметтік лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны – тілді функционалды аспект тұрғысынан зерттеу, тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік қызметі, тілдің қарым-қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, койне, пиджин тілі); тілдің әлеуметтік сипаты (жаргон, арго, кәсіби тіл, билингвизм, диглоссия, мультилингвизм процестері); қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық факторлардың тілге ықпалы. Сондай-ақ, әлеуметтік лингвистика тілдің өмір сүру формасынан туындайтын тілдік жағдаят мәселесін, тіл мен мәдениеттің байланысын, тілдік саясат мәселесін қарастырады. Түрлі сөйлеу жағдаяттарына байланысты (үйде, кенседе, жұмыста, емханада, жиналыста, мектепте, базарда, дүкенде, көшеде т.б.) сөйлеу тілі де құбылмалы болып отырады. Сөйлеу тіліндегі барлық тілдік ерекшеліктерді қарастыру әлеуметтік лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Әлемдік лингвистикада әлеуметтік тіл білімінің қалыптасуы 1960-1970 жылдары Азия, Африка, Орталық және Оңтүстік Америка мемлекеттеріндегі тіл саясаты мен тілдік жоспарлау мәселесіне көңіл аударумен байланысты қалыптасқан деуге болады. 1960-1970 жылдары тіл саясаты мен оның практикалық мәселелерін қазіргі қоғам талабына сай шешудің өзектілігі, қоғамдық құбылыс ретінде тіл табиғатын тереңірек зерттеу мақсатына байланысты тілдің әлеуметтік мәселелеріне қызығушылықты арттырғаны сөзсіз.

Кенестік тіл білімінде әлеуметтік зерттеулердің негізі ХХ ғасыр 20-30 жылдары қаланған болатын. Әлеуметтік тіл білімінің қалыптасуына А.Мейе, Е.Поливанов, Л.Якубинский, В.Виноградов, Б.Ларин, В.Жирмунский, Р.Шор, Н.Чемоданов, В.Матезиус, Б.Гавранек, Й.Вахек, Т.Фрингс, Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Уорф сынды ғалымдар өз үлестерін қосты. Сонымен қатар кенес тіл білімінде әлеуметтік лингвистиканың қалыптасып дамуына В.Аврорин, Г.Степанов, А.Швейцер, В.Бондалетов, А.Домашнев, Л.Никольский, Ю.Дешериев; ал қазақ тіл білімінде Б.Хасанұлы, М.Копыленко, А.Карлинский, М.Исаев, Э.Сүлейменова, З.Ахметжанова, С.Сайна, Н.Шаймерденова, О.Алтынбекова, А.Абасилов, Г.Суюнова, С.Асанбаева, Д.Қасымова, Г.Алдабергенова, Г.Әлімжанова ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ қоғамында туындаған тілдік жағдаят, тіл саясаты мен оның өзіндік бағыттары арнайы зерттелді. 1992 жылы Б.Хасанұлы «Ана тілі – ата мұра» атты еңбегінде алғаш рет ана тілі категориясын әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талдап көрсетті. Тілші-ғалым өз еңбегінде ана тіліне мынадай анықтама береді: «Ана тілі дегеніміз күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның

төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарын (жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелде және жан-жақты қызмет ететін ұлтшілік қатынас құралы (3, 25). Б.Хасанұлы көстілділіктің табиғатына талдау жасай келіп: «Көстілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдеріне, бүкіл қоғамның әр түрлі жағдайда екі тілді кезек немесе қатар қолдануы», – деген анықтама береді (3,132).

Б.Хасанұлы осы еңбегінде бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қызмет етуі мен дамуын қоғамдық өмір салаларында қолданылу жағдайларын сөз ете келе, мемлекетті тілді дамытудың принциптерін айқындап берген болатын. Бұл принципте мемлекеттік тілді жоспарлы түрде мекеме, ұйым, кәсіпорындардың қарым қатынас құралына айналдырып, іс қағаздарын жүргізуге пайдалану, мемлекеттік тілді қаржыландыру мәселесі мемлекеттік тілді оқыту ісін кадрлармен, оқу құралдарымен толық қамтамасыз ету мәселесі болатын (3, 219-220 бб.). Сондай-ақ, қазақ тілі білімінде әлеуметтік тіл білімі мәселесі бойынша М.М.Копыленко мен С.Т.Саинаның «Функционирование русского языка в Казахстане» және М.М.Копыленко мен З.К.Ахметжанованың «Фонетическая интерференция русской речи казахов», «Лексическая и морфологическая интерференция русской речи казахов» ғылыми зерттеу еңбектерін атап өткен жөн. Бұл еңбектерде қазақ халқының екінші тіл ретінде орыс тілін қолданудағы фонетикалық, лексикалық және морфологиялық қателіктері зерттелді. Сонымен қатар М.Копыленконың «Государственный язык и официальный язык (опыт разграничения понятий)», «Общее языкознание, социолингвистика, психолингвистика в Республике Казахстан: тенденции и перспективы развития специальности»; А.Е.Карлинскийдің «Двуязычие и межэтническая коммуникация»; Э.Сүлейменованың «Языковая ситуация в Казахстане: оценка, эффективности языкового планирование» атты іргелі зерттеу еңбектерін атап өткен жөн. Мәселен, Э.Сүлейменова мен Н.Шаймерденованың 2002 жылы шыққан «Словарь социолингвистических терминов» атты сөздігінде әлеуметтік лингвистиканың теориялық мәселелеріне, зерттеу бағыттарын әдіс-тәсілдеріне қатысты 400-ге жуық терминнің ғылыми дефинициясы ашылған.

Әлеуметтік лингвистика өз зерттеулерінде мынадай әдістерді пайдаланады: тікелей бақылау, сауалнама өткізу, сұхбат жүргізу (ақпарат берушіні еркін әңгімеге немесе белгілі бір бағдар ұстауға бағыттау), зерттеу мәліметтерінің корреляциялық талдауы (әлеуметтік және тілдік мәліметтерді арнайы кестелерді түсіру). XIX ғасырда тілдің әлеуметтік табиғатына П.Лафарг, А.Мейер, А.Соммерфельт көңіл аударса, ал XX ғасырда Прага структурализмі, Женев

мектебінің өкілдері өз зерттеулерінде *анкета арқылы байқау, интервью алу, статистикалық әдістерін* қолданған.

6 Жасанды тілдер және олардың түзілуі мен қолданысы. Жасанды тілдер – қолдан халықаралық қарым-қатынас құралын жасау әрекетінің нәтижелері. Жасанды тілдерді түзу мәселесі XVII ғасырда әлем халықтарының тілдік қарым-қатынас үдерісін жеңілдету мақсатынан туған болатын. Ең алғашқы тіл ретінде И.Шлейхер жасаған *воляток* тілі саналады. Одан кейінгі жасанды тілдер зәтарына Луи де Бофронның («идо»), Ж. де Ваальдың «оксиденталь», О.Эсперсеннің «новиаль», Марк Окрандтың «клингон тілін» жатқызуға болады. Жалпы дүние жүзінде жасанды тілдердің 200-ден астам түрлерінің жобасы жасалған. Дегенмен жасанды тілдердің ішінде кең қолданысқа ие болған тіл ретінде 1887 жылы поляк дәрігері Л.Заменгоф жасаған *эсперанто тілі* саналады. *Эсперанто тілі* – дүниежүзі халықтарының арасына ең көп тараған халықаралық жасанды тіл, халықаралық қарым-қатынастың қосымша құралы. Оның негізгі сөздік қоры үнді-еуропалық тілдері семьясының роман тобындағы тілдер құрайды. Эсперантодағы 28 әріп латын әліпбиімен фонетикалық принцип бойынша жазылған. Сөз екіні сөздің соңғы буынына түседі. Бұл тілді әлемнің әр түкпіріндегі кейбір ғалымдар, сондай-ақ эсперантомен әуестенуші жеке адамдар ғана оқып үйренеді. Жалпы халықтық қолданыста жоқ тіл болғандықтан, лексикалық, фонетикалық және грамматикалық құрылымында ешқандай өзгеріс болмайды.

Клингон тілін тілтанушы Марк Окранд нағыз «жатғаламшарлық» тіл болсын деп әдейі құрастырған. Сондықтан бұл тілдің көптеген өзіндік ерекшеліктері бар, мысалы сөйлемнің «толықтауыш – баяндауыш – бастауыш» ретімен құрылуы. Бірінші рет клингон тілі «Star Trek: The Motion Picture» фильмінде қолданылды, ал оған дейін клингондар ағылшын тілінде сөйлеп келді. Содан кейінгі уақытта Марк Окранд клингон тілін өз сөздігі, нормативті грамматикасы бар толыққанды тілге айналдырды.

Қазіргі таңдағы жасанды тілдерге *компьютер тілін* жатқызуға болады. Мысалы, бағдарламалау тілдері: Паскаль, Бейсик, Дельфи, Java, сайт ашуда жақсы қолданылатын HTML тілі осының барлығын жасанды тілдер саналады. Өйткені олардың қарапайым халық қолданатын тілге қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар және оның символмен берілген әріптерін мамандардан басқа адамдардың түсіне қоюы екі талай.

7 Тілдің қоғамда атқаратын негізгі және қосымша қызметтері. Тілдің қоғамда атқаратын қызметін негізгі және қосымша қызмет түрлеріне жіктеуге болады. Тілдің қоғамда атқаратын негізгі қызмет түрлерін төмендегідей жіктеуге болады:

- *коммуникативті*, яғни адамзат баласының бір-бірімен тілдік қатынаста жасау қажеттілігінен туындайтын қызмет;
- *экспрессивті*, жеке тұлғаның өз ойын қалыптастыруы, сол ойды жарыққа шығаруы арқылы туындайтын тілдің қызметі;
- *кумулятивті* (танымдық), яғни атадан балаға ақпарат тасымалдаушылық қызметі.

Тіл жоғарыда көрсетілген негізгі функцияларымен қатар атқаратын қосымша қызметтері де бар. Олар:

- *номинативті*, қоршаған ортадағы зат, құбылыс және іс-әрекетке ата беру, оны тілде бейнелеу қызметі;
- *ақпараттық*, белгілі бір құбылыс, фактілер немесе орын алған жағдаяттар туралы ақпарат беру қызметі;
- *прагматикалық*, сөйлеу үдерісінде тыңдаушы жаққа әсер ету қызметі;
- *коннотациялық* (бағалауыштық), сөздің мағынасы, белгілі бір жағдаятқа, мәселеге қатысты өз көзқарасыңды білдіру қызметі;
- *эстетикалық*, оқырмандарға көріктеуіш құралдары, кейіпкерлер тілі немесе образдар арқылы әсер ету қызметі (3.).

Тіл – қоғамдық қарым-қатынастың басты құралы болумен қатар, тіл ақпаратты сақтау, жеткізу және өңдеу қызметін де атқарады. Бұл тілдің *кумулятивті қызметіне* байланысты. Тілдің кумулятивті қызметіне тек сонғы жылдары ғана назар аударыла бастады. Мәселен, гүл лексемасының семантикалық құрылымына назар аударайық:

- 1 Түрлі-түсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы атауы.
- 2 Гүлді өсімдіктердің жыныстық жолмен көбею мүшесі (терм.мағ.).
- 3 Жасөспірім, бүлдіршін (ауыс мағ.).
- 4 Ажар, әр, көрік, келбет (ауыс мағ.) (ҚТТС, I, 362).

Қазақ мәдениетінде гүлге қатысты этномәдени фон белгілері ретінде «сұлулық», «нәзіктік», «қыз», «бүлдіршін», «көктем», «өмір» ұғымдарын алуға болады. Гүлдің биологиялық тұрғыдан ғұмырының қысқа болуы, гүлді өсімдіктің өзіне тән даму кезеңдерінің болуы (*көктеу, гүлдену, солу*) образды ассоциативті түрде адам өмірінің өткініші, бұл өмірдің қамшының сабындағы ғана қысқа екенін сипаттауда ауыс мағынада қолданылуына негіз болған. Бұған «гүлдің солуы – өмірдің үзілуі» сияқты ассоциаттар дәлел. Демек, гүл концептісі «жан, адамның жаны» сынды потенциалды семемамен толығырақ аталған этномәдени фон белгілері негізінде ұлттық антропонимдер жүйесінің

қалыптасқандығын айта кеткен орынды: *Гүлбаршын, Гүлжан, Гүларай, Гүлім, Гүлжайна, Жайнагүл, Қызғалдақ, Раушан, Райхан, Гүлден, Гүлнұр, Нұрсұл және т.б.* Берілген ұлттық антропонимдер жүйесі «гүл» концептісінің мәдени-бағалауыштық сипатын айқындай түседі. Қазақ ұлттық ғалам бейнесінде гүл адамзат баласы үшін маңызды деген категорияларымен «сұлулық», «махаббат», «өмір», «өлім» байланыстырылады.

Әдебиеттер:

- 1 Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1975.
- 2 Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. – Москва, 1963.
- 3 Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы, 1992.

◆ Тапсырма:

Тілдің әлеуметтік сипатын нақты тіл деректері негізінде дәлелденізі. Қоғамның дамуы – тіл дамуының негізгі стимулы екендігін дәйектенізі. Тіл қоғамның қалыптасуына қажетті фактілері негізінде дәйектенізі. Тілдің дамуына әсер ететін ішкі лингвистикалық факторларды сипаттаныз. Тілдің дамуына әсер ететін сыртқы лингвистикалық факторларды сипаттаныз.

◆ Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

Әлеуметтік лингвистика және оның зерттеу нысаны.
Тілдің таңбалық сипаты, негізгі және жасанды таңбалар.
Тілдің қоғамда атқаратын негізгі және қосымша қызметтері.
Шартты және тілдік таңбалар, олардың қызметі мен өзіндік белгілері.
Тілдің қоғамда атқаратын негізгі және қосымша қызметтерін сипаттаныз.
Тіл біліміндегі натуралистік және психологиялық бағыттың тұжырымдары.
Әлеуметтік тіл білімі, зерттеу нысаны және зерттеу әдіс-тәсілдерін баянданыз.
Тіл және сөйлеу тілінің өзара байланысын, өзіндік ерекшеліктерін айқынданыз.
Тілдің коммуникативті, сигнификативті және кумулятивті қызметін нақты тіл фактілері негізінде дәйектенізі.

СӨЖ тақырыптары:

- 1 Қазақстандағы тілдік жағдаят пен тілдік саясат мәселесі.
- 2 Қазақ тіл біліміндегі социолингвистикалық зерттеулер мен бағыттар.
- 3 Тіл біліміндегі кәсіптік мәселесі және оның қазақ қоғамындағы көрінісі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1 Ахметжанова З.К. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. –Алматы, 2012.
- 2 Хасанулы Б. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития. Алматы, 2007.
- 3 Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. –Алматы, 2007.
- 4 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.С. Словарь социолингвистических терминов. –Алматы, 2007.
- 5 Абасилов А. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика www.tilortalyq.kz/kk/p=671 сайтынан алынды.

2 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

§ 1 Тіл – адамзат баласының тілдік қарым-қатынас жасау құралы

Тілші-ғалымдардың тілдің мәні туралы айтқан ғылыми пікірлері мен тұжырымдамаларына талдау жасаңыз.

Қоғам жок жерде тіл де өмір сүре алмайды, адамзат қоғамы да тілсіз өмір сүре алмайды. Тіл ассоциациялар жүйесін түзетіндіктен, бір адамнан екінші адамға берілмейді. Тіл – әрекет, оны тілшілер өздері өздері тілшілерге сөйлеуді үйрене отырып, қоршаған орта менгерген зат, нәрсе, құбылыс, әрекет және оны қабылдау арасындағы өзіндік ассоциациялар жүйесін түзуі тиіс. О дайын тұрған артикуляцияны пайдаланбайды, ол естіген нәрсені дыбыстау үйренеді; даяр тұрған грамматикалық парадигмалар жүйесін қолданбайды; о әрбір сөз формасын айналасынан естіген үлгіге сәйкестендіреді, *мен оқимын сен оқисың, біз жүреміз* дегенді үнемі естіп жүрген бала *сендер жүресіңдер* сияқты тиісті сөз формасын керек кезде қолдана алады. Өзге сөз формалары да дәл осылай менгеріледі (*Мейе А. Введение в сравнительное изучение индоевропейских языков. –М., 1938. С. 58*).

Адамзат баласына тән интеллектуалды әрекеттің жемісі саналатын сөйлеу әрекеті мен тілдік жүйе белгілі бір масат үшін қолданылады. Қатынас құрал қызметін атқаратын сөйлеу әрекетіне жүргізілген талдаулар негізінде кез келген сөйлеуші адамның мақсаты – өз ойын жеткізу. Сол себепті, лингвистикалық анализге функционалды көзқарас тұрғысынан қарау керек. Функционалды сипат тұрғысынан алғанда, тіл – қандай да бір мақсат үшін қызмет ететін тілдік бірліктер жүйесі. Тілдегі бірде-бір құбылысты жүйе ұғымынсыз қарастыру мүмкін емес (*Тезисы Пражского лингвистического кружка. Пражский лингвистический кружок // Сборник статей. –М., 1967. С.17*).

Все, что напряженными усилиями многих ученых выяснено по вопросу происхождения языка, убеждает в том, что язык возник как средство общения людей между собою; это общение имело целью сообщение говорящим

названий отдельных представлений, а тех или иных сочетаний представлений, соответствующих душевным его переживаниям, обнаруживающих акты его мышления. Следовательно, словесный знак получили сначала те отдельные восприятия, ощущения, чувство, хотения, а также сочетания соответствующих им представлений, которые возникали в душе говорящего для обнаружения его воли, для утверждения или отрицания чего-либо; и лишь позже, путем расчленения этих словесных знаков, простых или сложных сочетаний, получались слова, означающие отдельные представления (*Шахматов А.А. Синтаксис русского языка. 2–изд. –Л., 1941. С. 17*).

Тіл – қоғамдық құбылыс, сондықтан әлеуметтік сипатқа ие. Дегенмен, тілде жергілікті сөйленістер және тілдің қолданысы мен дамуына әсер ететін әлеуметтік топтар бар. Осы тұжырымдардың тілші-ғалымдардың еңбектерінде қалай сипатталатындығын айқындаңыз.

Ана тіліне кірме сөздердің енуі қажеттіліктен туған дүние екені белгілі. Сондықтан кез келген тіл, ең алдымен, сол тілге енген жана ұғымға сәйкес келетін таңбаны, яғни сөзді қабылдайды. Мазмұны мен оның дыбыстық бейнесі бір мезгілде, бір дереккөзден алынады. Шет тілінен енетін кірме сөздер қатарына, әсіресе, географиялық атаулар, кісі есімдері және сол елден танылған атаулар, тағам атаулары жақсы келеді. Егер бұл тауарлар негізінен табиғи дайын өнімдер болса, онда оның атауы да өркениетті, мәдениетті халықтың тілдік жүйесіне енеді. Сондай-ақ, дайын өнімдерді тасымалдау, сол өніммен бірге оның атауын қабылдау өндіруші халықтың өркениетті, мәдени-саяси өмірінің жоғары жетістіктігін танытады. Дегенмен, бұл пікір, бір жақты сипатқа ие. Бұл, әсіресе, техникалық, ғылыми, мәдени ұғымдарға байланысты, олардың өзге тілдер жүйесіне енуі, сол халықтың мәдени-саяси және әлеуметтік-тұрмыс жағдайының жоғары, өркениетті ел екендігін танытады.

Өзге тілден сөз қабылдау процесі шет тілі мен оның мәдениетін өз ана тілінен, өз халқының мәдениетінен жоғары бағалауда жатыр, соның негізінде, сөйлеу тіліндегі өзге тілді сөздер мен оралымдардың қолданылуы жоғары мәдениеттіліктің белгісі ретінде саналады (*Пауль Г. Принципы истории языка. –М., 1960. С. 462*).

Ешбір қоғамдық құбылыс дербес, дара қалпында өмір сүре алмайды. Жазу – мәдени табыс. Жазба тіл – жазба тілге тән сөз қолдану ерекшеліктері негізінде жазу дәстүрі қалыптасқан тіл (*Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. –А., 2005. -120 б.*).

Тіл – таңбалар жүйесі, тілдің таңбалық сипатын мылқауларға арналған Морзе әліппесімен, әскери сигналдармен, символдық таңбалармен салыстыруға болады, дегенмен тілдік таңбалар осы таңбалар жүйесіндегі ең маңыздысы

саналады (Соссюр Ф. Курс общей лингвистики // Труды по языкознанию. – М. 1977. С. 54).

§ 2 Тіл дыбыстарының психофизиологиялық аспектісі

Төменде берілген тілші-ғалымдарының пікірін (Л.В.Щерба Р.И.Аванесов) негізге ала отырып, адам баласының сөйлеу тіл дыбыстарының табиғатын қалай айқындайтындығына назар аударыңыз.

Сөйлеу тілінің дыбыстары қоршаған ортадағы кез келген дыбыстар сияқты физикалық, механикалық құбылыс ретінде өмір сүреді. Бұл тіл дыбыстарының физикалық аспектісі болып табылады. Ал адам баласының орталық және шеткергі ми жүйесі қабылдайтын дыбыстар жүйесі биологиялық аспектісі құрайды, тіл дыбыстарының физикалық және биологиялық аспектісі өзара күрделі функционалды қатынаста біріге келе, тіл дыбыстарының психофизиологиялық аспектісін құрайды.

Сөйлеу тілінің дыбыстарын қарастыратын үшінші аспект лингвистикалық, яғни оның әлеуметтік сипаты. Мәселен, а деген сұраулы шылауы биологиялық және физиологиялық қасиеттері туралы дыбыстың сұраулы ал лингвистикалық тұрғыдан алғанда әрі сұраулық шылауды, әрі дыбысты құрайды. Мұны тілдің негізгі қызметі саналатын тілдік коммуникация арқылы дәйектеуге болады (Щерба Л.В. Грамматика французского языка. – М., 1937. С. 17).

Е.И.Негневецкой және А.М.Шахнаровичтің «Язык и дети» (–М., 1980) еңбегінде жүргізілген эксперимент материалдарымен таныса отырып балалардың тілдің дыбыстық жүйесін қабылдау ерекшелігіне назар аударыңыздар.

На вопрос: «Что больше – кит или кот?» – маленькие дети, не знающие (это было установлено), что такое кит, в абсолютном большинстве отвечали: «Кот». Очевидно, что что-то в этом слове, в его звуковой оболочке заставляло детей предположить, что кит – что-то такое маленькое...

Мы предположили что звук [и] у детей ассоциируется с чем-то маленьким, а звук [о] – с большим... Для чистоты эксперимента, для того чтобы исследовались только внешние звуковые свойства слов, мы взяли... квазислова – несуществующие слова.

Перед ребенком раскладывались деревянные фигурки разной величины. Ребенку предлагалось следующие задание: «Давай назовем эти фигурки так: Бим и Бом...». И ребенок выбирал маленькие фигурки и откладывал их: «Вот Бим, и вот Бим».

UNREGISTERED COPY OF SCANAPYRUS

Дәріс 3 Қазақ тілінің фонологиялық жүйесі мен құрамы

Дәріс жоспары:

- 1 Фонетиканың зерттеу пәні, мақсаты мен міндеті.
- 2 Тіл дыбыстарының акустика-артикуляциялық сипаты.
- 3 Сөйлеу тіліндегі фонетикалық процестер мен заңдылықтар.
- 4 Қазақ тіл біліміндегі сегментті және суперсегментті фонетика.
- 5 Тарихи және колданбалы фонетиканың зерттеу нысаны мен қарастыратын мәселелері.

1 Фонетиканың зерттеу пәні, мақсаты мен міндеті. Қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мынадай ғылыми бағыттар негізінде зерттеліп келеді:

- фонологиялық бағыт;
- сингармониялық бағыт;
- синтонемиялық бағыт;
- тарихи фонология бағыты;
- колданбалы фонетика бағыты (қазақ тілі дыбысының қорын жасау).

1960-1980 жылдары қазақ тілінің фонетикалық жүйесі І.Кеңесбаев пен Ж.Аралбаевтардың еңбектерінде зерттелген болатын. І.Кеңесбаев қазақ фонетикасындағы фонемалардың құрамы мен олардың жіктелімі, буын, дыбыстардың үндесуі, сингармонизм, екпін мәселелерін қарастырды. Фонема теориясына қатысты мәселеге келгенде І.Кеңесбаев Мәскеу және Қазан дәстүрлі фонология мектебінің принциптерін ұстанды. І.Кеңесбаев фонеманы «сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единица» ретінде қарастырады. Сондай-ақ, ғалым тұңғыш рет қазақ тілінің фонетикалық транскрипциясын жасаған. Ж.Аралбаев қазақ тіліндегі фонемалар құрамы мен олардың жасалым ерекшеліктері, үндестік заңы, буын жігі мәселелерін қарастырған. Тілдегі фонемалардың не комбинаторлық, не позициялық тұрғыдан өзгеріске түсетіндігін нақты тілдік фактілер негізінде дәйектейді. Фонология – фонеманың қоғамдық, яғни әлеуметтік қызметі туралы ілім. Фонема – дыбыстық тілдің ең қысқа единицасы. Жалпы тіл білімінде фонема теориясының негізін қалаған – И.А.Бодуэн де Куртенэ. Бодуэн де Куртенэнің анықтамасы бойынша, фонема сөз жасаушы мағыналы дыбыс саналады.

Тіл білімінде қалыптасқан жана тілдік зерттеулер негізінде қазақ тілінің фонетикалық жүйесі сингармониялық бағыт тұрғысынан қарастырыла бастады. Сингармониялық бағытты қолға алып, оның ұғымдары мен терминологиялық базасын жасаған фонетист-ғалым Ә.Жүнісбеков болатын. Сингармонизм

теориясы бойынша Ә.Жүнісбеков фонема мен екпін мәселесін негізге алмайды. Сингармонизмнің ең кіші функционалды бірлігі *сингема* деп танылады және төрт түрлі сингармониялық тембрмен сипатталады: *езу жуан, езу жіңішке, ер жуан, ер жіңішке* (1, 56). Демек, үндесім фонологиясы негізінде қазақ тілінде барлық дыбыстардың *жасалым, айтылым және естілім* белгілері негіз алынады. Осыған сәйкес, қазақ фонологиясы үндесім фонологиясы болып табылады. Фонологиялық талдау да үндесім заңына қарай талданады. Ә.Жүнісбековтың пікірінше, әуен немесе тон әлем тілдерін жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, мұндай белгіні тек қытай, жапон, корей, вьетнам тілдерінің құрылымдық жүйесінен қарастыру керек. Сол сияқты үндестік заңы да дүние жүзі тілдерін жіктеудің айырым белгісі бола алады, мұндай үндесім түркі тілдері, оның ішінде, қазақ тілінің құрылымын негізге алу керек. Сингармонизм теориясы бойынша, фонеманың қызметін *сингема* деп просодикалық бірлік орындайтындығын айта келе, оның себебін Ә.Жүнісбеков түркі тілдері, оның ішінде, қазақ тілінде үндіеуропа тілдеріне тән фонемалар мәселесі жоқ деп көрсетеді. Сол себепті қазақ сөзінің мағынасын түрлендіретін ең кіші дыбыстық бірлігін *үндесім фонемасы* деп атауға болады. Осыған сәйкес үндесім фонеманың варианттарын *үндесім аллофон* немесе *аллосингармофонема* деп атайды (2, 35). Мәселен, қазақ тілінде ш, з (әліпби атауы – шы, зы) дауыссыз дыбыстары *шырақ, зымыран* сөздерінің құрамында ғана әліпбилік оқылуын сақтайды, осы *шы, зы* айтылым үлгілері *шар, шүріт, шұңқыр, зор, зу (етті)* сөздерінің құрамында кездеспейді. Мұны осы дыбыстардың жасалым және естілім белгілерін эксперимент жүргізу арқылы анықтауға болады.

2 Тіл дыбыстарының акустика-артикуляциялық сипаты. Қазақ фонетикасында қалыптасқан ұғымдар мен терминдік атауларға қазақ тілінің фонологиялық табиғатына сәйкес фонетист-ғалымдар тарапынан өзгерістер енгізілген болатын. Енді сол фонетикалық ұғымдар мен атауларға жеке-жеке тоқталып өтсек:

Жасалым фонетика – дыбыстың жасалу жолдарын қарастырады, яғни қандай да бір дыбысты жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің орнын көрсетіліп, сол сөйлеу мүшелерінің өзара қиысу жолдары (тоғысыңқы жуысыңқы, діріл, жанама) сипатталады.

Айтылым фонетика – дыбыстың нақты болмысын анықтайтын фонетиканың бір саласы, яғни ауыз қуысындағы резонаторлар жүйесінің қалыптасып отыратын (ауыз қуысты, көмей қуысты, жанама қуысты), сөйлеу мүшелерінің өзара қиысу күші (лепті тоғысыңқы, босаң тоғысыңқы, бос тоғысыңқы) анықталады.

Естілім фонетика – дыбыстың естілу сипатын қарастырады, яғни тіл дыбыстарының түйсінім түрі (қатаң, ұяң, үнді) және естілім қарқыны (күшті лепті, босаң лепті, бос лепті) анықталады.

Үндесім фонетика – дыбыстың үндестік сипатын анықтайтын фонетика саласы, мұнда тіл дыбыстарының әуез жүйесі, жасалым белгісі, айтылым белгісі және естілім белгісі қарастырылады (1, 57).

Функционалды фонетика – тіл дыбыстарының адамдардың тілдік қатынас жасау процесіндегі әлеуметтік жақтарын зерттейді. Тілде кез келген дыбыс айтылым, жасалым және естілім аспектісі тұрғысынан талданады. Мәселен, б дауыссыз дыбысының үндесім түрлерін қарастырайық. *Шыбын, бала* жуан езулік түрінде б дауыссыз дыбысының *жасалымы* былайша сипатталады: қос ерін өзара жымдасып тоғысады, ерінді, тербелінкі, езулік; *айтылымы*: тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы, ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді; *естілімі*: қос еріннің тоғысымы босаң леппен аяқталады, дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң, әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс. Лингвистика тіл дыбыстарының әлеуметтік сипаты негізге алынады.

Қазақ тілінің дыбыстары дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Қазақ тілі жүйесіне тән төл дауысты дыбыстар саны – 9. Олар: а, ә, ы, і, е, ұ, ү, о, ө. Дауысты дыбыстар қатарынан саналатын и, у, я, ю кірме әріптері арқылы қазақ тіліндегі қысаң дауыстылар мен үнді й, у дауыссыздарының тіркесімі белгіленеді. Қазақ тілінің дауысты дыбыстарына тән айырым белгілері ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- дауысты дыбыстар буын құрайды;
- дауысты дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі толық тербеледі;
- дауысты дыбыстарды айтқанда өкпеден шығатын ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырамайды.

Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш. Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесіне тән айырым белгілері ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- дауыссыз дыбыстар буын құрамайды;
- дауыссыз дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі кем тербеледі немесе мүлде тербелмейді;
- дауыссыз дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында дыбыстау мүшелерінің бірінің кедергісіне ұшырап шығады.

Қазақ тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстарының әрқайсысының өзіне тән жасалым, айтылым және естілім белгілері арқылы ерекшеленеді. Мәселен, дауыссыз дыбыстардың жасалымы – жасалу орны, жасалу тәсілі, дауыс қатысы; айтылымы – тоғысым-жуысым күші, ауыз бен көмей қуысының өзара қатынасы; естілімі – тоғысым-жуысым қарқыны, үннің қатысы арқылы ерекшеленеді.

3 Сөйлеу тіліндегі фонетикалық процестер мен заңдылықтар.

Тілде фонетикалық процестер екі топқа бөлінеді: *комбинаторлық және позициялық* фонетикалық процестер. Комбинаторлық фонетикалық процестер *ассимиляция, диссимиляция, аккомодация* құбылыстары, ал позициялық фонетикалық процестерге сөйлеу тілінде орын алатын *анлауттық, инлауттық және ауслаттық* дыбыстық өзгерістер жатады.

Ассимиляция – сөз құрамында немесе сөз аралығында көршілес келген дауыссыз дыбыстардың бірі екіншісіне ықпал етіп, өзара үндесуі: басшы – башшы, сүзсе – сүссе, алтын кірпік – алтыңгірпік, жексенбі – жексембі т.б. Қазақ тіл білімінде ассимиляцияның екі түрі бар: *прогрессивті және регрессивті* ассимиляция.

Аккомодация – көршілес келген дауыстының әсері нәтижесінде дауыссыз дыбыстар артикуляциясында болатын өзгеріс.

Диссимиляция – ассимиляцияға қарама-қарсы құбылыс. Диссимиляция біркелкі дыбыстардың немесе өзара ұқсас дыбыстардың әр басқа болып өзгеруі.

Сөйлеу тіліндегі позициялық фонетикалық өзгерістердің үш түрі позицияда келуіне байланысты *анлауттық, инлауттық және ауслаттық* фонетикалық процестер болып жіктеледі.

Анлаутқа байланысты фонетикалық құбылыстар қатарына *протеза, эпентеза, эпитеза, аферезис* жатады. *Протеза* – сөйлеу тілінде кейбір сөздердің алдынан қысаң дыбыстардың қосылып айтылуы. Мыс.: лақ (ылақ), рет (ірет), стакан (ыстақан). *Аферезис* – алдыңғы сөздің соңғы дыбысты әсерімен келесі сөздің басындағы дауысты дыбыстың түсіп қалуы. Қазақ тіл жүйесінде сирек кездесетін құбылыс: не істейміз? (нестейміз), не ішесің (нешесің). *Эпентеза* – фонетикалық, морфологиялық өзгерістердің әсерімен сөз ішінде дыбыс қосылып айтылуы: трактор (тырактор), трест (тірес), кровать (кереует), нрав (ндрав), срам (страм).

Инлаутқа қатысты фонетикалық құбылыстарға *редукция, гаплогогия, метатеза, диэреза* құбылысы жатады. Редукция – позициялық өзгерістердің бірі түрі. Дыбыстардың әлсіреп көмескі айтылуы нәтижесінде өзгеріске түсетін дәрігер, қатынас, тәжірибе. Негізінен редукцияға ұшырайтындар екпін түспейтін буынды дыбыстар.

Метатеза – сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын алмастырылып айтылуы: тепкі – текпі, айналу – айлану, қақпан – қапқан, тарелка – талерка, ладонь – долонь. Ал сөйлеу тіліндегі диэреза құбылысы: *грустный* (*грусный чувство* (*чувство*)).

Ауслат құбылысына жататындар, негізінен, *эпитеза, элизия, апокопа, синкопа* сияқты фонетикалық өзгерістер енеді. Элизия – сөз тіркесінде кейінгі сөздің бастапқы дауысты дыбысының әсерімен алдыңғы сөздегі соңғы дауысты дыбыстың түсіп қалуы. Мысалы: торы ала (торала), мына ауыл (мынауыл), жақсы екен (жақсекен). *Синкопа* – негізінен жабысыңқы (шұғыл) дыбыстардың әсерімен сөз ішінде бір немесе бірнеше дыбыстың түсіп қалуы. Мәселен, тағылым – тәлім, бағана – мана, еге – ие, только – толико, спирт – spiritus. *Апокопа* – сөз соңындағы екпін түспейтін соңғы дауысты дыбыстың түсіп қалуы: или (иль), чтобы (чтоб), уже (уж). *Эпитеза* – сөз соңынан дыбыстың қосылып айтылуы: банк – банкі, факт – факті, абстракт – абстракты.

Сингармонизм – түркі, фин-угор тілдеріне тән позициялық ерекше құбылыс. Сөзге жалғанған қосымшалардың сөз түбірі соңындағы дауысты дыбыспен үндесіп келуі. Сөз ішіндегі дауысты дыбыстар бір-бірімен тілдің және еріннің қатысына қарай өзара үндесіп келуі. Сингармонизм құбылысы *лингвалды және лабиалды* болып бөлінеді. Қазақ тіл білімінде *лингвалды сингармонизм* басшылыққа алынады.

Сөйлеу үстінде өзара кірігіп, бір тұтас болып айтылатын дыбыс тіркесін не жеке дыбыс *буын* деп атайды. Дыбыстардың буынға кірігу тәсілі барлық тілдерге ортақ болмайды. Себебі әр тілдің немесе туыстас тілдер тобының өзіне тән бірегей буын құрау тәсілдері бар.

4 Қазақ тіл біліміндегі сегментті және суперсегментті фонетика.

Қазіргі қазақ тілінің дыбыс жүйесі тек сегментті фонетиканың аясында емес суперсегментті фонетика тұрғысынан да зерттеліп жатыр. Себебі тілдің фонетикалық жүйесі оның сегменттік бөлшектерінен, сөздердің дыбыстар тіркесімінен ғана тұрмайды, ол тілдің күрделі суперсегментті денгейін, яғни сөйлемдердің, мәтіннің жалпы интонациялық сипатын да қамтиды.

Суперсегментті фонетика – сөйлеу тілінің интонациялық жүйесін, интонациялық бірліктер ретінде танылатын әуен, қарқын, интенсивтілік, ырғақ, екпін, ұзақтылық, дауыс ренкі сияқты компоненттерді синтаксис, семантика салаларымен байланыста қарастырады. Интонацияның компоненттерін, жоғарыда көрсетілгендей, *әуен (мелодика), пауза, қарқын (темп), екпін, ырғақ, дүркінділік, тембр, тон* құрайды. Дүние жүзі тілдеріне тән интонацияның универсалды компоненттерінің бірі әуен болып табылады. Әрбір тілдің ауызекі сөйлеу тіліндегі әуен ерекшелігіне қарай бір тілді екінші бір тілден ажыратып тануға болады. Әуеннің сөйлеу тілінің ағынын жіктеуде, сөйлемнің коммуникативтік түрлері мен стильдік ерекшеліктерін айқындауда, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде маңызы зор. Сол сияқты сөйлеу үдерісінде тонның да қызметі ерекше. Сөйлеу тіліндегі қарқындылыққа

қарай айтылатын ақпарат мазмұнының қаншалықты маңызы бар екендігі анықтауға болады. Егер жеткізілетін ақпарат маңызды болса, онда сол ақпарат баяу қарқынмен айтылады.

Қазіргі тілтаным жүйесінде интонацияны өз алдына жеке бір тілдік құбылыс ретінде арнайы зерттейтін *интонология* ғылымы қалыптасты. Қазақ тіл білімінде интонология мәселесі З.Базарбаеваның еңбектерінде қарастырылады. Ғалымның айтуынша, сегментті бөлшектерді, яғни фонемаларды фонология зерттейтін болса, сингемаларды – сингармонология, суперсегментті бөлшектерді – интономаларды – интонология зерттейді. Тілдік жүйеде интонацияның өзіндік мағынаға ие болатын бірліктері *интонома* деп аталады. Интономалар сөйлемді ажырататын ең кіші функциялық бірлік ретінде қарастырылады. Мәселен, бір сөзден құралатын атаулы сөйлемді сөйлем етіп тұрған оның интонациясы екені анық. Тілдік жүйедегі жай және құрмалас сөйлемнің өзіндік интонациялық ерекшеліктері болады. Бір сөздің айтылуы интонациясына қарап, ол сөздің қандай сезіммен айтылып тұрғанын білу адамға қиындық тудырмайды. Сондықтан интонацияның сөйлеуде, сөзден бұрын пайдаланылуы болғанын мойындай отырып, оның кейбір сөздерде сегменттілік сөз екенін де баса айту керек (3,105). Әр сөйлемнің өзіне тән коммуникативтік функцияны толық атқару үшін интономаның мәні ерекше. Интономаның негізгі қызме сөйлемді ажырату болып табылады. Интономалар сөйлеушінің интенциясын байланысты түрлі варианттарда көрініс табады. Сөйлемнің әр алуан құрылымдық-коммуникативтік түрлеріне жан-жақты эксперименттік-фонетикалық зерттеулер жүргізудің нәтижесінде қазіргі қазақ тілінде сегіз түр интонома бар екені дәлелденді. Қазақ тілінің интономалары:

- жалпы сұрақ интономасы;
- лепті сөйлемнің интономасы;
- қыстырма сегменттердің интономасы;
- катал бұйрықты сөйлемнің интономасы;
- арнаулы сұраулы сөйлемнің интономасы;
- сыпайы бұйрықты сөйлемнің интономасы;
- ойдың аяқталғанын білдіретін тиянақты интонома;
- ойдың аяқталмағанын білдіретін тиянақсыз интонома (3, 124–125).

Синтагманың соңғы сөзіне түсетін тонның бәсеңдеуі, тиянақты әуенділік барлық тілдерде сөздің аяқталуының белгісі болып табылады, ал фразаның соңындағы тонның көтерілуі аяқталмағандығын білдіреді. Қарқынның баяу байсалды болуы ақпараттың маңыздылығынан хабар береді, ал қарқынның жылдам, тез болуы оның мәнінің шамалы екенін айқындайды. Әр тілде просодикалық тәсілдердің көрінісі сол тілдің интонациясының жалпы ерекшелігіне байланысты болатыны анық. Мысалы, орыс тілі интонациясының

ерекшелігін түзетін нәрсе – сөз екпіні екені белгілі. Орыс тілінің динамикалық сөз екпінінің сөздердің морфологиялық құрамын ажыратуда ғана емес, олардың негізгі мазмұнын да анықтайды. Қазақ тілінде синтагманың соңғы сөзіне түсетін *синтагмалық екпін* түрі бар.


Жалпы тіл білімінде интонацияның атқаратын негізгі функциясын төмендегідей көрсетуге болады:

- мазмұнның өзгешеліктерін ажырату;
- әртүрлі эмоцияларды дифференциялау;
- жеке коммуникативтік типтерін ажырату;
- сөйлемнің жалпы коммуникативтік түрлерін анықтау;
- сөйлемдерді, синтагмаларды мәтінде бір-бірінен айырып, бөліп алу және қосу.

Өзара тығыз байланысты болып келетін интонацияның функцияларын ешқашан бір-бірінен ажыратып, бөлек қарауға болмайды. Сөйлеушінің алдына қойған максаттарына қарай, сөйлемдегі интонация функциясының қолданылуы да түрленіп тұрады.

Екпін және оның түрлері. Екпін – сөз ішіндегі кейбір буын, дыбыстардың бөлек тілде сөздің әр бөлігінде ерекшеленіп, көтеріңкі айтылуы. Сөз ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы *сөз екпіні* деп аталады, қазақ тілінде сөз екпіні, негізінен соңғы буынға түседі. Мәселен, Зере, мектеп, үй, қайту дегендегі сөз екпіні соңғы тұрған дауысты дыбысқа түседі. Тіл-тілде сөз екпінінен басқа фразалық екпін болады. Сөйлеу процесінде сөздер бір-бірімен тіркесіп, айтылуы жағынан жігі жымдасып, бір ғана екпінге ие болады. Мұндай сөз тіркестеріндегі екпін *фразалық екпін* деп аталады. Фразалық екпін орын тәртібі және дауыс ырғағы арқылы байланысатын тіркес құрамында кездеседі.

Сөзде белгілі бір буынға екпін түсіп, ерекшеленіп айтылатыны сияқты, сөйлем ішінде белгілі бір сөзге ерекше назар аударылып айтылатыны бар. Сөйлемде ерекше назар аударыла айтылған сөзге ой екпіні түседі де, ерекше әуенмен айтылады. Мұндай екпін түрі *логикалық екпін* деп айтылады. Логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаны контекстен, оның мазмұнынан аңғарылады. Ауызекі сөйлеуде логикалық екпін сөйлеушінің қай сөзге айрықша назар аударуды қажет санап тұрғанын ажыратуға мүмкіндік береді.



буын тонынң ырғағы арқылы ішінде бір буын құрамындағы ерекшеленеді (қытай, тай, дауыстың созылыңқы айтылуы вьетнам, серб, швед т.б.) (грек, латын)

Динамикалы – буынның біреуі басқа буындардан айрықша айтылады (қазақ, орыс, ағылшын, неміс т.б.).

Кесте 1. Екпін түрлері (фонетикалық табиғаты бойынша)

Дыбыс екпіні – сөз ішінде дыбыстың бөлектеніп, көтеріңкі дауыспен немесе созып айтылуы. Мысалы: па-й, па-ай, та-ма-ша! Дыбыс екпіні көңі күйді білдіретін сөздерді айтуда жиі қолданылады. Айтылуда сөйлеушінің эмоциясын білдіреді.

Ой екпіні – сөйлем ішіндегі ерекше назар аударылатын сөзді оқшаула бөлектеп айту. Ой екпіні сөйлем ішіндегі сөзді бөлектейді. Мысалы: Айбек ер тұрды. Ой екпінін түсіру арқылы «Айбек ер» сөзіне назар аударып ерекшеленеді.

Тіркес екпіні – бірнеше сөздің тіркесе, тізбектеле біртұтас екпінге бөлектене айтылуы. Бұл көбінесе күрделі сөздерге, негізгі және көмекші сөздердің тіркесіне тән.

5 Тарихи және қолданбалы фонетиканың зерттеу нысаны мәселесі қарастыратын мәселелері. Қазіргі түркі тілдері жүйесіндегі дауысты дыбыстардың сипаты көне түркі жазба ескерткіштерімен байланысты қарастырылады. Түркі тілдерінің дауысты (вокализм) және дауыссыз (консонантизм) жүйелерінің даму тарихы мен кезеңдері салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы сипатталады. Осы арқылы туыстас түркі тілдерінің дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйелерін бір-бірімен салыстыра отырып, олардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтау, олардың тарихи даму кезеңдерін айқындау, фонемалардың пайда болу және қалыптасу жолдары сипаттау мәселесімен айналысады.

Қазіргі түркі тілдерінің үлкен бір бұтағын құрайтын қыпшақ, қарлұқ, оғыз тобындағы тілдер мен көне түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілін вокализм, консонантизм, морфонология тұрғысынан зерделеу тіл тарихы, яғни тарихи фонетика, тарихи грамматика, тарихи лексикология (этимология) мәселелерімен айналысуға жол ашады. Сондай-ақ, мұндай тілдік зерттеулердің қазақ тілінің салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің дамуына өзіндік үлесін қосады.

Бүгінгі күні қазақ тілінің қазіргі лексика-грамматикалық формалары мен лексика-фразеологиялық бірліктерінің этимологиясын көрсетуде дыбыстардың

архетиптері мен түркі атагілінің фонемаларының құрамын анықтауда қолданбалы фонетиканың қосар үлесі өте мол.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.
- 2 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009.
- 3 Базарбаева З. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – Алматы, 1996.
- 4 Хасенов Ә. Тіл білімі (оқу құралы). – Алматы, 2013.
- 5 Қалиев Б. Тіл біліміне кіріспе (оқу құралы). – Алматы, 2009.
- 6 Аханов К. Тіл білімінің негіздері (оқу құралы). – Алматы, 2002.

◆ **Тапсырма**

Фонетика және фонология ғылымының негізгі зерттеу нысанын айқындаңыз. Дыбыс және фонема ұғымдарының терминдік мағынасы негізінде өзіне тән айырмашылықтарын айқындаңыз. Сөз және көпсөздің тарихи фонетика мектебінің негізін қалаушылар, ұсынған негізгі концепцияларын баяндаңыз. Қазақ тіл біліміндегі интонология мәселесі. Интонология мәселесінің фонетика және синтаксиске қатысы. Қазақ тіл біліміндегі сегментті және суперсегментті фонетиканың зерттеу нысаны мен қарастыратын мәселелері.

◆ **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

Тарихи және қолданбалы фонетика туралы түсінік беріңіз. Тілдік жүйедегі дыбыс пен фонеманың қызметі туралы баяндаңыз. Тіл дыбыстарының акустика-артикуляциялық сипаты туралы баяндаңыз. Екпін және оның түрлері, тілді жүйедегі екпіннің қызметі мен екпіннің орны. Қазақ тіл біліміндегі буын мәселесі, буынның дыбыстық құрамы мен сөздің буын құрамы. Сөйлеу тіліндегі анлауттық, инлауттық және ауслауттық фонетикалық процестерді тіл фактілері негізінде дәлелденіз.

СӨЖ тақырыптары:

- 1 Поэзия тілінің интонациялық ерекшеліктері.
- 2 Қазақ тіл біліміндегі сегментті және суперсегментті фонетика.
- 3 Интонация компоненттері және олардың сөйлеу тіліндегі қызметі.

Ұсыналатын әдебиеттер:

Базарбаева З. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – Алматы, 1996.
Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988.
Базарбаева З. Қазақ тілі: интонология, фонология. – Алматы, 2008.
Жунисбек А. Введение в сингармоническую фонетику. – Алматы, 2008.
Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана 2002.

3 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

§ 1 Тіл дыбыстарының акустика-артикуляциялық сипаты

Берілген жұп сөздердің бір-бірінен қандай жасалым, айтылым және естілім белгілерімен ерекшеленетіндігін айқындаңыз: sleep (сон) – sl (сколзить), peak (пик, вершина) – pick (рвать, собирать), seal (печать) – s (подоконник), seat (стул) – sit (сидеть), leap (прыжок) – lip (губа).

Берілген ғылыми пікірлер бойынша сөйлеу тілі дыбыстарының қандай белгілері негізге алынғандығын өзара салыстырыңыз.

Тіл дыбыстары – дыбыстау мүшелерінің көмегімен алынатын сөйлеу тілінің элементі. Фонетикалық жіктеуі ерекшеленетін, бірақ қалай да бір бөлшектеуге келмейтін дыбыстық тілдің ең қысқа единицасы (Розенталь Д., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. –М., 1980. С.80).

Тіл дыбыстары – сөйлеу тілінің дыбыстық жүйесін құраушы, акустика-артикуляциялық сипатқа ие сөйлеу тілінің мәнді бірлігі. Біз сөйлеген кезінде дыбыстарды шығарамыз. Тілдік жүйеде сол дыбыстар дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесін құрайды.

Берілген сөйлемдердегі [y] дыбысының акустика-артикуляциялық сипатына талдау жасаңыздар.

Мұндай қарқынмен биікке шығу қиын. Шұғыл шаралар қажет. Әсіресе, буындағы кадрлар жоғары талаппен іріктелсе! Төле би мен Қаранай батырды тапсыруымен ол топ бастап, жауларына қарсылық көрсете, жекпе-жекке шығып өзінің дүлей қара күшінің, жаужүрек батылдығы мен алғырлығының арқасын, талай-талай тарлан қарсыластарының табанын үзеңгіден тайдырды (Қ.Төрентайұлы. Намыс найзағайы).

Сөз құрамында немесе сөз аралығында көршілес келген дауыссыз дыбыстардың артикуляциясына байланысты фонологиялық талдау жасаңыз: басшы, сүзсе, жұмысшы, көнбе, сенбі, алтын кірпік, сзади, летчик подтаять, balls, cats, shoes.

§ 2 Сөйлеу тіліндегі фонетикалық процестер

Аллауттық фонетикалық құбылыстарға талдау жасаңыз.

Әлде өтірік, әлде шын, ақсұнқар мен ылашын өлген құсты жеп қалды (Қобыланды). Аударыспақ алып құл ойнаған соң, әрқайсысын әр жерге ылақтырыпты (Қозы Көрпеш-Баян сұлу). Ылайла, ылай оймен тұнығынды (Абай). Ырас десең, ырас сөз мен айтайын («Бекболат» дастаны). – Тағы айтарым бар. Жазу үстелім жаңа, айрықша сапалы қызыл былғарымен қапталған (Ауд. Қ.Қараманұлы).

Иллауттық фонетикалық құбылыстарға талдау жасаңыз.

Сосын ол бұл паракты лақтырып тастап, келесісіне жармасқан. Бірінші курета карта ойынына катысты әлденендей істері үшін оқудан шығып қала жаздады. – Түсінем. Ал, енді, мистер Сомс, бізді Бэннистермен таныстырыңызшы. Бөлмені шынымен-ақ орта ғасырлық интерьердің таңырқауға татырлық үлгісі деуге болады екен. Индус әліге дейін бөлмесінде әрлі-берлі адымдап жүр екен. Бэннистердің жүзі қуарып сала берді. – Жо-жок, сэр, әсте олай емес. Яғни он алты футтан аласаның ешқайсысы көре алмас еді. Мұндай сәйкестік, менің ойымша, мүлдем аялға сыймайды (Ауд. Қ.Қараманұлы).

Ауслуауттық фонетикалық құбылыстарға талдау жасаңыз.

– Бәрі бұрынғыша қала берсін. Сізге ертең таңертен соғам, сонда асықпай ақылдасармыз. Кім біледі, бәлкім, оған дейін көңілге қонымды ұсыныстар да ойлап табармын. Оho, мына арада қағаз-қалам сататын үлкен дүкен бар екен (Ауд. Қ.Қараманұлы). Ел іші соғыс кезіндегідей емес, тәртіптеліп, түзеле бастаған. Машина, трактор қайтадан көбейейін деген. – Мынау біздің елдің дәмі еді, – деп, газетке оралған бірденелерді ас ішетін столдың үстіне қойып кетуге мен де үйреніп алғам. «Әкем, қайтейін, қош бол. Дүниеге келмей жатып кетуіме себепкер өзін болдың» дегендей адамның іші-бауыры елжірегендей күнәсіз ауыр мұң, наразылық бар еді көзінде (Б.Соқпақбаев).

Дәріс 4 Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесі мен құрамы

Дәріс жоспары:

- 1 Сөз, ұғым және мағынаның арақатынасы.
- 2 Лексикалық семантика. Сөздің ірі және кіші семантикалық құрылымы.
- 3 Сөздің қор мен сөздік құрам, лексиканың қорлану жолдары.
- 4 Лексикалық жүйедегі парадигмалық және синтагмалық қатынастар.
- 5 Тілдің фразеологиялық және этимологиялық жүйесі.

1 Сөз, ұғым және мағына, олардың арақатынасы. Ұғым ойлау үдерісін нәтижесі ретінде тілдік жүйемен тығыз байланысты. Логикалық ұғымның тілдік жүйесіне қатысы сөз арқылы іске асады. Адам санасында сезім мүшелері арқылы (есту, көру, сезу, дәм, иіс) қабылдауға болатын нақты, деректі заттар мен құбылыстардың бейнесі қалыптасқан. Ұғым – заттар мен құбылыстардың іс-әрекеттердің жалпы қасиеттерін, мәнді белгілерін бейнелендіріп, оларды арасындағы нақты байланыстар мен жаңа қатынастардың ашылуына үлкен септігін тигізеді. Дүниедегі заттар мен құбылыстардың өзіндік ерекшеліктері арқылы адам санасында таңбаланады, сол туралы ұғым пайда болады. Ол болса, ұғым мағынаның репрезентациялық тәсілі болып табылады.

Мағынаның дамуы мен күрделенуі адамның ассоциативті ойлау жүйесімен тікелей байланысты. *Ассоциация* – жеке субъективті тәжірибеге негізделген белгілі объект пен субъект арасындағы байланыс. Кең мағынада алғашқы *ассоциация* – айнала қоршаған дүние үзінгін таныту үшін қолданылатын психикалық әрекеттер негізінде жүзеге асатын білім алудың көзі. Сөз мағынасындағы алуан түрлі өзгерістер, сөздің келтірінді, ауыс мағыналардың концептілік жүйеде қолданылуы сияқты құбылыстар психологияның ассоциация заңына негізделеді.

В.В.Виноградовтың анықтамасы бойынша, *сөздің лексикалық мағынасы* тілдің грамматикалық заңдарына сай тұлғаланған, оның сөздігіне тән жалпы семантикалық жүйесінің элементі болып табылатын сөздің заттық-материалдық мазмұны. Демек, сөздің лексикалық мағынасы зат, құбылыс, іс-әрекеттің сана бейнеленіп тұрақталған ұғымның мазмұнын қамтиды. Сөздің лексикалық мағынасын түсіну үшін, сөздің заттық-логикалық мәнін, лексикалық мағынаға соған ұқсас басқа лексикалық мағыналардан ерекшелік көрсететін белгілерін анықтау қажет. Профессор Б.Сағындықұлы: «Сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа, байланысқа түспей, жеке-дара тұрғанда тікелей түсінілетін халы таныған логикалық-заттық ұғымы, лексика-семантикалық түсінігі *лексикалық мағына* деп аталады», – деп жазады (1, 9 б.). Сөздің *грамматикалық мағынасы*

грамматикалық амал-тәсілдер арқылы туындайтын, сөздің бірінші топтары мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән, жинақталған дерексіз мағынаны айтамыз. Грамматикалық мағына сөздің лексикалық мағынасының негізінде туады, бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар.

Тілдегі сөздер болмыстағы зат, құбылыс, сын-сапа және іс-әрекет атаулыны белгілейді. Осындай белгілеріне қарай тілдегі сөздер үшке бөлінеді: *атаулы сөздер, көмекші сөздер және аралық сөздер.*

2 Лексикалық семантика. Сөздің ірі және кіші семантикалық құрылымы.

Семантиканың жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы француз ғалымы М. Бреаль есімімен байланысты. М.Бреаль «семантика» терминін 1897 жылы өз еңбегінде пайдаланып, ғылыми айналымға енгізеді. Европа және орыс тіл білімінде семантика ұғымның синонимі ретінде семасиология термині қолданылды. Семантиканың ең негізгі категориясы – мағына. Сөз мағынасы және мағына түрлерінің даму заңдылықтары семантика саласында зерттеледі. Сондықтан лексикалық семантика семантика ілімінің басты саласы болып табылады. Лексикалық семантикада сөздің лексикалық мағынасы семасиологиялық және ономасиологиялық аспектілерде қарастырылып, семасиологиялық аспектіде таңбадан мағынаға, ал ономасиологиялық аспектіде мағынадан таңбаға қарай бағыты негізге алынады. Оған қазақ тіл біліміндегі М.Оразов, Ғ.Хасанов сияқты зерттеушілердің еңбектерін келтіруге болады.

Тіл жүйесінде семантика парадигматикалық және синтагматикалық тұрғыдан да сипатталады. Семантиканың парадигматикалық сипаты сөздердің лексика-семантикалық өрісі негізінде анықталса, синтагматикалық сипаты сөздердің сөйлеу үдерісінде бір-біріне қатынасына қарай тіркесімділік топтары арқылы анықталады. Лексикалық семантика парадигматикалық қатынас немесе парадигматика тұрғысынан жүйе ретінде қарастырылса, синтагматикалық қатынас немесе синтагматикада бұл жүйедегі лексикалық мағыналар аса үлкен бірліктерге топтастырылады. Синтагматикалық қатынас сөздердің өзара қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасып, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін тәрізді тілдік бірліктердің арасында болады. Сөз мағыналарының өзара қарым-қатынасы негізінде сөз тіркестері белгілі бір мағыналық сипатқа ие болады. Мысалы, *күміс қасық* тіркесіндегі бірінші сөз сындық мағынаны, екіншісі заттық ұғымды білдіреді. Сөз тіркесі құрамында сындық мағына мен заттық ұғым өзара тіркесіп тұр.

Семантиканың сөз мағынасын зерттейтін бір саласы – лексикалық семантикада сөз мағыналары әрі тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі, әрі сөйлеу

бірлігі ретінде жан жақты қарастырылады. Тіл бірліктерінің сол жүйедегі бас тілдік бірліктермен мағыналық байланысы лексикалық семантика қарастырылады.

3 Сөздің қор мен сөздік құрам, лексиканың қорлану жолдары. Тілде сөздердің тұтас жиынтығы *сөздік құрам* немесе *лексика* деп аталады. Қазақ тілінің лексикалық құрамына ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер, кірме сөздер, неологизмдер мен термин сөздер, әдеби сөздер мен ауызекі тілге тән қарапайым сөздер, диалектизмдер мен кәсіби сөздер, яғни тіліміздегі барлық сөздер енеді. Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, негізгі сөздік қор оның негізгі ұйытқысы болып табылады. Сөздік қорға қоғам, адам өміріндегі ең қажетті ұғымдарды білдіретін жалпыхалықтық сипат алған сөздер ғана кіреді. Қазақ тілі сөздік қорының құрамы біркелкі емес. Оның негізінде түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер мен ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың байырғы төл сөздері кіреді.

Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның арақатынасын, олардың бір-бірімен үнемі толықтырып, жаңғыртып отыруының негізінде сөздердің сөздік қоры арқылы тілдің бүкіл лексикалық жүйесінің даму бағытын анықтап, әрдайым байланыстырып отырады. Сол себепті, бұлардың арақатынасының шартты сипаты бар.

Қазақ тілі лексикасының қорлану жолдары. Кез келген тіл лексикасының негізі – сол тілдің негізгі сөздік қоры, яғни байырғы лексика. Тілдің лексикалық құрамы үш түрлі амал-тәсіл арқылы молаяды:

- лексиканың семантикалық жақтан қорлануы;
- лексиканың синтаксистік тәсіл арқылы қорлануы;
- лексиканың морфологиялық тәсіл арқылы қорлануы.

Тілдегі сөздердің қолданылу жиілігіне қарай актив және пассив лексика болып бөлінеді. Тілдің лексикасы тілдегі сөздердің қолданылу аясына қарай топтастырылады. Тіл лексикасы – тілдің сөздік құрамының белгілі бір стилистикалық қабаттарының, белгілі бір әдеби бағытқа тән сөздердің жиынтығы. Тілдегі сөздер қолданылу аясы мен стилистикалық қабаттарына қарай бейтарап лексика, ауызекі сөйлеу лексикасы, қарапайым тұрмыстық лексика, эмоционалды-экспрессивті лексика, терминологиялық лексика, диалектологиялық лексика, қоғамдық-публицистикалық лексика, интернационалдық лексика, өндірістік-техникалық лексика, поэтикалық лексика, актив лексика, пассив лексика т.б. көптеген топтарға бөлінеді.

4 Лексикалық жүйедегі парадигмалық және синтагмалық қатынастар.

Жалпы тіл білімінде тіл бірліктері арасындағы ассоциативті (парадигмалық) және синтагмалық қатынастар туралы сөз еткен Ф. де Соссюр болатын. Тіл білімінде парадигма және синтагма терминдері алғаш фонология саласында қолданылып, өзге де салаларға енгізіле бастаған. Тілдің жүйелілік-құрылымдық сипатын зерттей келе, В.М.Солнцев сөйлеу тілінде тілдік бірліктер парадигматикалық, синтагматикалық және иерархиялық қатынасқа түсетіндігін айтады.

Біртектес сөздер не басқа элементтердің тек бір белгісі бойынша бөлінетін тобын айтамыз. Мысалы: дауысты дыбыстар парадигмасы, тәуелдік категориясы, септік категориясы, көп мағыналы сөздер, синонимдер. М.Оразов: «Адам ойында өзара белгілі бір байланысы бар сөздер топ-топ болып сақталынады. Осы әр адамның ойында сақталған, өзара ұштасып жатқан мағыналары бойынша топ-топ болып жатқан сөздердің өзара байланысын ассоциациялық, яғни парадигмалық қатынас деп атайды.

Тілдің құрамында қалыптасқан мағына өз ішінен парадигмалық және синтагмалық мағыналар болып бөлінеді. Парадигмалық қатынастар негізінде алынатын мағынаны *парадигмалық мағына* деп аталады, ал парадигмалық қатынас – бір деңгейдегі тіл элементтерінің арасындағы байланысқа негізделеді. Мәселен, *тәтті, ащы, дәмді, ұзын, қысқа* – заттың сынын; *жел, су, өзен, жұлдыз, үркер күн* – табиғат құбылыстарының атауы; *бас, көз, құлақ, бауыр, жүрек* – дене мүшелері атаулары адам санасында мазмұнның ортақтығына негізделген өзара белгілі бір байланысы бар сөздер тобын құрайды. Тілдің лексикалық жүйесіндегі парадигмалық қатынастың тілдегі барлық сөздерді тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастыруда атқаратын рөлі үлкен.

Әртекті тіл элементтері арасындағы қатынас тілтанымда синтагмалық қатынас деп танылады. Сөз синтагмалық қатынасқа түскенде бір-бірімен әрі семантикалық, әрі грамматикалық жағынан байланыста болады. Сөздер бір-бірімен өзара байланысқа түсу үшін сөздердің мағыналық құрамында ортақ бір семаның болуы шарт. Сөздердің семантикалық тіркесімділік қабілетін анықтаушы тілдік мағынаны синтагмалық мағына деп танимыз. Синтагмалық қатынастар тілдік жүйедегі жеке лексикалық мағынаны иеленетін сөздер сөйлеу тілінде өзара тізбек құрап, көлбеу бағытта синтагмалық қатынас түзеді. Сөздер өзара синтагмалық қатынасқа түсу үшін логикалық және семантикалық байланысқа түсуі қажет. Мәселен, *көк тонды, көк найза, көк су, көк жөтел* деген

тіркестегі көк сөзі заттың түсін білдіріп тұрған жоқ. Бұдан шығатын қорытынды, сөз мағынасы сөйлеу процесінде өзара тіркесімділікке түскен сөздерге байланысты түрлі мағыналарды иеленеді.

5 Қазақ тілінің фразеологиялық және этимологиялық жүйесі
Фразеологизмдер – халықтың, этностың рухани және материалдық мәдениетінен ақпараттын беретін, сонымен қатар көне мифологиялық санасынан ақпарат беретін, өзін қоршаған шындық болмысты қабылдауының нышаны болып табылатын, ғаламның тілдік бейнесі мен ұлттық ғалам бейнесін танытатын тілдік бірліктер жүйесі. Фразеология саласын қазақ тіл білімінде жеке пәні ретінде қалыптастыруда, оның нысаны мен тілдік табиғатын фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты мен лексико-грамматикалық ерекшелігі, олардың стилистикалық қызметі мен фразеологиялық құбылыс заңдылықтары І.Кеңесбаев, М.Балақаев, М.Копыленко, Т.Қордабаев, Ө.Айтбаев, А.Ысқақов, Ш.Рахматуллаев, Г.Байрамов, З.Ураксин, А.Юлдашев, Т.Сайрамбаев, І.Ахунзянов сынды ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттеледі.

Фразеология – екі не одан да көп сөздің тіркесе келе тұтас бір меншік мағынаға ие болып, бір бүтін единицаға айналуы. Фразеологиялық тіркесім құрамындағы сөздердің тұрақтылығы және олардың мағынасы белгілі мағына тұтастығы, тіркестің тиянақтылығы сияқты өзіне тән үш белгі арқылы айқындалады. Тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін фразеология ғылымының зерттеу нысаны – жеке номинативті атау ретінде қызмет атқаратын фразеологиялық бірліктер болса, жеке ғылым саласы ретінде фразеологиялық мағынаның қалыптасуы мен дамуын, олардың семантикалық құрылымдық және стилистикалық қызметі тұрғысынан зерттеуді мақсат етеді.

Фразеологиялық тіркестер мағына жағынан жеке сөзге, құрамы жағынан еркін сөз тіркестеріне жақын болып келеді. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің басты белгілерін ажырату үшін сөз және еркін сөз тіркесімі салыстыра қарастыру керек. Фразеологиялық тіркестер екі не одан көп сөз тіркесі сияқты көрінгенмен, олар ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бір бүтін единица ретінде даяр күйінде қолданылады. Мәселен, *тауға шығу, көлік қайту, ананың баласы* сияқты еркін тіркестер ауызекі сөйлеу тілі мен жазба кезінде сөздердің ойға лайық таңдалуынан барып тіркеседі. Ал *қытша бел, қасқал, жүрек жұтқан, сүт пісірім уақыт* сияқты тіркес құрамындағы сөздер тұтас алынып, даяр қалпында қолданылады. Бұл құбылыс фразеологизмдердің мағыналық бірліктің күштілігін көрсетеді. Демек, фразеологизмдер сырты

тұлғасы жағынан еркін сөз тіркесіне ұқсағанымен, құрамындағы сөздердің өзара мағыналық тұтастығымен ерекшеленеді.

Фразеологизмдер жеке сөз сияқты форма және мазмұнға ие тілдік бірліктер. Жеке сөздің формасын тарихи қалыптасқан дыбыстар тіркесімі жасаса, фразеологиялық тіркестің формасын сөздер құрайды. Мәселен, *зығырды қайнау, қанды көйлек дос, малтасын езу*. Фразеологизмдерді тілде атқаратын атауыштық қызметіне байланысты жеке сөзге жақын болғанмен, тұрақты тіркестердің семантикалық құрылымы фразеологиялық мағына мен косымша коннотациялы ренктерден тұрады. *Төбе шашы тік тұру* тіркесін қорку ұғымын беретін жеке сөзбен де, қатты қорку сияқты синтаксистік тіркеспен де беруге болады, алайда өзара синонимдес қатар құрайтын тілдік бірліктердің мәні тұрақты тіркеспен салыстырғанда солғын келеді. Бір нәрседен қатты қорыққанда қорқыныш сезімі іске қосылады. Шартты рефлекс негізінде адамда жалпы мазасыздану, тамырдың қатты соғуы мен тыныс алудың жиілеуі, көз қарашығы ұлғайып, төбе шаштарының тік тұруы сияқты рефлексстер пайда болады.

Тұрақты тіркестер тұтас мағына бүтіндігіне ие болғандықтан, сөйлемде жеке сұраққа жауап беріп, жеке сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Мысалы: *Жиналғандар директордың бұйрығын сәтінде тынып тындап алды да, ләм-мим демеген сөзін қарай бастады* (Қ.Смаділов). *Қанжығасы майланар ғұмыр атты саят пәнидің олжасы қанша?* (С.Сматаев). *Келмей жатып дікіндеп, әнгір таяқ ойнатып, ақыл үйреткеніне зығырды қайнайды* (Б.Тілгенеов). Берілген мысалдардағы фразеологиялық тіркестер пысықтауыш, анықтауыш және баяндауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің зерттелуі І.Кеңесбаевтың еңбектерімен байланысты. 1977 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегінде 10000-ға жуық фразеологиялық тіркес қарастырылған. І.Кеңесбаев фразеологизмдерді өзіне ұқсас тілдік бірліктерден ажыратып танудың басты үш белгісін айқындап береді:

- мағына тұтастығы;
- тіркес тиянақтылығы;
- даяр қалпында жұмсалыу үлгісі (4, 32).

Фразеологизмнің түрлерін тілші-ғалымдар білдіретін мағынасына, құрылымдық ерекшеліктеріне, атқаратын қызметіне қарай топтастырады. Академик В.Виноградов фразеологизмдерді құрастырушы сыңарларының мағыналарының өзара қатысы жағынан алып *фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек* деп үш типтік түрін көрсетеді, ал Н.М.Шанский жоғарыда көрсетілген типтік түрлеріне төртінші етіп *фразеологиялық сөйлемшені* қосады. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты

енбегінде фразеологизмдердің семантикалық категориялары, өзіндік ерекшеліктері мен түрлері туралы пікірін білдіре отырып, Н.М.Шанскийдің ізімен фразеологиялық тіркестерді жоғарыда аталған төрт топқа бөлді. Ол қарастырады да, мақал-мәтелдер мен канатты сөздерді фразеологиялық бірліктер қатарына кіргізу не кіргізбеу даулы мәселе екендігін айтады. М.Балақаев түйдекті тіркестердің жасалу жолының бірі – тұрақты тіркестер деп келіп, қазақ тіл білімінде тұрақты тіркестердің сөз тіркесінің бір сынақ қызметінде жұмсалатындығын алғаш көрсетіп берді. Т.Қордабаев, А.Ысқақов тұрақты тіркестерді *идиомалық тіркестер және фразалық тіркестер* деп екі бөліп көрсетеді (5).

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді арнайы зерттеген І.Кенесбаев тұрақты тіркестерді өз ішінен екі түрге жіктейді: *фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркес*. Фразеологиялық тіркесті өз ішінен жасалу жолдары мен құрамындағы мағыналарының ұйымдасуына қарай *түйін тіркес және түйіс тіркес* деп бөліп көрсетеді. Дегенмен, тілші-ғалымдардың фразеологизмдердің жіктелімін жасаудағы көзқарастары бір-бірінен алыс кетпейді.

Қазіргі әлемдік лингвистикада көрініс тапқан антропоцентристік парадигма негізінде тілдің фразеологиялық жүйесі этнолингвистикалық, когнитивті және лингвомәдени аспект тұрғысынан Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәли, Е.Жанпейісов, З.Ахметжанова, Р.Шойбеков, С.Исабеков, Г.Смағұлова, Г.Сағидолла, Р.Авақова, А.Салқынбай, М.Сабитова, С.Мұратов, С.Сағенова т.б. тілші-ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Бұл бағыттағы зерттеулердің қатарына Ә.Қайдардың «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» атты қазақ тіліндегі орысша фразеологиялық сөздігінде мыңнан аса фразеологизмдер қамтылып, 500-дей фразалық және идиомалық тіркестердің қалыптасуының тарихи-этнографиялық, әлеуметтік-тұрмыстық факторлары қарастырылып, этнолингвистикалық сипаттама берілген.

Этимология – тіл білімінің жеке сөздер мен морфемаларының шығу тарихын зерттейтін саласы. Этимология негізінен екі салаға бөлінеді: ғылыми және халықтық этимология. Ғылыми этимология – сөз төркінін, морфемалар тарихын, дамуын дәл анықтап түсіндіру. Морфеманың алғашқы мағынасын сырын, қандай өзгерістерге түскенін айқындау үшін бес түрлі принцип қолданылады: генеологиялық принцип, фонетикалық принцип, морфологиялық принцип, семантикалық принцип, этиологиялық принцип. Халық этимологиясы – шығу тегі жағынан әртүрлі сөздерді әркімнің өз ұғым-түсінігіне жақындатып қолдануы.

Қазіргі тілімізде кездесетін *ару* сөзін ертедегі қазақ әдебиеті нұсқаларына жиірек кездестіруге болады. *Ару* сөзі «*сұлу, сүйкімді*», «*абзал, ардақты*» деген мәнде жұмсалады. Доспамбет жырау толғауында:

Алғаным Әли ағаның қызы еді,

Қас арудың өзі еді.

Маңдайы күнге тимеген,

Желге шашы үрмеген,

Серпіліп адам бетін көрмеген, – деген өлең жолдарында *сұлу, сүйкімді әйел* мағынасында қолданылады. Академик Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде *ару* сөзінің о бастағы мағынасын байланысты мынадай пікір айтады: «*Ару* сөзінің XV–XVII ғасырлардағы әдеби нұсқаларда *ару ат, ару ұл, ару батыр* тіркестерінің кездесетінін айта келіп, *ару* сөзінің «пәк, таза, кіршіксіз» және «діни ұғымдағы «әулие» мағынасының кенеюі негізінде «игі, мінсіз, асылт күнәсіз» деген ауыспалы мағыналары пайда болған» (6, 47).

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Әдебиеттер:

- 1 Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі (лексикология). – Алматы: Санат, 2004.
- 2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991.
- 3 Қалиев Б. Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы, 2002.
- 4 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
- 5 Ғалиев Қ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.
- 6 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004.

◆ Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

Сөздің лексикалық мағынасы мен ұғымның арақатынасы.

Сөздің атқаратын негізгі қызметі мен оның жалпылауыштық сипаты.

Полисемия құбылысы. Сөздің көпмағыналылық сипатының қалыптасуының себептері.

Лексикалық омонимдер, олардың жасалу сипаты мен пайда болу жолдары.

Тілдегі полисемия құбылыс мен омонимияның өзіне тән ортақ белгілері мен ерекшеліктері.

Тілдің лексикалық жүйесіндегі парадигмалық және синтагмалық қатынастар.

Лексикалық антонимдер, түрлері мен жасалу жолдары, олардың көрнеуі мен шығарма тіліндегі қызметі. Контекстуалды антонимдер. Этимология және оның түрлері, зерттеу аспектілері, «сөздің ішкі формасы» терминінің дефинициясы мен талдануы.

СӨЖ тақырыптары:

- 1 Сөз мағынасының семантикалық құрылымы.
- 2 Қазақ тіл біліміндегі лексикалық семантика мәселесі.
- 3 Тіл ғылымындағы ономазиологиялық және семасиологиялық зерттеу бағыттары.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. –Алматы, 1991.
Хасанов Ф. Қазақ тілінің семантикасы.
Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. –Алматы, 2003.
Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағынасының негіздері. –Алматы, 2002.

4 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

§ 1 Сөз, ұғым және мағына.

Кеңес және қазақ тілші-ғалымдарының сөз туралы анықтамалары өзара салыстыра отырып, сөздің қандай белгілерін негіз етіп алғандығын айқындаңыз.

Сөз – ұғым, мағына және дыбыстық жүйеден тұратын, ойдың сыртқы формасы (Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. –М., 1958. Т. 1. С.21). Сөз – тілдің құрылымдық-семантикалық негізгі бірлігі, ол заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, болмыстағы қатынастарын атап білдіреді. Сөз құрылымы жағынан фонетикалық (сөздің дыбыстық көрінісі), морфологиялық (морфемалар жиынтығы), семантикалық (мағыналы жиынтығы) сипатта болып келеді (Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –А., 2002. 292-б.). Сөз – лексикалық және грамматикалық мағынаның бірлігінен тұратын тілдік единица, сөздің лексикалық мағынасы мен сол сөздің грамматикалық сипатын айқындайтын белгілер болады (Виноградов

В.В. Русский язык (Грамматическое учение о слове). –М., 1972. С.18). Сөз – зат, құбылыс, әрекет атауы ғана емес, сол заттың, құбылыстың, әрекеттің ұғымы, кейде мағынаның бүтін бір жүйесін құрайды (Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // Вопр. Языкознания. –М., 1953. №5. С.4). Слова являются важнейшим средством для говорящего человека сформировать и закрепить звуковыми знаками добытое из действительности обобщенное знание предметов, явлений и т.д. (Булаховский Л.А. Введение в языкознание. –М., 1953. С.19).

Мы должны различать два образа: один, возникающий у нас при произнесении отдельного слова, и другой – при произнесении того или иного словосочетания с этим словом. Весьма вероятно, что первый лишь отвлечение от бесчисленного количества вторых. ... Это «отвлечение» не есть плод научных размышлений, а живой психологический факт, и он может, даже вопреки действительности, представляться как первосущность, а конкретные образы слова – следствием отвлечения. ... (Пешковский А.М. В чем же, наконец, сущность формальной грамматики?// Избранные труды. –М., 1959. С. 93-94).

...Единство слова организуется прежде всего его лексико-семантическим стержнем, который является общим у всех его форм. С этой точки зрения безразлично, имеет ли слово одну, несколько форм или образует целую парадигму форм. ... Здесь предложено различать два понятия и два термина – слово и лексема, т.е. лексическая единица языка, как система форм и функций, осознаваемая на фоне структуры языка в целом, или форма слово и слово (Виноградов В.В. О формах слова // Избранные труды: Исследования по русской грамматике. –М., 1975. С. 36-37).

Берілген сөздердің ішінен тек номинативті қызметке ие бірліктерді теріп жазыңыздар: дыбыс, ұйым, дүкен, табиғат, адамгершілік, ғана, тек, шалқасынан, етпетінен, кейін, қып-қызыл, қайратты, жалын, тазалау, сұрту, ойбай, аһ, уһ, деді, айтты, сөйлеу, он екі, отыз тоғыз, оқулық, мен, оған, бізбен, алды, жанында, артынан, мә-мә, моһ-моһ, шөре-шөре, мияулау, тырс, тарсылдау, теледидар, Жетіқаракшы, Аксу, әуп-әуп, әүпілдек, Жанар, «Мерседес», өйткені, себебі, мейлі, мен, жалғаулық, шылау, септеулік.

Берілген мәтін негізінде гүл, тұсау сөздерінің иеленетін қосымша мағыналарын (түсіндірмелі сөздікті пайдаланыңыз) айқындаңыз: Ау сыртында тұсауымен жайылған бес-алты ат бар (М.Әуезов). Қалың қар аяқ тұсау (Б.Момышұлы). Тұсаукесер рәсіміне қаланың зиялы қауымы мен бұқаралақы ақпарат құралдарының өкілдері, гүл өсіруші әуесқойлар мамандар, мектептің биология пәнінің мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты. Жас баланың тұсауын кесіп, қадам көп болып қуану қазактан басқа қай халықта бар? Жоғалтқаным толып жатыр. Тапқаным не, алғаным не. Ұқсап тұрмын жаны гүл, Жайдары бір ұланға. Тол жатыр мендей ақын, Келе жатқан жана гүлдеп. Көзім – қорқақ, қолым батыр. Өкпем менің бар ма гүлге (Т.Молдағалиев). Сабағынан үзілген гүлдей сол бара жатқан ой дүниесі бөлініп шығып, ақтық рет өз қиясын шарлап, аяулысымен қимай қоштасады (Т.Ахтанов). Үзілген қызғалдақтай өңі солға Кабырғаң көрсен аяп қайысқандай (С.Сейфуллин).

Берілген жағдаят негізінде ауыс мағынаның жасалу тәсілдерін анықтаңыздар: аяқ (адам) – аяқ (ауыл), құлақ (адам) – құлақ (домбыра), сүйек (адам) – сүйек (намыс), гүл (өсімдік) – гүл (сұлулық), ит (жануар) – ит (адам мінезі), ақ (түс) – ақ (сүт өнімдері), қызыл (түс) – қызыл (әскер), серебро (металл) – серебро (посуда), яблоко (плод) – яблоко (глазное), рог (коровы) – рог (охотничий), молодой (человек) – молодой (задор), круг (окружность) – круг (друзей) – круг (спасательный), head (голова) – head (нос судна), fork (вилка) – fork (вилы), record (запись) – record (граммафонная пластинка), foot (ступня) – foot (пехота) – foot (подножка, стойка), paper (бумага) – paper (газет), cereal (хлебные злаки) – cereal (каша), frame (рама) – frame (кадр).

«От» сөзіне берілген сөздік-мақала негізінде контекстік қосымша сөздерін айқындаңыздар.

1 Қызуы аса күшті алаулаған жалын. Ошақтағы от жалындай жанды.

2 Күш-қуат, қажыр-қайрат, жігер (ауыс). Жүрегінде оты бар ер жігіт. Осы жауға аттанып кетпек болды.

Ø От көзді – жанары өткір, айбатты. От кешіп, мұз төсенді – өмірдің ащы тұщысын көп көрді. Отқа салса жанбайды, суға салса батпайды – жаны сүйсінеді. Отқа май құйды – дау-дамайды өршітті. Отқа салды – азап тартқызып қинады. Отқа табынды – отты пір тұтып, соған сыйынды. Отымен кіркір күлімен шықты – есікте жүрді, күң болды. Отымның алды, суымның тұнығы.

тұңғыш, ең алғашқы бала, келін. Оты ошпеді – шаңырағы иесіз қалмады, аты ұмытылмады. Отпен ойнады – пәлеге ұрынды. Отқа түсті – біреу үшін жанын пиде етті. От жүрек – ешнәрседен қорықпайтын батыл, қайсар. От ала келгендей – өте асығыс жүрген адамға айтылады. От алғалы тұр – бәле іздеуге, бүлдіруге дайын тұр. От алып ораққа түсті – ештеңеден тайынбады. От ауызды, орақ тісті – өткір тілді, ділмар, шешен (ҚТС,).

Маған амандаса келген ауыл адамдары қашан қазан оттан түсірілмейінше түкіріктерін жұтынып, төр алдында жарбыып, отырып алатұғын әдеттері. Қызыл оттың ішінен шыбын жанын шүберекке түйіп аман алып шыққан нағыз бақыттыдай көреді. Термометр айналайын денем от екенін көздеріне шұқып, көрсетіп берді. Кішірек қоңыр көздерінде жалтылдаған от бар. Сыртта от жағып, отын жарып, қызмет қылып жүргендердің біреуі сол (Б.Сәкпақбаев).

Берілген мәтін негізінде бір лексика-семантикалық топқа жататын сөздерді көшіріп жазып, олардың арасындағы парадигмалық қатынасты айқындаңыздар.

Құбылмалы көл

Бір көлдің суының дәмі әлденеше түрлі десе, сіз сенер ме едіңіз? Бірақ ғылыми тәжірибе осыны дәлелдейді. Жер қойнауы тас қабат, құм қабат, топырақ қабаты сияқты неше түрлі болатыны белгілі. Тексере келгенде, көл суы нақ осылай түзілетіні белгілі болған. Мәселен, Кольск түбегіндегі Кильден аралында Могильная деп аталатын кішкентай көл бар. Мұнда ешқашан араласпайтын судың үш қабаты байқалады. Ең үстінде жәндіктер мекендейтін су тұщы, одан төменіректегі су тұзды, ал көлдің түбіндегі су күкіртті сутегімен аралас. Демек, онда өсімдік те, жәндік те жоқ. Оның түбіндегі шөгінділер жаздың ыстығында да мұз болып қатып жатады. Бірақ судың температурасы жоғары.

Ғылым бір бөлігі ашы, бір бөлігі тұщы көлдерді (Балқаш көлі) білетіні сияқты, бір жағы суық, бір жағы жылы көлді де біледі. Мұның сыры ондай көлдер әртүрлі географиялық ендікте жатқандықтан болса керек (Ғалам ғажаптары).

§ 2 Тілдің актив және пассив лексикасы

Б.Тимофеевтің «Правильно ли мы говорим?» еңбегінен алына
үзіндімен танысыңыз. Кәсіби сөздерге назар аударыңыз. Кәсіби сөздер
термин сөздерден қандай ерекшелігі бар екендігін тілдік фактілер негізінде
дә йектеңіз.

А как своеобразен язык летчиков... В отличие от таких древних
«профессиональных языков», как морской, он возник всего в начале XX ве
но уже сильно развился и продолжает развиваться.

Не касаясь слов иностранных, но общепонятных (например, «ас» дослов
«туз» по-французски и по-немецки – военный летчик самого высшего класса
остановимся на чисто русских, разговорных словах, получивших у летчи
особое арготическое значение.

«Самоварить» – допускать перегрев радиатора до кипения.

«Побегушка» – деталь магнето, часто отказывающаяся в работе из-
замасливания.

«Божья коровка» – летчик пассажирской линии.

«Жилец» – посторонний предмет, по недосмотру попавший в цилиндр
мотора.

«Козел» – произвольный скачок самолета при посадке.

«Петух» – волна, бьющая при взлете гидросамолета под второй выст
днища.

Некоторые фигуры высшего пилотажа у летчиков носят фамильярные
название, например: «штопор», «бочка», «колокол», «змейка».

Төменде берілген мәтіннен жаргон сөздер мен арготизмдерді тер
жазып, мағынасын ашыңыздар. Жаргондық сипаттағы сөздер мен
тіркестерін қазақ және орыс тілінде сөйлеушілердің қай то
қолданатындығын анықтаңыз: шпор (шпаргалка), универ (университе
апсар-жапсар – (ұрланған нәрсе жапсарда тұр), үй таза ма? (үйде кісі жоқ па
сүйке (сок), дақ үстінде (ақы өз алдына бөлек), шірінкіне (дәнекерші аудагер
алатын ақысы), обшаг (жатақхана), супен (сүйкімсіз), көк мойын ашы (ара
телик (теледидар), жыңды киіну (әдемі киіну), бабки (деньги), хата (квартир
предки (родители), майданщик (поездной вор), ширму крыть (занимать
карманными кражами), чувак (парень), голубятник (вор белья).

Берілген мәтіннен экзотизмдер мен варваризмдерді теріп жазыңыз:
Bonjour, bonjour, – нежно пришепетывала Полина Карповна. Так вот я и говорю:
дома у себя я могу быть мещанином, парвеню (фр. мужланом) и слушаться
своих привычек, но здесь все должно быть en grand (фр. на широкую ногу). – Ал
райт, – повторил за другими и Дима как-то радостно. Ему были известны все
повеления шариата, закона, под которым ходит сам шах (Кондрашов Н.А. др.
Сборник задач и упражнений по введению языкознанию. С. 150).

Когда Томас Хадсон проснулся, с востока дул легкий бриз и песок на пляже
казался елым, как кость, под ярко-голубым небом, и маленькие
облачка, бежавшие высоко вместе с вером, отбрасывали на зеленую воду темные
движущиеся пятна. – Где сеньор хочет завтракать? – спросил Марио. – Где
удобно, только подальше от моря. Ты все расцениваешь с точки зрения
петушиного боя. Машина одолевала последние фыты подъема, и он на минуту
ясно увидел это – Толедо (Э.Хемингуэй).

Холмс қағасынан бір парак қағаз шығарып, үстел үстіне он фунттық
құрды билетін қойды.

– Мистер Сэндфорд, рақым етіп, осы тұрған куәлардың көзінше мына
қағазға қолыңызды қойыңыз.

– Аты-жөніңіз? – деп сұрады Холмс.

– Патрик Кэрнс.

– Гарпуншымысыз?

– Иә, сэр. Жиырма алты рейсте болдым (Б.Сокрақбаев).

Прочитайте отрывки из книги К.И.Чуковского «От двух до пяти» и
сделайте вывод о том, как ребенок воспринимает фразеологические
обороты.

а) Отец как-то сказал, что шоколадную плитку нужно отложить на черный
день, когда не будет другого сладкого. Трехлетняя дочка решила, что день будет
черного цвета, и очень долго и нетерпеливо ждала, когда же придет этот день.

б) Четырехлетняя Светлана спросила у матери, скоро ли наступит лето.

– Скоро. Ты оглянуться не успеешь.

Светлана стала как-то странно вертеться.

– Я оглядываюсь, оглядываюсь, а лета все нету.

в) Вот выпадает снег, ударят морозы...

– А я тогда не выйду на улицу.

– Почему?

– А чтоб меня морозы не ударили.

г) – С тобой голову потеряешь, ей-богу, – говорит, например, сердитая мать.

– Со мной не потеряешь: найду – подниму.

д) Четырехлетняя Оля, привезенная матерью к тетке в Москву, долго смотрела на нее и на дядю и наконец, во время чаепития, разочарованно и очень громко воскликнула:

– Мама, ты говорила, что дядя сидит у теты Анюты на шее, а он все время сидит на стуле (Кондрашов Н.А. и др. Сборник задач и упр., 159).

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Дәріс 5

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі мен құрамы

Дәріс жоспары:

- 1 Сөзжасам – тіл білімінің жеке саласы.
- 2 Сөзжасамның тілдің өзге салаларымен байланысы.
- 3 Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі мен сөзжасам тәсілдері.
- 4 Туынды сөздер және олардың өзіне тән тілдік белгілері.
- 5 Сөзжасамдық бірліктер: сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық саты.

1 Сөзжасам – тіл білімінің жеке саласы. Сөзжасам – жана атау жасау қызметін жүзеге асырады. Жаңа номинативті бірліктердің жасалу түрлері мен тәсілдері, сөзжасам бірліктері мен сөзжасам үдерісіне қатысты мәселелерді зерттеумен айналысатын тіл білімінің бір саласы. Қазақ тіл білімінде сөзжасамның жеке ғылым саламы ретінде қалыптасуы Н.Оралбаеваның еңбектерімен тікелей байланысты. Сөзжасамның зерттеу нысаны – мағынасы мен дыбысталуы жағынан түбірлес лексемалармен байланысты сөздер.

Сөзжасамның лингвистикалық негізі ретінде түбір мен жұрнақ және олардың арасындағы байланыс алынады. Қандай да бір сөздің жұрнақ қабылдау, яғни сөзжасамдық формант таңдау қабілеті сөздің лексикалық мағынасына тікелей байланысты. Сөзжасамдық формант несеме сөзжасамдық жұрнақ – тұрпаты мен мағынасы жағынан ең кіші сөзжасамдық құрал.

Түркі тілдерінің сөзжасам жүйесі өзара ұқсас болып келеді. Тілдік жүйедегі фоно-морфо-семантикалық ортақтықтар сияқты сөзжасамдық ортақтықтар да тілдің о баста бір негізден тарағандығының негізін құрайды. Мәселен, Қаракемер гидронимдік атауындағы *кемер* сөзі тува тілінде кем түрінде дыбысталып «өзен» мағынасын білдіреді.

2 Сөзжасамның тілдің өзге ғылым салаларымен байланысы. Тіл білімінің салалары бір-бірімен тығыз байланысты. Әсіресе, сөзжасамның *морфологиямен* тығыз байланыста, өйткені сөз құрамын анықтауға морфологияның да, сөзжасамның да қатысы бар. Қазақ тілінің сөз құрамы түбір және қосымша морфемадан тұрады. Сөзжасам жана сөз жасаушы сөзжасамдық жұрнақтарды зерттеп, сөз мағынасына өзгеріс енгізсе, морфология грамматикалық тұлғаларды мен грамматикалық мағыналарды қоса зерттейді. Мәселен, тілдің

тарихи даму барысында кейбір септік жалғаулары (*етпетінен, шалқасын, басқа, өзге, бірге*) түбірмен бірігіп жаңа мағынаны иеленген. Яғни, мұнда септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстыру қызметін емес, сөзжасамдық қызмет атқарып тұр. Түбір сөзді морфологиялық және сөзжасамдық аспектіде қарастыруға болады. Түбір сөз сөзжасамдық тұрғыдан негізгі түбір сөз жаңа туынды сөз түрінде қарастырылады. Негізгі түбір сөз бен туынды сөзді анықтау олардың арасындағы семантикалық байланысты айқындау сөзжасамдық аспектіде қарастыратын мәселелерінің бірінен саналады. Негізгі түбір сөзді ары қарай бөлшектеуге келмейді және дербес лексикалық мағынаны иеленеді. Осы негізгі түбір сөздің мағынасы тілде табиғи түрде берілген мағына сияқты болып көрінеді. Ал туынды сөздің құрамы мен мағынасын қалай жасалғанын айқындауға болады. Мәселен, оқытушы, оқулық, оқырман, қонақ, сөз сөзкермен т.б.

Сөзжасамның синтаксистен байланысы. Сөзжасамның синтаксистік тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер өзінің шығу тегі жағынан сөз тіркестеріне барып тірелетіні белгілі. Қазақ тілінде күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің белгілерін көруге болады. Мәселен, *қара торғай, кәрі жілік, күздік бидай, ұн хат* күрделі сөздер құрамындағы сынарлары анықтауыштық сөз тіркесі үлгі бойынша түзілген. Күрделі сөздердің қазіргі жасалу үлгілерінен еркін сөз тіркесінің барлық тәсілдеріне қатысты үлгілерді көруге болады. Дегенмен күрделі сөздер мен еркін сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Сөзжасамның лексикологиямен байланысы. Сөзжасам сөздік құрамы жаңа сөздер арқылы толығын зерттеу нысаны етіп алса, лексикология ғылымы тілдегі барлық сөздердің жиынтығы мен олардың мағыналарын зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Сөзжасам сөзжасамдық модельдер арқылы тілдік қарым-қатынасқа қажетті атау жасайды. Қоғам қажеттілігін өтейтін жаңа атау қалыптастыру, жаңадан пайда болған ұғымды сөзбен таңбалау үдерісі сөзжасамның негізгі міндеттерінің бірінен саналады.

Сөзжасам да, лексикология да сөздің мағынасын зерттейді. Екі ғылым саласы сөз мағынасын әр қырынан қарастырады. Сөзжасам сөзжасамдық мағынаны, ал лексикология сөздің лексикалық мағынасын қарастырады. Туынды лексикалық мағынаның қай түбір сөздің мағынасы негізінде жасалғанын анықтамайынша, сөзжасамдық мағынаны айқындау мүмкін болмайды. Мәселен, *қонақ* деген туынды сөздің мағынасына негіз болған қонақ сөзінің мағынасы, сол сияқты *ақта – ақ, шабуыл, шабу – шап, тігіс – тігу* т.б.

Сөзжасамның ономазиологиямен байланысы. Ономазиология – жаңа пайда болған ұғымның алғашқы суреттемелі түрде аталуынан басталып, атауға жеткенге дейінгі әрекетті зерттейді. Ал тілдегі қандай атау болмасын сөзжасам тәсілі арқылы жасалып, қоғам қажеттілігінен туындаған түрлі ұғымдарды таңбалайды. Жоғарыда көрсетілген екі саланың өзара байланысы қоғам қажеттілігіне орай пайда болған заттар мен құбылыстарға жаңадан атау беру қызметін атқарады.

3 Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі мен сөзжасам тәсілдері. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан негізгі үш тәсілі бар:

- синтетикалық тәсіл;
- аналитикалық тәсіл;
- лексика-семантикалық тәсіл.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөз бен сөзжасамдық жұрнақ сияқты екі тілдік бірлік қажет. Негіз сөз – туынды сөз жасауға негіз болатын лексикалық мағыналы сөз (1,204). Мысалы: аң – аңшы – аңшылық; дәрі – дәрігер – дәріхана; біл – білім – білімпаз т.б. Осындағы туынды түбір мен негіз сөздің мағынасының байланыстылығы сөзжасамдық ұяда анық көренеді. Бір сөзжасамдық ұяда қанша туынды түбір болса да олар бір-бірімен семантикалық байланыста болады. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір деп аталады. Туынды түбір негіз сөзден сөзжасамдық жұрнақ жалғану арқылы алынады. Демек, туынды түбір негізгі және көмекші морфемадан тұрады. Сөзжасамдық жұрнақтың негізгі қызметі – туынды лексикалық мағына жасау. Жоғарыда көрсетілген *дәрі – дәрігер – дәріхана* дегендегі туынды түбірлердің білдіретін лексикалық мағыналары әртүрлі. Дегенмен, сөзжасамдық жұрнақтардың ішінде сөздің лексикалық мағынасын түбегейлі өзгертпей, сөз мағынасын түрлендіретін жұрнақтар да бар. Осыған орай, сөзжасамдық жұрнақтар өз ішінен екіге бөлінеді: жаңа лексикалық мағына тудырушы жұрнақтар және лексикалық мағынаны түрлендіруші жұрнақтар. Кеңес тіл білімінде сөз мағынасын түрлендіруші жұрнақтар «модифицирующие значение» деп аталады. Мысалы: ана – анажан, бөпе – бөпешім (еркелету); көл – көлшік, бота – ботакан (кішірейту) т.б. Сөз түбіріне жалғанған жұрнақтар өзі жалғанған сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оны түрлендіріп тұр.

Аналитикалық тәсіл – тіліміздің сөздік қорын күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсілдің бірі. Аналитикалық тәсіл – екі немесе одан да көп

сөздердің бір-бірімен тіркесуі, бірігуі, қосарлануы арқылы жасалады. Соған орай қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі қалыптасқан: сөзжасам қосарлау, тіркестіру; қысқарту (2,205). Сөзжасам тәсілі арқылы жасалған сөздер біріккен (кіріккен) сөздер деп аталады. Біріктіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер құрамындағы әрбір сөз тұлғалық өзгеріске ұшырамайды: құрбақ, аскербасы, аққу, көзәйнек, асбұршақ, егеуқұйрық, сужылан т.б. Мұндағы тілдік бірліктер құрамындағы сөздер дербес тұрғандағы тұлғасын сақтағаннан кейін лексикалық мағыналары өзара біріге келіп бір бүтін лексикалық мағына иеленген.

Ал кіріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздер құрамындағы тілдік бірліктер дыбыстық өзгеріске ұшырап, бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді: ағай (аға + іні), білезік (білек + жүзік), қолғап (қол + қап), түрегел (тұра + кел), алып (алып + бар) т.б.

Қосарлану тәсілі – екі сөздің бір-бірімен қосарлана келіп, біртұтас мағыналы сөз жасайтын тәсілі. Мұндай сөздер қазіргі қазақ тілі жүйесінде сөздер деп аталады. Сөзжасам тәсілі арқылы құрамындағы сөздер бір-бірімен бірігіп табынан болуы керек. Оның құрамындағы сөздер не қосарланып келуі арқылы жасалады: бау-бақша, жора-жолдас, үлгі-өнеге, сауыт-сайман, сән-салтанат, тас; не қайталануы арқылы жасалады: мая-мая, ауызба-ауыз, көре-көре т.б.

Тіркесті күрделі сөздер екі не одан да көп мағыналы сынарлардан жасалып біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді. Тіркесті күрделі сөздер құрамындағы сөздердің құрамы тұрақты, сынарларының орнын ауыстыруға болмайды. Мәселен, ауыз әдебиеті, жалаң аяқ, қызыл күрең, ала жаздай, ортан жілік, күл көк т.б.

Сөзді қысқартып, ықшамдап, айтуға жеңілдетіп қолдану тілде қазіргі заманнан бар. Сөзжасамның жаңа мағына тудыру қасиеті қысқарған сөздерде жоқ. Дегенмен, қысқарған сөздер сөзжасамға жатады. Өйткені қысқарған сөздер күрделі атаудың бір нұсқасы ретінде дербес сөздің қызметін атқарады. Қысқарған сөздерде сөзге қойылатын барлық талаптарға, яғни дербес лексикалық мағынаны иеленеді, дербес сөз ретінде сөйлем ішінде жеке сұраққа жауап беріп, жеке сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Сол себепті қысқарған сөздер жеке сөз ретінде қызмет атқарады.

4 Туынды сөздер және өзіндік тілдік белгілері. Сөзжасам саласының негізін зерттеу нысаны – туынды сөздер. Туынды сөздер – сөзжасам тәсілдер арқылы сөзжасам үлгілерінің бірі бойынша жасалып, сөздік қорға енген лексикалық единицалар. Қазақ тілінің сөздік қоры туынды сөздерге өте бай. Туынды сөздер

тобын туынды түбірден басқа сөзжасам тәсілі арқылы біріккен сөздер, кіріккен және қысқарған сөздер құрайды. Негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағына байланыстылығы сөзжасамдағы негізгі заңдылықтардың бірі. Мұндай тілдік белгі туынды сөздердің бір түрі саналатын күрделі сөздерге де қатысты.

Туынды сөздің құрамы негізгі және көмекші морфемадан немесе екі негізгі морфемадан құралады. Мысалы, *оқулық, дәрігер, қосақ, тұрақ, отырыс, тыңдарман* деген тілдік бірліктердің құрамы негізгі және көмекші морфемадан құралған. Ал, *елбасы, мұражай, саябақ, бағдаршам* бірліктерінің құрамы екі негізгі морфемадан құралған. Сөзжасамның семантикалық тәсілі арқылы туынды сөздердің құрамында өзгеріс болмайды. Мәселен, экономикалық термин ретінде қолданысқа түскен *құл* сөзі туынды сөз саналады. Себебі *құл* сөзі жалпыхалықтық санада қалыптасқан лексикалық мағынасының үстіне жаңа ғылыми мағынаны иеленген, бірақ тұлғасында еш өзгеріс жоқ. Сонымен қатар тіркестіру және қосарлау тәсілі арқылы алынған күрделі сөздер де туынды сөздерге жатады: *ой-өріс, сәт-дәстүр, азық-түлік, жеміс-жидек* т.б.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі туынды сөздерді өзіне сырттай ұқсас сөзтұлғасы мен сөз тіркестерінен ажырата білуіміз керек. Тілде әр сөз грамматикалық категория көрсеткіштері бойынша түрленіп, түрлі сөз формаларын жасайды, сол сияқты бір түбірден өрбіген түбірлес сөздер де бар. Осы түбірлес сөздер әртүрлі лексикалық мағынаны иеленетіндіктен, сөйлеу үдерісінде грамматикалық көрсеткіштер бойынша түрлене алады. Мәселен, *бас* деген түбірден тараған *басшы, бастық* сияқты сөзжасамдық тарамдағы түбірлес сөздерді *басшының, бастыққа, басшыны, бастықпен* сияқты септік категориясының түрлі тұлғасында қолданылып, бағыттық, құралдық сияқты грамматикалық мағыналарды атқарып тұр.

Күрделі сөз құрамындағы сынарлардың лексикалық мағыналары біріге келіп, бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді. Мұндай күрделі сөздердің құрамы тұрақты, тілде даяр калпында қолданылады. Ал еркін сөз тіркесі құрамындағы сынарлар сөйлем құраушы жеке мүшенің қызметін атқарып, жеке лексикалық немесе лексика-грамматикалық мағыналарды иеленеді.

5 Сөзжасамдық бірліктер: сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық саты. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі тілдің сөздік қорын байытуда үлкен қызмет атқарады. Сөзжасамдық ұя бір сөздің негізінде туынды түбір сөздердің жасалуының жолын айқындайды. Мәселен, *ән, әндет, әндеткіз, әндеттер, әнқой, әнқойлық, әнсымақ, әнші, әншілік, әншілдік* сөзжасамдық ұядағы туынды

Сөзжасамдық тізбек және сөзжасамдық саты дегеніміз не? Сөзжасамның синтетикалық тәсілі туралы түсінік. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі туралы түсінік. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі туралы түсінік. Туынды сөздер және оларға тән тілдік ерекшеліктері. Күрделі сөздер, олардың жасалуы мен өзіне тән тілдік белгілері.

СӨЖ тақырыптары:

- 1 Қазақ тілінің тарихи сөзжасам жүйесі.
- 2 Тіл біліміндегі күрделі сөздер және олардың түрлері.
- 3 Тарихи туынды етістіктер мен сөзтудырушы модельдер.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы, 2003.
Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы (Оқулық). – Алматы, 2002.
Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989.
Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы, 1999.
Қасым Б. Қазақ тілдегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2000.
Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
Қасым Б. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2000.

5 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

§ 1 Сөз формасы және сөзжасамдық модельдер

Берілген үлгіге сәйкестендіріп білу, жол, ақ сөздерінен өрбіген сөзжасамдық ұясын түзіңіз.

Үлгі: жел, желбегей, желбезек, желбірет, желдей, желдендір, желдендір, желкек, желкем, желкен, желт, желті, желтігіш, желтілдек, желік, желіктендір, т.б.

Берілген сөздерге морфемдік талдау жасаңыз: түсінік, гүлзар, оқытушы, көрермен, азанда, етпетінен, оқулық, тұрақты, араласу, сүйкімді, қатысты, гүл кітаби, басқар, ұшқыш, ағартушы, сүзгіш, келімсек, егіншілік, білімгер, білдірмекші, баспагер, бейтарап, беймезгіл, наразы, ақылгөй, тезірек, сазгер.

Этимологиялық сөздіктің көмегімен берілген сөздердің о бастағы түбірін айқындаңыз: утром (утро, утренний), азанда (азан, азанымен), оқулық (оқытушы, оқырман), землянка (земля, земляной), овсянка (овес, овсяный), тыңдарман (тыңдау, тыңшы), hand (hahdle, handy), ұйымдастыру (ұйым, ұйымшыл), өріс (өру, өрбіту).

Берілген сөздердің омонимдес түбірлерін айқындаңыз: бас, басшы, бастық, басқару, басқызу, бастырт; водить, вожделение, вода, поводок, водный, наводнение, заводить; кыс, кыстық, кыстыр, кыска, кыскы, кысқарту, кысу;

Сөздің аналитикалық формасын синтетикалық формадан ажыратыңыз: мая-мая, қызылша, басқыш, қызыл алма, жұлдызша, тутұғыр, айлық, ҚазҰУ, жайдары, темір жол, сары май.

Берілген сөйлемдерден неологизмдерді теріп жазып, оларды сөзжасамдық сипаты тұрғысынан талдаңыз.

Демек, Қазақстан және оның қанатын кеңге жайған ұлттық компаниясы ядролық шикізат өндірісінде ғана емес, сонымен бірге, әлемдік сирек металдар рыногында да көшбасшы болуға талпынып, нақты жоспармен жұмыс істеп жатқан дәуіс елінің негіз бағы «Қазақстан» ұлттық арнасынан әр жексенбінің кешінде берілетін «Сыр-сұхбат» бағдарламасының ендігі тележүргізушісі – Жандарбек. «Айқын», 31 шілде, 2014 жыл.

Әрине, тележобалардың дәстүрлі әдеті бойынша, ол кезде бағдарлама атауы құпия сақталған. «Айқын», 31 шілде, 2014 жыл.

«Мызғымас бауырластық – 2014» оқу-жаттығуына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінен Аэроұтқыр әскерлерінің батальон басқармасы, десантты-шабуылдау ротасы қатысады. «Ана тілі», 6 тамыз, 2014 жыл.

Марс атмосферасындағы электрондардың ең үлкен тығыздығы шамамен 130 шақырым биіктікте, ғаламшар бетінің орташа деңгейіндегі толық қысымы 6,5 – 2,0 миллибар, яғни жер бетіндегі қысымнан 160 есе аз. «Ана тілі», 6 тамыз, 2014 жыл.

Осыдан алты жыл бұрын Аспанастаны елі «Көрікті мекен» дейтін қазақ халқы жайлы тамаша туынды түсіріп, оны елімізде тұшынып көрген едік. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз, 2011 жыл.

Айтарлықтай табиғи ресурстарға және өор адами әлеуетке ие бола отырып біздің өңір жаһандық экономикалық үдерістердің және әлемдік геосаясаттын

ажырамас бөлігіне айналып отыр, деп атап көрсеткен Қазақ Республикасының Президенті Н.Назарбаев. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008.

Дәстүрлі сән-салтанатпен жүздесу орны болып табылатын дендросаябақ «Жас жұбайлар» аллеясы пайдалануға берілді. «Қазақ әдебиеті», 29 қыркүйек 2011.

Дәріс 6

Тілдің морфологиялық құрылымы мен жүйесі

Дәріс жоспары:

- 1 Сөз құрамы, морфема және оның түрлері.
- 2 Грамматикалық ұғымдар: грамматикалық мағына, форма және категория.
- 3 Грамматикалық категория және оның түрлері.
- 4 Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері мен жолдары.
- 5 Сөз таптары және оның морфологиялық құрылымы.

1 Сөз құрамы, морфема және оның түрлері.

Тілдің барлық саласының зерттеу нысаны сөз болғанмен, әрқайсысы түрлі-түрлі аспектілерден зерттеледі. Морфологиялық аспекті бойынша, сөз дегеніміз – сөйлем құрауға негіз болатын мағыналы бөлшек, тілдік жүйенің грамматикалық мағыналардың түзілуіне ұйытқы болатын тілдік бірлік (1,2). Морфология пәнінің зерттеу нысаны – сөз формаларының парадигмалық жүйесі мен сөз формаларының ортақ белгілеріне қарай топтастырылған грамматикалық категориялар. Сөздің морфологиялық құрамы сөйлеу үдерісіндегі сөз морфемалық бөліктерден құралуына байланысты. Сөздің морфологиялық құрылымы үш бөліктен тұрады: түбір морфема, негіз морфема және қосымша морфема. Сөз құрамындағы әрбір морфеманың білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі бар. Сөз түбіріне жалғанатын қосымша морфемалар лексикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық мағыналар үстей

Түбір морфема – ары қарай бөлшектеуге келмейтін тұлғалық, әрі мағыналық дербестігі бар тілдік бірлік. К.Аханов негіз бен түбірдің айырмашылығы сөздің лексика-грамматикалық топтарына байланысты деп көрсетеді. Түбір морфема бірнеше сөз таптарының жасалуына ықпал етсе, негіз морфема лексика-грамматикалық топ формаларына ортақ болады. Мысалы: *көз* (түбір), *көзде* (негіз, етістік), *көзсіз* (негіз, сын есім).

Қосымша морфема – түбір морфемаға жалғанып, белгілі бір лексика-грамматикалық мағынаны иеленетін формалар. Қазақ тілінде қосымша морфема *жұрнақ* және *жалғау* болып бөлінеді. Жұрнақтың өзі білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметіне байланысты сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтар деп жіктеледі. Сөз тудырушы жұрнақтар түбір сөзге жалғану арқылы таза лексикалық мағына үстейді. Мұны тіл білімінде деривациялық мағына деп атайды. Ал сөз түрлендіруші немесе функционалды-грамматикалық жұрнақтар өзі жалғанған сөзге лексика-грамматикалық мағына үстейді, яғни сөздің лексикалық мағынасы түбегейлі өзгертпей, сәл де болса мағыналық реңк үстейді. Мысалы: *кілем* – *кілемше*, *ұзын* – *ұзынша*, *құлын* – *құлыншак*, *қызыл* – *қызылырақ*, *қызылдау*, *әке* – *әкетай* т.б. Мағынаның бұл түрі реляциялық мағына деп аталады.

Қазақ тілінде жалғаудың төрт түрі көрсетіледі: көптік, септік, тәуелдік және жіктік. Ә.Ибатов жалғауды сөз жалғастырушы жұрнақтар деп те атайды. Жалғаулар өзі жалғанған түбір не негіз морфемаға таза грамматикалық мағына үстейді. Жалғаулардың атқаратын қызметі мен білдіретін мағынасы сөйлеу үдерісіндегі жұмсалымдық сипатына сәйкес болады. Агглютинативті типті тілдерде сөз құрамы түбір мен қосымша морфемалардан тұрады.

Нөлдік форма – сөйлеу процесінде сөздің формалық көрсеткіші түсіп қалғанымен, ол тұлға білдіретін грамматикалық мағынаның сақталып қалуынан және сөздердің өзара арнайы грамматикалық көрсеткіші грамматикалық байланысына негізделіп қалыптасқан, грамматикалық мағынасы сөйлеу кезінде ғана анықталатын форма (2,50).

Бір тілдегі грамматикалық мағына мен сол мағынаның берілу амал-тәсілдері – сол тілдің грамматикалық құрылымы деп аталады. Грамматика екі салаға бөлінеді: морфология және синтаксис. Морфологияның негізгі нысаны – морфтар мен морфемалар. Морф немесе морфема – сөз формасының ең қысқа мағыналы бөлшегі. Морфемалар үш түрлі белгісіне қарай ажыратылады: білдіретін мағынасының сипатына қарай, сөз ішіндегі орны мен сөз ішіндегі атқаратын қызметіне қарай. Құрамына қарай морфемалар үшке бөлінеді: түбір

морфема, негіз морфема және косымша морфема. Түбір морфема – сөздің қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі. Негіз морфема сөз іші бөлшектеуге келеді де, оның әрбір компоненті белгілі бір мағынаны білдіреді. Морфема сөз бен сөз формасының құрамды бөлігі, морфема сөз ішінде ғана, ішіндегі единица ретінде қолданылады. Сөз – тілдің номинативті единица сөйлем – тілдің коммуникативті единицасы, ал морфема – тілдің құрылымды единицасы, яғни лексика-грамматикалық мағына білдіруші құрал.

Жалпы морфема атаулы үш түрлі мағынаны білдіреді: заттық мағына, деривативті мағына және релятивті мағына. Заттық мағына – сөз (морфеманың) белгілі бір ұғымды білдіру мағынасы. Ондай мағынаны түбірі және негіз морфема иеленеді. Деривативті мағыналы морфемалар заттық мағынаны нақтылай түсумен бірге ол мағынаны толықтыра, нақтылай түседі. Релятивті мағыналы морфемалар сөз ішіндегі қатынасты айқындайтын, әрі сөз түрлендіруші жұрнақтар арқылы алынатын мағына.

Аффикстік морфема қатарына *префикс, постфикс, инфикс, интерфикс, трансфикс, конфикс* жатқызылады. *Префикс* – түбірдің алдынан қолданылатын аффикс. *Постфикс* – сөз түбірі мен сөз негізінен кейін жалғанатын аффикс. Бір сөз түбір немесе екі негіздің басын қосып, жалғастырушы аффиксті *интерфикс* дейді. *Трансфикс* – семит-хамит тілдеріне тән аффикс түрі. Бірыңғай дауысты дыбыстан құралған сөз түбірін жарып кіретін дауысты дыбыс.

2 Грамматикалық ұғымдар: грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория. Тілдегі әрбір сөз дербес лексикалық мағынаны иеленумен қатар, жалпы грамматикалық мағынасы болады. Грамматикалық мағына – сол сөздің лексикалық мағынасының жалпыланған немесе сөйлеу үдерісінде түрлі грамматикалық тұлғалардың жалғануы арқылы алынатын мағынаның түрі. Грамматикалық мағына – сөзге әр түрлі тұлғаларды үстелуі арқылы түрлену нәтижесінде алынады. Тіл-тілде грамматикалық мағыналар грамматикалық формалар арқылы беріледі. Бір сөз бірнеше формаларды иеленуі мүмкін. Мысалы: *орындық, орындықтың, орындықпен, орындықтар, орындығың* т.б. Сөз формасы деп сөздің лексикалық мағынасына үстелетін грамматикалық мағыналардың формаларын айтамыз. Бірнеше грамматикалық мағынаны иеленген грамматикалық формалар сөздің бірнеше формасын құрайды.

Грамматикалық мағынаның түрлері. Грамматикалық мағына жасалу тәсіліне қарай сөздің грамматикалық сипатын айқындау мәніне қарай *жалпы грамматикалық мағына, категориялды грамматикалық мағына және қатысты грамматикалық мағына*. Лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы алынатын грамматикалық мағынаны *жалпы грамматикалық мағына* дейді.

атаймыз (3,419). Жалпы грамматикалық мағына грамматикалық формасыз алынады. Жалпы грамматикалық мағына сөз таптарының семантикалық сипаты болып табылады. Себебі сөздерді сөз тобына топтастырғанда сөздердің ішкі семантикалық жақтан жауындығы, ортақтығы негіз болады. Сөздерді топтастырудың семантикалық принципі жалпы грамматикалық мағынаға негізделеді.

Категориялды грамматикалық мағына сөзге түрлі грамматикалық формалардың жалғануы арқылы алынады. Осы грамматикалық формалардың жалғануы арқылы белгілі бір сөз топтарының түрлену жүйесін айқындауға болады. Мәселен, зат есімді сөздер тобына тәуелдеу, көптеу, септеу жүйесі тән болса, етістіктерге жіктелу жүйесі тән. Осылайша, категориялды грамматикалық мағына белгілі грамматикалық сөздер тобының түрлену жүйесін, парадигмалық сипатын, грамматикалық және лексика-грамматикалық жүйесін айқындап береді.

Сөздің сөйлеу үдерісінде өзге сөздермен тіркесуі, байланысқа түсуі (негіз сөз бен көмекші сөз, орын тәртібі, интонация т.б.) негізінде *қатысты грамматикалық мағына* туындайды. Қатысты грамматикалық мағына арқылы сөздің сөйлемде атқаратын қызметіне байланысты сөздерді топтастырудың синтаксистік принципін құрайды. Сонымен, тілдегі сөздерді сөз табына топтастырғанда жоғарыда аталған жалпы грамматикалық, категориялды грамматикалық және қатысты грамматикалық мағыналар негіз болады.

Түрлі грамматикалық мағыналарды білдіретін сөз формаларын грамматикалық формалар деп атаймыз. Сөз формаларының екі түрі бар: *синтетикалық және аналитикалық формалар*. Енді осы формаларға жеке-жеке тоқталайық.

Сөздің синтетикалық формалары. Сөздің синтетикалық формалары аффиксация тәсілі және ішкі флексия тәсілі арқылы жасалады. Аффиксация тәсілінің дүние жүзі тілдерінің грамматикалық құрылымына сәйкес *префикс, инфикс, интерфикс, конфикс, суффикс, трансфикс, приставка* сияқты түрлері кездеседі.

Үндіевропа тілдерінде сөздің синтетикалық формалары түбір морфема құрамындағы дыбыстардың алмасуы, яғни ішкі флексия тәсілі арқылы жасалады. Мысалы: *man – men, foot – feet* т.б. Ішкі немесе сыртқы флексиялар сөзге грамматикалық мағына үстейтін морфологиялық формалар саналады.

Сөз түбірін немесе сөз негізін бөліп-жарып кірігіп, түбір немесе негіз ортасына қосылатын аффикс (4, 225). Инфикс немесе интерфикс тәсілі роман-герман тобындағы тілдер жүйесіне тән.

Ал префикс тәсілі сөз түбірі алдына жалғанып, сөздің лексикалық, лексико-грамматикалық мағынасының өзгерісіне әкеледі. Префиксация тәсілі орыс тілінде приставка түрінде танылады. Мұндағы префикс және приставка терминдері өзара синонимдес терминдер қатарын құрайды. Жалпы префиксация тәсілі үндіевропа тілдері семьясына тән грамматикалық ерекшелік. Мәселен, орыс тілінде сөз түбірі алдына жалғанатын *в, ис, на, по, с, у* (вход, исход, поход, сходить, уход) деривативті мағыналы жұрнақтар болса, *с, делать, про* (делать – сделать, писать – написать, читать – прочитать).

Сөздің аналитикалық формалары. Сөздердің аналитикалық формалары негіз сөз бен көмекші сөздің тіркесінен, сөздердің қосарлануы, сөздердің ортау тәртібі, дауыс ырғағы және интонация арқылы алынады. Көрсетілген тәсілдердің барлығы грамматикалық мағынаның алуынуына негіз болады. Мәселен, тыңдап отыр, жинап жүр, барып жүр деген тіркесімдер бір сөздің аналитикалық формасын құрайды, бұл аналитикалық форманттар негіз сөзден тіркесіп, құрылымдық жақтан осы шактық форманы, семантикалық тұрғыдан созылындық мән үстейді. Демек, көмекші сөз атқаратын грамматикалық қызметі жағынан сөз түрлендіруші морфема сияқты қызмет атқарады. Аналитикалық конструкция лексикалық және грамматикалық мағынада ажыратылмайды. Өйткені *буду читать,* деген формадағы келер шактық мағына жалаң *буду* көмекші етістігімен емес, *читать* деген атауыш сөздің тіркесуі арқылы беріледі.

Грамматикалық мағына жасалу тәсілі мен білдіретін мәніне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және катыстық грамматикалық мағына болып жіктеледі. Лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы алынатын мағына *жалпы грамматикалық мағына* деп аталады. Жалпы грамматикалық мағына грамматикалық формасыз ішкі семантикалық абстракциялануы арқылы қалыптасып, сөздердің семантикалық ортақтығы мен жуықтығы негізінде бір грамматикалық топтарға топтастыруға негіз болады. Осыған орай, жалпы грамматикалық мағына сөздерді сөз табына топтастырудың *семантикалық принципін* құрайды. Мысалы: тас, құм, өзен, мұз – заттық мағынаны; қызыл, жасыл, жақсы, жаман – сындық мағынаны, жүр, мекендеу – сөйлеу, тыңдау – қимылдық мағынаны, яғни жалпы грамматикалық мағына иеленуіне орай зат есім, сын есім және етістіктер жүйесіндегі сөздердің тобын құрайды.

Грамматикалық форма арқылы алынатын мағынаны *категориялық грамматикалық мағына* деп аталады. Категориялық грамматикалық мағына грамматикалық формала арқылы беріліп, сол арқылы белгілі грамматикалық топтағы сөздердің түрлену жүйесі болып табылады, соның нәтижесінде осы грамматикалық топтағы сөздердің грамматикалық немесе лексикалық

грамматикалық категориясын құрауға негіз болады. Мәселен, сөздердің көптік, септік, тәуелдік жалғаулары бойынша түрленуі; сындық мағынаны иеленетін сөздердің шырай жұрнақтарын қабылдауы, қимылдық мағынаны иеленетін сөздердің жақ, шак, етіс тұлғалары бойынша түрленіп, белгілі бір грамматикалық категорияны құрауын айтуға болады. Осылайша, категориялық грамматикалық мағына белгілі грамматикалық сөздер тобының түрлену жүйесін, парадигмалық сипатын айқындайтын сөздерді сөз табына топтастырудың *морфологиялық принципін* құрайды.

Грамматикалық мағына сөйлеу үдерісінде өзге сөздермен тіркесіп, байланысқа түсуі, негізгі сөзге көмекші сөздің тіркесуі, орын тәртібі, интонация арқылы беріліп, сөздердің сөйлемдегі атқаратын қызметімен байланысты болып келеді. Мұны тіл ғылымында *қатыстық грамматикалық мағына* деп атайды (418). Қатыстық грамматикалық мағына сөздердің сөйлемде атқаратын қызметімен байланысты болғандықтан, сөздерді сөз табына топтастырудың *синтаксистік принципін* құрайды. Сонымен, тілдік жүйедегі сөздерді сөз табына топтастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптерді басшылыққа аламыз.

Грамматикалық форма – грамматикалық мағынаны білдіретін грамматикалық тұлғалар. Ешбір грамматикалық тұлғасыз да грамматикалық мағына беріледі. Арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ, белгілі грамматикалық мағынаны білдіретін нөлдік форма бар.

Грамматикалық категория – екі немесе бірнеше грамматикалық мағынаның белгілі бір грамматикалық формалар жүйесі арқылы берілуі. Грамматикалық категорияны танудың басты шарты кемінде екі грамматикалық мағынаның болуы; сол грамматикалық мағыналардың өзара тектес, ынғайлас болуы; сол грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың болуы және бәрінің жинақта келе белгілі парадигмалық жүйе құрауы. Мәселен, салт-сабақтылық категориясы етістік түбірдің таза семантикалық тәсілі арқылы көрінетін, әрі табыс септік формасы арқылы тура объектіні қажет етуі немесе қажет етпеуі арқылы грамматикалық категория қызметін атқарады.

Грамматикалық категориялар негізінде белгілі бір объективтік болмыс, сындық жатыр. Мәселен, етістікке қатысты шак категориясын алайық. Іс-әрекет белгілі бір уақыт пен кеңістікте жүзеге асырылады. Кеңістік пен уақытқа байланыссыз бірді-бір қимылдың, іс-әрекеттің болуы мүмкін емес. Себебі, бұл адам баласы өмір сүретін қоршаған ортаның шындығы болып табылады. Белгілі бір іс-әрекеттің айтушы тарапынан уақытпен, мезгілмен байланыстырылуы және грамматикалық формалар арқылы жүзеге асуы негізінде шак категориясы туындаған. Бұдан тілдегі грамматикалық категориялардың шықдық болмыс

негізінде қалыптасқандығын байқаймыз, тіл дамуының барысында белгілі бір сөз табының грамматикалық немесе лексика-грамматикалық түрлену жүйесі түзген.

3 Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері мен жолдары. Сөздің бойында лексикалық және грамматикалық мағына болады. Грамматикалық мағына тіл-тілде әр түрлі грамматикалық тәсілдер арқылы, ал айтқанда, аффиксация тәсілі, ішкі флексия тәсілі, косарлану тәсілі, көмекші сөздер тәсілі, сөздердің орын тәртібі тәсілі, екпін тәсілі, интонация тәсілі арқылы беріледі.

Аффиксация тәсілі. Түбір не негіз морфемаға қосымшалар жалғау арқылы грамматикалық мағынаның алынуы аффиксация тәсілі деп аталады. Аффиксация тәсілі көбінесе түркі тілдері жүйесіне тән. *-шық, -қыш, -ла* жұрнақтары сөз түбіріне жалғанып ойыншық, ұшқыш, тазала деген сөздер лексикалық (деривациялық) мағынаны иеленеді, түбір не негіз морфемасы көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғаулары жалғанып грамматикалық (реляциялық) мағынаны білдіреді. Үндіеуропа тілдері жүйесінде аффиксация тәсілі түбірдің фонемалық құрамының өзгеруіне алып келеді. Мысалы: *ден* – *денді*, *днем* – *дней*, *идти* – *идёшь*, *идёте*, *идёшь* – *идёте*, *идёшь* – *идёте* т.б. Орыс тілінде көптеген аффикстер бірден бірнеше мағынаны білдіреді: *гост*+*ям* деген сөздегі *-ям* аффиксі әрі барыс септігінің, әрі зат есімнің көпше түрін білдіреді. Түркі тілдері жүйесінде де бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін аффикстер кездеседі. Мысалы: *бардык*, *оқыдык*, *сөйлескенбіз*, *көреміз* дегенді көрсететін аффикстер әрі жақтық, әрі көптік мағынаны білдіреді. Орыс тілінде түбір мен қосымшаның бір-бірімен әбден жалғаспай, бірақ бір сөздің құрамына құбылысы арқылы түсіндіріледі.

Ішкі флексия тәсілі. Грамматикалық мағынаны алудың келесі бір тәсілі флексия тәсілі. Тіл білімінде флексия тәсілінің екі түрі бар: ішкі флексия және сыртқы флексия. Ішкі флексия тәсілі – түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі арқылы грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі. Ішкі флексия тәсілі көбіне үндіеуропа, семит-хамит тілдері жүйесіне тән. Араб тілінде сөз түбірі тек дауыссыз дыбыстардан құралатыны белгілі. Осы дауыссыз дыбыстардан тұратын түбір морфемасы дауысты дыбыстардың кірігуі арқылы сөздің лексика-грамматикалық жағдайы грамматикалық мағынасы өзгеріп отырады. Мәселен, *ktb* «кітап», *kutub* «кітаптар», *kataba* «жазды», *aktub* «мен жаздым», *uktub* «сен жаз»; осы сияқты ағылшын тілінде *foot* «аяқ», *feet* «аяқтар»; орыс тілінде *убирать* «убирать», *посылать* – *послать*, *ходить* – *хожу*. Демек, түбір құрамына енген жаңа дыбыс немесе түбір құрамындағы дыбыстың түрленуі аффикстің қызметін атқарып тұр. Дегенмен, үндіеуропа тілдері жүйесіне сыртқы флексия құбылысы да тән. Сыртқы флексия тәсілінде аффикстер сөз түбірінен кейін жалғанады: *книга*, *книжки*, *книжки*, *книжечка*, *книжечка*, *книжечка* т.б. Алайда жоғарыда аталған семит-хамит және үндіеуропа тілдері жүйесіндегі аффикстің сөз түбірінің құрамына еніп, онымен бірге жымдасып, кірігіп кету ерекшелігіне сәйкес флективті (копармалы) типті тілдерді құрайды.

хамит және үндіеуропа тілдері жүйесіндегі аффикстің сөз түбірінің құрамына еніп, онымен бірге жымдасып, кірігіп кету ерекшелігіне сәйкес флективті (копармалы) типті тілдерді құрайды.

Косарлану тәсілі. Екі сөздің бір-біріне косарлануы не бір сөздің қайталануы арқылы грамматикалық мағынаны алуға болады. Косарлану тәсілі түркі тілдері жүйесінде кең тараған, әрі сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Мысалы: *кып-кызыл алма*, *мая-мая шөп*, *саба-саба қымыз*, *үлкен-үлкен тастар* т.б. Мұндағы грамматикалық формалар көптік, әрі күшейткіш мағынасын үстеп тұр.

Көмекші сөздер тәсілі. Тілде негізгі атауыш сөздермен бірге көмекші сөздер де болатындығы белгілі. Мәселен, *жаз+у+га келдім*, *жаз+ғалы отырмын* дегенді *жазу үшін келдім* деп те айтуға болады, яғни мұндағы мақсаттық мағынаны не аффикстердің (барыс септігі, көсемше жұрнағы) қызметімен, не көмекші сөздердің қызметімен де беруге болады.

Көмекші сөздердің түрлері көп. Олардың білдіретін мағыналары да алуан түрлі. Көмекші сөздердің бірі ретінде жалғаулықтар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады (*тыңдайық та қайтайық*); септеуліктер сөйлем мүшелерінің бағыныпқылық қатынасын білдіреді (*үйге дейін*, *жұмыстан соң*); демеуліктер негізгі сөзге сұрау, шектеу, күшейту, күдіктену мағынасын үстейді (*барды ма? сен ғана, келмеді-ау, сөзің сөз-ақ екен, айтыпты-мыс*). Көмекші етістіктер негізгі етістіктерге тіркесіп, түрлі грамматикалық мағыналарды иеленеді. Мысалы: *айта берді*, *сөйлеп жатыр* – істің созылыпқылығын, *айта қойды*, *сөйлеп жатыр* – істің тездігін, шапшаң орындалғанын білдіреді. Сол сияқты көмекші сөздер тәсілі роман және герман тілдерінде қолданылатын артикльдер белгілілік пен белгісіздік, жекеше және көптік мағынасын, сондай-ақ тек (род) категориясын бір-бірінен ажырату үшін қолданылады. Мәселен, ағылшын тілінде *the compass* – белгілілік, *a/an compass* – белгісіздік мағынасын иеленеді.

Екпін тәсілі. Тілдегі екпіннің жылжымалы түрі грамматикалық тәсіл ретінде қызмет атқарады. Екпіннің бірінші буыннан келесі буынға жылжуы орыс тілінде лексикалық және грамматикалық мағынаның туындауына әкеледі. Егер екпін *мука* сөзінде бірінші буынға түссе, «кайғы, мұң» мағынасын білдіреді, екінші буынға түсіп «құн» деген жаңа лексикалық мағынаны иеленеді. Оқна сөзінде екпін бірінші буынға түссе жекеше, екінші буынға түсіп көптік мағынаны иеленеді.

Интонация тәсілі. Интонация тәсілі фразға, сөйлемге қатысты болады, интонацияға карап фраза не сөйлемнің сұрау, хабарлау, бұйыру, пайымдау, тұжырымдау немесе көтеріңкі мәнді иеленіп тұрғанын айқындауға болады. Мысалы: *Бүгін емханаға бардың ғой* (пайымдау). *Бүгін емханаға бардың ғой?* (сұрау) т.б. Сөйлемдегі ой (логикалық) екпіннің түсуіне байланысты оның

мән-мағынасы әр түрлі болуы мүмкін. Сіз дәрігерге тексерілуге келдіңіз бе деген сөйлемдегі қолданылатын ой екпініне байланысты жауап та әр түр болуы мүмкін: —Иә, мен (тексерілуге келдім). —Иә, тексерілуге келдім. —Жоқ, тексерілуге келмедім.

Қорыта айтқанда, тіл-тілде грамматикалық мағыналарды білдіруді тәсілдері әр түрлі. Соған байланысты грамматикалық тәсілдер үлкен екі топқа бөлінеді: синтетикалық тәсілдер (аффиксация, ішкі флексия, екпін, қосарлау тәсілдері) және аналитикалық тәсілдер (көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, интонация тәсілдері). Аналитикалық немесе синтетикалық тәсілдердің басымдығына орай дүние жүзі тілдері аналитикалық және синтетикалық типті тілдер болып жіктеледі.

Синтетикалық тәсіл – сөздің грамматикалық мағынасының сөздің өз ішінде қолданылған амалдар арқылы білдіруі болса, аналитикалық тәсіл – сөздің грамматикалық мағынасының сөздің өз ішінде емес, сол сөзден тыс қолданылған амалдар арқылы білдірілуі.

4 Грамматикалық категория және оның түрлері. Грамматикалық категория – біртекті грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығы. Грамматикалық категорияның түзілуіне қойылатын негізгі шарттар: - біртектес грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың болуы; - грамматикалық мағыналардың парадигмалық түрлену жүйесін құрауы тиіс; - грамматикалық мағына өзара қайшылыққа негізделгенмен, екі я одан да көп мән-мағыналар жиынтығынан түзілуі тиіс.

Кез келген грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық категорияның құрамында болады. Тіл-тілде грамматикалық категориялардың көптік, септік, род, жак, шақ, рай, етіс, вид категориялары кездеседі. Белгілі бір грамматикалық категорияның дүние жүзіндегі барлық тілдерде болуы шарт емес. Ол грамматикалық категория бір тілде болғанымен, екінші тілде болмауы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде бір вид (совершенный вид, несовершенный вид) категориясы неміс, француз тілдерінде кездеспейді, сондай-ақ түркі тілдері жүйесіндегі тәуелділік категориясы славян тілдерінде жоқ. Грамматикалық род категориясы орыс, неміс, француз тілдерінде бар, бірақ ол ағылшын тілі мен түркі тілдерінде ұшыраспайды.

Грамматикалық категориялар морфологиялық және синтаксистік категориялар. Грамматикалық

Ескерту: Сөз табы жүйесіне тән грамматикалық категориялар туралы толық мәліметтерді әдебиеттер тізімінде көрсетілген еңбектерден қарауға болады.

Әдебиеттер:

- 1 Момынова Б., Саткенова Ж. Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер. – Алматы, 2007.
- 2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991.
- 3 Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.
- 4 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
- 5 Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. – Алматы, 1953.

◆ Тапсырма

Морфологиялық және синтаксистік категориялар.

Дүние жүзі тілдеріндегі сөздің морфологиялық құрылымы.

Қазақ тіліндегі префикстермен келетін сөздер ерекшеліктері.

Қазақ тіліндегі ішкі және сыртқы флексия туралы түсінік беріңіз.

Тілдік жүйедегі морфема, түбір морфема, негіз және қосымша морфема.

Зат есімнің лексика-семантикалық және сөзжасамдық ерекшеліктері.

Сын есімнің ерекшеліктері туралы және сөзжасамдық ерекшеліктері.

Сан есімнің лексика-семантикалық және сөзжасамдық ерекшеліктері.

Етістіктер жүйесіне тән грамматикалық категориялар жүйесі, өзіндік ерекшелігі.

◆ Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

Грамматикалық ұғымдарға не жатады?

Грамматикалық мағына, грамматикалық форма дегеніміз не?

Грамматикалық мағынаның берілу түрлері мен тәсілдері қандай?

Әлем тілдеріне тән грамматикалық категориялар туралы баяндаңыз.

Дыбыстардың алмасуы немесе ішкі флексия арқылы грамматикалық мағынаның өзгеруі.

Зат есім жүйесіне тән көптік, септік және тәуелділік категориясы туралы баяндаңыз.

Сын есім жүйесіне тән шырай категориясының түрлері мен тілдегі атқаратын қызметі туралы түсінік беріңіз.

Етістік жүйесіне тән шақ, жак, рай және етіс категориясы туралы түсінік беріңіз.

◆ СӨЖ тақырыбы:

- 1 Аналитикалық және синтетикалық типті тілдер жүйесі.

- 2 Қазақ тілі етістіктеріне тән грамматикалық категориялар жүйесі.
- 3 Қазақ және орыс тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясының көрінісі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1 Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2007.
- 2 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2007.
- 3 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
- 4 Жұмсалымды грамматика. Монография-оқулық. – Алматы, 2016.
- 5 Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары. – Алматы, 1980.
- 6 Момынова Б. Саткенова Ж. Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер. – Алматы, 2007.

6 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, өз таңдауыңыз бойынша жеке етістікке семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілер бойынша талдау жасаныз.

Аспан әлемі маған бас көтермей оқи беруге болатын ғажайып қызық кітаптай боп көрінуші еді. Сол кітапты оқып жатып, Арман ауылына саяхат жасам кетемін. Сонау қиял жетпес жұлдыздарға да талай мәрте барып қайтты.

Мен сан қилы қиялға беріліп жатырмын. Қазір жұрттың бәрі қалың ұйқыда. Адамның күні ертең істейтін жұмысы да, алдағы мақсаты да, көңіліне ұялаған арманы да сұмдық көп қой. Әйтсе де, адамдар соның бәрін ұмытып, тәтті ұйқыға беріледі.

Таң қылаң бере бастады ма, аспандағы бұлт ыдыраңқырады ма, әйтеуір түні бойы қап-қара боп тұрған терезе жақ бозамықтануға айналды. Иә, әлемде тағы бір жаңа Күн шығып келе жатса керек. Өмірде күн сайын соны көрудің артық қуаныш жоқ. Жұрттың бәрі одан тек шапағат күтеді. Әрбір таң артық шашып атқан сәтте біреулерге қуаныш сыйласа, енді біреулерге реніш ала келеді ықтимал (Келімбетов Н. Жарлы емеспін, зарлымын).

Берілген орыс және қазақ мәтіндерін негізге ала отырып, екі мәтіндегі грамматикалық және лексика-грамматикалық мағыналарды

жасалуындағы аналитикалық және синтетикалық тәсілдерге талдау жүргізіңіз.

Мать

И потянулись для Найман-аны пустые дни на опустевшей земле. Она понимала, что на войне люди гибнут, но мысли о том, что сын остался брошенным на поле брани, что тело его не предано земле, не давали ей мира и покоя. Терзалась мать горькими, неиссякающими думами. И некому было их высказывать, чтобы облегчить горе, и не кому было обратиться, кроме как самому Богу.

Конца не было сомнениям. И когда заезжие купцы обмолвились за чаепитием о молодом манкурте, повстречавшемся им в сарозеках, не подозревали они, что тем самым бросили искорку в изболевшую душу Найман-аны. Сердце ее захолонуло в тревожном предчувствии. Мать поняла, что не успокоится, пока, разыскав и увидев того манкурта, не убедится, что это не сын ее. (Ч.Айтматов).

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Найман-Ана

Найман-ана тұла бойын билеп алған үрейді, қолының дірілін білдірмеуге тырысып, кеудесіндегі шар еткен жаралы құстың үнін өшіргендей болып, тек бұрыл басынан көптен бері түспей келе жатқан қаралы жаулықпен бетін бүркемелей берді.

Сол бір ұйқысыз өткен түнде Найман-Ана Сарыөзекке барып, әлгі мәнгүрт түйешіні іздеп тауып, өз баласы емес екеніне көзі жеткенше жаны жай таппайтынын ұқты. Ұлының соғыс даласында мерт болғанына бұрыннан да ана жүрегі түскір бір түрлі шүбәлана беретін сияқты еді, сол біл зілмәуір зымиян күдік көкейінен қайта көтерілген... Сонырасыз сол күдікпен жүрегі мәңгі сыздап, ұдайы үрей мендеп жүргенше, өлі-тірісіне біржолата көз жеткізіп қайту керек болды. (Ш. Айтматов).

Берілген мәтін негізінде сөз формаларына формалық және семантикалық тұрғыдан талдау жасаныз.

Осы жұмыр жер бетінде тек Қарекеннің ғана баласы осылайша ерекше жаратылған ба, әлде, барлық әке мен баланың арасында болмай қоймайтын заңды алшақтық па, Ерғабыл даладан келгенде кәрі адамның жанын жадыратып,

айызы мен мейірін кандырып, ашық-жаркын бір сөйлемейді. Сұрақ койса ғарышкер қысқаша жауап береді де, өз бетінше бір нәрсемен айналысып тұрғаны, тіпті ештеңе таба алмаса адам түсініп болмайтын қайдағы бір жок өленді ыңылдырап айтып отырады. Мұндағы ата-аналар өзінен жаркын бір сөз естуге ынтық болып, онсыз өткен екі-үш күндері жылға теңеліп кеткенін, ай тентек-ай, бұл түсінсейші, ой жіберсейші соған бір сөз айта берейші.

Осындай кездерде Қарекен жарыла жаздайды. Ақыры шыдай алмай: "Айтсаңшы күмілжімей, қайда болдың, не іс істедің? Біз бөтенбіз бе осы саған. Үйде бармыз ба, жоқпыз ба, онымен ісің болмайды ғой жүдә-а. Құдай біледі, кіріп келгенде біз өліп жатсақ «о, өліп қапты ғой мына байғұстар» дейсің, қоярсың. Ұнжырғасы түседі де жүреді», - деп ұрысып кеп алады баяғы. Бірақ Ерғабыл: «Не айтамын. Токтарбектің үйінде болдым. Жатып кет, жатып кет де қалыңған соң бір-екі күн түнедім...» - деп сөзінің сонын жұтып қояды.

Ата-ана ашу атаулыны біржолата ұмытып, ұлын жас баладай қарсы алып шешіндіреді, жуындырады. Тамақ береді. Ерғабыл осы кісілердің көнісін қалмасын дей ме, алдына қойған тамақтан аз ғана ауыз тиіп жататын бөлмесіне кіріп кетеді. Екі күні екі жыл боп күткенін білгенде, қараңғыдағы күш басып былай тұрсын, баласына көз тоқтатып қарай да алмай өкініп қала береді.

Қоныр күз келіп, жауын-шашынды сілінгір күн басталды. Ерғабыл жерге көп себетін жұмысшылардың бригадирі болып бекіді. Соңғы кезде ол жұмыстан келген соң бұрынғыдай тасыр-тұсыр ете бермей жақсылап жуынып, шашын майлап, галстугін тағып, мотоциклімен күнде бір жакка ғайып болады.

Дәріс 7

Тіл біліміндегі функционалды грамматика мәселесі

Дәріс жоспары:

- 1 Функционалды грамматика және оның зерттеу нысаны.
- 2 Функционалды грамматика саласының қалыптасуы мен дамуы.
- 3 Функционалды грамматика саласындағы негізгі базалық ұғымдар.

1 Функционалды грамматиканың зерттеу нысаны. Сөйлеуші өз ойын жеткізу үшін тіл деңгейлерінен қажетті тілдік бірліктерді «мазмұннан формаға қарай» тәсілмен ұйымдастырады. Тіл білімінде соңғы жылдары белең алған функционалды бағыт тілдік бірліктердің сөйлеу әрекеті үстіндегі жұмсалымдық сипатын қарастырады. Тілтанымдағы функционалды бағыт тілдік таңба мен болмыс арасындағы байланысты анықтауға негіз болады. Сөздік анықтамаларына тікелей қатылатын қандай да бір әрекет уақыт пен кеңістік аясында жүзеге асырылады.

Функционалды грамматика – тілдік бірліктердің сөйлеу үдерісіндегі функциясын зерттейтін грамматика түрі. Сөйлеу әрекеті үстінде тілдік бірліктер түрлі қызмет атқарады. Мұнда тілдік бірліктердің сөйлеудегі қызметі, жұмсалымдық мағынасы сөйлеу жағдаяттарымен, контекспен бірліктен алып зерттеледі. Функционалды грамматиканың зерттеу нысаны – адам санасында қалыптасқан ойдың мәнін берудегі грамматикалық бірліктердің өзінде тілдік бірліктерімен қарым-қатынастағы қызметін айқындау. Өйткені тілдік фонологиялық, лексикалық және морфологиялық деңгейіне жататын түрлі тілдік бірліктер белгілі бір ойды жеткізу үшін өзара семантикалық тұтастық болып бірлікте қызмет атқарады.

2 Функционалды грамматика саласының қалыптасуы мен дамуы Функционалды грамматиканың грамматиканың ерекше бір түрі ретінде қалыптасуына И.А.Бодуэн де Куртенэнің «математикалық есеп» моделін сәйкеспейтін тілдік ойлау туралы идеясының мәні зор болды. Сонымен қатар жалпы тіл білімінде тілдік бірліктердің атқаратын функциясына назар аудару қажеттілігі туралы концепцияны ұсынған Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері болатын. Функционалды грамматика кеңес тіл білімінде XX ғасырдың екінші жартысында арнайы зерттеу нысанына айналды. Кеңес тіл білімінде тілдік жүйені функционалдык аспект тұрғысынан Ф.И.Буслаев, А.А.Потебня

И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.А.Шахматов және А.М.Пешковский сынды тілші ғалымдар тарапынан зерттеле бастады.

Қазақ тіл білімінде функционалды бағыттағы зерттеулер А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастала бастады. А.Байтұрсынұлы өз зерттеулерінде грамматикалық категорияларды мазмұннан формаға қарай бағытталған семасиологиялық аспектіде қарастырады. А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінде етістік сөздерге табиғи етістің мынадай түрлерін көрсетеді: сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс (1, 42). Құрылымдық грамматикада етіс категориясының төрт түрі көрсетіледі: өзгелік етіс, ортақ етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс. Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінде өткен шақ көрсеткіштерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі көрсетеді. Мәселен, *келін еді, келген еді* деген тіркестерде *келу* қимылының бір реттік мәнін, ал *келетін еді, келуші еді* дегендегі *келу* қимылының бірнеше реттік дағдылы түрде іске асатындығын білдіріп тұр.

Қазақ тіл ғылымында функционалды грамматикаға қатысты зерттеулер З.Ахметжанова, Қ.Рысалды, Т.Абдығалиев, Е.Нұрбаев, А.Салқынбаев, Б.Нуртазина еңбектерінің қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізін қалауда маңызы өте зор. Сонымен қатар М.Жолшаеваның «Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн», О.Жұбаеваның «Предикативті өрістің субъектілі-предикатты бірліктері», А.Жаңабекованың «Құрылымдық және функционалды грамматиканың зерттеу бағыты мен реттеу әдістері» тақырыбындағы докторлық диссертациялық еңбектерін; Б.Қапалбековтің «Грамматикалық және семантикалық категориялардың тілдегі көрінісі», С.Құлмановтың «Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды семантикалық өрісі» тақырыбында қорғалған кандидаттық диссертацияларын атап өтуге болады.

3 Функционалды грамматика саласының негізгі базалық ұғымдары. Функционалды грамматика семантикалық категория, функционалды семантикалық өріс және категориялды жағдаят негізінде қарастырылады.

Семантикалық категория. Құрылымдық грамматикада етістікке тән шақ категориясының білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан толығымен зерттелді. Осы шақ категориясы функционалды грамматикада темпоралды семантикалық категориясын құрайды. Дегенмен семантикалық категориялар өзінше негізіне грамматикалық категорияларды арқау етеді. Семантикалық категориялар, оның ішінде, темпоралды семантикалық категориялар негізделетін функционалды-семантикалық өріс әр деңгейге жататын, біртекті мағына білдіретін немесе біртектес семантикалық функция атқаратын тілдік құралдардың кешенін құрайды (2, 292). Қазіргі тіл білімінің зерттеу нысаны тілдік жүйемен қатар, сөйлеу тілі фактілерін негізге алатындықтан, тілдік

жүйедегі грамматикалық категориялар сөйлеу тілінде семантикалық категория ретінде танылады. Лексикология саласында ұғым мен сөздің байланысы секілді, ұғымдық категориялар мен семантикалық категориялар тығыз байланысты. Ұғым – логикалық категория ретінде жүйе халықтарына ортақ категория саналады, ал оның тілдегі көрінісі әр ұлт өкілдерінде түрліше бейнеленеді. Сонымен, функционалды-семантикалық категория – белгілі бір семантикалық функцияны атқаратын әр деңгейлі тілдік құралдардың жүйесі (2, 299). Семантикалық категориялардың құрылымдық негізін функционалды-семантикалық өріс құрайды.

Функционалды-семантикалық өріс. Тіл біліміндегі өріс теориясын ары қарай дамытушы А.В.Бондарконың түсіндіруі бойынша, дәстүрлі грамматикада бір-біріне байланыссыз қарастырылатын түрлі тіл деңгейі бірліктері семантикалық функцияның ортақтығы негізінде бір өріс аясына жинақталады. Белгілі бір ойды не ақпаратты жеткізуде қолданылатын тілдік бірліктер қызметінің ортақтығы негізінде өріс түзіледі. Мұндай өріс түрі тіл білімінде функционалды-семантикалық өріс деп аталады. Тілдік бірліктер өріске семантикалық функциясының ортақтығы негізінде бірігеді. Қазақ тіл білімінде функционалды-семантикалық өріс негізін салушы – ф.ғ.д., профессор З.К.Ахметжанова.

Қазақ тіліндегі шақ категориясын арнайы қарастырған ғалым Т.Қордабаев – *атын, -етін* аффиксінің келер шақтық мәнді білдіруі мезгіл мәнді сөздерге немесе контекске байланысты болатындығын айтады. Тілші-ғалым *-атын, -етін* формасының негізгі мағынасы ретінде *іс-әрекеттің бірнеше рет іске асуы арқылы дағдылы әрекетті иеленуі туралы* былай дейді: «Мұның өткен шақтық есімшеден өзгешелігі: бұл ертеде болған *іс-әрекеттің* бір рет болмай, бірнеше рет болғандығын немесе оның заттың бойындағы бір кездегі әдетіне, дағдысына, қасиетіне айналғандығын білдіреді. Бірақ бұл өзгешелігі *іс-әрекеттің* ертеде болғандығын қайта айқындай түспесе, осалдатпайды» (3, 65). Мысалы: Қызылбөрік ішінен өзіне сайлап он шақты мықты жігітті ертіп алып, қалмақтан, қырғыздан, айналадағы қазақтан үйірлеп жылқы алып, бірінен біріне өткізіп, ат үсті суық жүріс жүретін (М.Әуезов). Тор бие бұрынғы күйі болса, ұшқан құстан басқаға алдырмайтын (Ғ.Мүсірепов).

-атын, -етін жұрнағын А.Ысқаков өткен шақтың ішінде *айғақты өткен шақтың көрсеткіші* деп береді. Ол айғақты өткен шақты *іс-әрекеттің* басы-қасында сөйлеушінің көзімен көргендей, тыңдаушы әбден қанық боларлықтай етіп жеткізетін форма деп анықтайды. А.Ысқаков *-атын, -етін* тұлғасының бірнеше мағыналарда жұмсалатындығын атап көрсетеді:

- 1) *іс-әрекетті* сөйлеушінің айғақты түрде жеткізетіндігі;
- 2) *іс-әрекеттің* сөйлеу сәтінен бұрын болғандығын білдіреді;
- 3) қимылдың өту сипатын, яғни дағдылы әдетті білдіре алатындығы (4, 56).

Ы.Маманов *-атын, -етін* жұрнағын дағдылы өткен шақ көрсеткіші деп таниды. Өткен шақтың бұл түрін кимыл иесінің ертеден дағдыға айналған іс-әрекетін кимылын білдіретіндігін айтады (5, 111). Сол сияқты, *-ыңқыра, -іңкіре* аффикстері жалғанған сөзге кимылдың жеткілікті аяқталмағандығын, не үдей түсу мәнін қосады. Мысалы: *Алдында тұрған қымыздан бір ұрттап кесені ысырыңқырап қойды.* (О.Бөкей) *Кенже қызы облыс орталығына кеткен күннен бері ыбырсыңқырап қалған ыдыс-аяқты жуып, әр затты тиісті орнына қойды* (О.Бөкей).

Категориялды жағдаят. Кез келген жағдаят түрі сөйлеу процесімен тығыз байланысты. *Категориялды жағдаят* – сөйленіммен берілетін жалпы жағдаяттың бір қырын танытатын және белгілі бір функционалды семантикалық өріске негізделетін типтік мазмұндық құрылым (2, 359). Қимылдың өту сипатының (аспектуалды функционалды-семантикалық өріс) категориялық жағдаяттары сөйленіммен берілетін мазмұндық құрылымдар болып табылады. Мысалы: Ет артынан Сүйіндіктің көптен сауғызып отырған қысырларының сары қымызы да келді. Оны да жақсы *әңгімелесіп, ұзақ отырып иісімі* (М.Әуезов) деген сөйленімде кимылдың созылдық сипатымен бірге жақ, етіс, шақ және модальдылық элементтері қатысты. Осы элементтер бірге жағдаят сөйлеу процесінде айтылатын ой-пікірге қатысты тілдік бірліктердің өзара мағыналық қатынастарына негізделеді.

Әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл құралы.
- 2 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2007.
- 3 Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. – Алматы, 1953.
- 4 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991.
- 5 Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2007.

♦ Тапсырма

Тіл біліміндегі ономазиологиялық және семасиологиялық бағыт жайлы түсінік беріңіз.

Тіл біліміндегі грамматикалық және семантикалық категориялар туралы түсінік беріңіз.

Құрылымдық және функционалды грамматиканың өзара қатынасы туралы баяндаңыз.

Қазақ тіл біліміндегі функционалды-семантикалық өріс түрлері туралы баяндаңыз.

♦ Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

Категориялды жағдаят дегеніміз не?

Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз не?

Семантикалық категориялар жайлы түсінік беріңіз.

Функционалды грамматиканың зерттеу нысаны, зерттеу объектісі не?

Ұғымдық категория мен семантикалық категорияның байланысы неде?

♦ СӨЖ тақырыптары:

Қазақ тіл біліміндегі посессивті функционалды-семантикалық өріс.

Қазақ тіл біліміндегі темпоральды функционалды-семантикалық өріс.

Қазақ тіл біліміндегі аспектуальды функционалды-семантикалық өріс.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2007.
- 2 Жұмсалымдық грамматика. Монография-оқулық. – Алматы, 2016.
- 3 Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы, 2012.
- 4 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
- 5 Жаңабекова А. Қазақ тіліндегі функционалды-семантикалық темпоральдылық категориясы. – Алматы, 2012.
- 6 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, 2011.
- 7 Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алматы, 1989.

7 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

Іс-әрекеттің созылдықлығын, дүркінділігін, кенеттен үзілуін, шапшаң орындалуын сипаттайтын тілдік бірліктерді айқындап, талдау жасаңыз.

Күн сайын көкжиектен көтеріліп Күн шығады. Бүкіл әлемге шұғыла шашады. Тан атады. Біз мұны күнде көреміз. Сондықтан күннің әр жолы қалай шығып, қалай батып жатқанына жөнді мән бермейміз. Олай болса, ертеңгі шығатын күннің де онша-мұнша көзге шалына қоймайтын өзіндік ерекшелігі

бар. Сондықтан адамзат сан мыңдаған жылдар бойы бұл киелі құбылысты тамашалаудан жалықпай келеді. Күннің шығуын әрбір тарихи ұрпақты суретшілері әр түрлі етіп бейнелеуі де тегін емес. Тіпті бір күнде салынған күдіретті Күннің екі суреті де бір-біріне ұқсамайды ғой.

Табиғаты сезімтал жандар қашанда әрбір Күннің, әрбір секунд Уақытты өзіндік ерекшеліктерін мүлт жібермей, жазбай таниды. Мұндай жандар басқалардан гөрі көбірек көре біледі, жақсырақ ести біледі, айқынырақ сезіне біледі.

Аспан әлемі маған бас көтермей оқи беруге болатын ғажайып қызық кітаптай боп көрінуші еді. Сол кітапты оқып жатып, Арман ауылына саяхат жасам кетемін. Сонау қиял жетпес жұлдыздарға да талай мәрте барып қайттым.

Мен сан қилы қиялға беріліп жатырмын. Қазір жұрттың бәрі қалың ұйқыда. Адамның күні ертен істейтін жұмысы да, алдағы мақсаты да, көңіліне ұялаған арманы да сұмдық көп қой. Әйтсе де, адамдар соның бәрін ұмытып, тәтті ұйқыға беріледі.

Таң қылаң бере бастады ма, аспандағы бұл жұлдыздарды ма, әйтпесе күні бойы қап-қара боп тұрған терезе жақ бозамықтануға айналды. Иә, әлемде тағы бір жаңа Күн шығып келе жатса керек. Өмірде күн сайын соны көруден артық қуаныш жоқ. Жұрттың бәрі одан тек шапағат күтеді. Әрбір таң артық шашып атқан сәтте біреулерге қуаныш сыйласа, енді біреулерге реніш ала кетуде ықтимал. (Келімбетов Н. Жарлы емеспін, зарлымын).

Дәріс 8

Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі

Дәріс жоспары:

- 1 Синтаксис және оның зерттеу нысаны.
- 2 Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері.
- 3 Жай сөйлем және құрмалас сөйлем синтаксисі.
- 4 Қазақ тіл біліміндегі функционалды синтаксис мәселесі.
- 5 Мәтін лингвистикасы және дикурс мәселесі.

1 Синтаксис және оның зерттеу нысаны. Сөйлеу коммуникациясы тілде синтаксис жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта қазақ тілінің синтаксис саласы сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі болып зерттеледі. Жалпы түркі тілдерінің грамматикалық құрылымына қатысты М.А.Казем-бектің «Общая грамматика турецко-татарского языка» атты еңбегінің «Сөз тіркестері» деген бөлімінде сөздердің байланысу, тіркесу амалдарына тоқталып өткен. 1894-1897 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ-қырғыз тілдерінің қысқаша грамматикасы» атты еңбегінде П.М.Мелиоранский синтаксистің біраз мәселелерін сөз етеді. А.Н.Кононов сөз тіркесінің байланыстары туралы да бірқатар тұжырымдамалар жасаған. Ол «Түрік тілінің синтаксисі» жөнінде жазған еңбегінде сөз тіркестерінің байланысу түрлерін менгеру, қиысу және қабысу деп бөледі және олардың сөз таптарына қатысты туралы айтылады.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі мәселесі Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, С. Жиенбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, С.Исаев, К.Аханов, Т.Сайрамбаев, Р.Әміров, М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкенованың еңбектерінде қарастырылған болатын.

Синтаксистегі негізгі ерекшелік – сөздердің тіркесімділігі. Синтаксистің зерттеу нысандарының бірі – екі немесе бірнеше сөздің бағыныпқы-басынқылық сипатта келуі, сөйлеу коммуникациясында сөздердің өзара тіркесімділік құрай алу қабілетін айқындау. Сөздің синтаксистік мағынасы оның лексикалық мағынасына қарағанда шектеулі болады. Өйткені тілдік коммуникацияда сөздің бір ғана мән-мағынасы қолданысқа түседі. Мұны синтаксистік тіркесімділік деп атайды. Жалпы тіл білімінде тіркесімділіктің екі түрі көрсетіледі: лексикалық және синтаксистік. Қазақ тіл білімінде

синтаксистік тіркесімділік мәселесі Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әмір М.Серғалиев, С.Исаев, Т.Сайрамбаев, Ж.Жакупов, З.Ерназарова сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Синтаксистік тіркесімділікті синтаксистік конструкциялар түзеді. Бұл жөнінде З.Ерназарова: «Сөйлеу құрылысын сөздің лексика-семантикалық мәні анықтамайды, сөздер арасындағы семантика-синтаксистік қатынастар – синтагмаларды анықтайды, сөйлемді құрастырушы компоненттердің сөйлеу мақсатына қарай қолданысу енуімен байланысты сөйлемнің ең кіші бірлігі ретінде синтаксема алынады», деп жазады (1,19). Синтаксистік тіркесімділік заңы бойынша басынқы сыңардағы сөз бағыныңқы сыңардағы сөздердің белгілі бір қосымшалармен келуін керек етеді. Айталық, басынқы қызметтегі сабақтас етістік бағыныңқының табыс септігінде тұрып, тура объектіні білдіргенін қалайды. Мысалы: *кітапты оқыды, сабақты айтты, атасын тыңдады т.б.*

Тіркесімділіктің бір түрі – лексикалық тіркесімділік. Лексикалық тіркесімділікте лексикалық және семантикалық шектеулердің болатындығын тіл фактілері айқындап отыр. Семантикалық шектеулер тіркесімділіктің тіркесімге түсетін сөз мағыналары өзара семантикалық және логикалық байланысқа түсуі тиіс. Қазақ тіл білімінде лексикалық синтагматика мәселесі арнайы қарастырған Ғ.Хасанов лексикалық тіркесімділікті екіге бөледі: еркін және байлаулы лексикалық тіркесімділік. Лексикалық синтагматика – сөздің өзіндік мағынасының ұғымдық және заттық, сезімдік тұрғыдан үйлесе алмай деген сөз. Мысалы: *жарымжан көңіл, сараң бай, иманды адам, көргенді қар* тіркестерінде барлық макросемалар үйлескен синтагматика арқылы жүзеге асады (2,14-15).

2 Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері. Сөз тіркесі құрамындағы сөздер бір-бірімен өзара мағыналық және синтаксистік байланысқа түсуі қажет. Сөздердің синтаксистік байланысы аналитикалық және синтетикалық тәсілдерге негізделеді. Сөздер аналитикалық тәсіл арқылы байланысқанда ешбір қосымшаның жалғануын қажет етпейді, сөз тіркесі құрамындағы сөздер *орын тәртібі, интонация* арқылы байланысады. Сөздер интонация арқылы байланысқанда дауыс ырғағы мен әуеніне ереше назар аударылады. *Зере сабақ басталар күнді асыға күтті* деген сөйлемнің мағына айқын түсіну үшін дауыс екпінін дұрыс қою керек. Ал орын тәртібі арқылы байланысқа түскен сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің орын тәртібі қатаң сақталады.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесінің негізін құрайтын басынқы сыңардың мағыналық қасиетіне қарай топтастыруда ерекшеліктер бар. Мәселен, К.Аханов, М.Серғалиев *есімді сөз тіркестері, етістікті сөз тіркестері* және *үстеулі сөз тіркестері* деп жіктесе, М.Балақаев, Т.Сайрамбаев *есімді сөз тіркестері, етістікті сөз тіркестері және ортақ басынқы сөз тіркестері* деп көрсетеді. М.Балақаевтың пікірінше, ортақ басынқы сөз тіркестері есім сөз бен көмекші етістіктің табыс септікті сөзді менгерген түріне тән (3, 591). Мысалы: сабақты жақсы береді, өткен өмірін еске түсірді т.б. М.Балақаев сөз тіркесінің құрылымдық типологиясын жасауда зат есім мен етістіктің алатын орны ерекше деп көрсетеді. Басынқы сыңары зат есім мен етістіктен болған сөздер бағыныңқы сыңардағы сөздермен тіркес құрауында белгілі бір заңдылыққа сүйенеді. Етістік қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөз табы ретінде өзінің лексика-грамматикалық және жалпы категориалдық мағынасына қарай зат есім, үстеу, еліктеуіш сөздер мен көсемше формалы сөздермен тіркеседі. Сол себепті етістікті немесе есімді сөз тіркестері болсын, ең алдымен, сөздердің грамматикалық типіне қарай, мағынаның жақындығы мен ортақтығына қарай әртүрлі тәсілдер арқылы байланысқа түседі.

Есімді сөз тіркесінің басынқы сыңарлары зат есім, сын есім, сан есім мен есімдіктерден құралады. Есімді сөз тіркестері сөз таптарымен үш түрлі құрамда тіркесім құрай алады:

- 1 түрлі сөз таптарының тіркесі арқылы: кең үй, тоғыз студент т.б.
- 2 бір сөз табына кіретін сөздердің тіркесі арқылы: темір күрек, бұл өзі т.б.
- 3 бір сөздің қайталануы арқылы: даңқымен даңқты, пысықтың пысығы т.б.

3 Жай және құрмалас сөйлем синтаксисі. Сөйлемнің өзіне тән тілдік белгілері болады. Бірінші белгі – құрылымдық белгі. Қарым-қатынастың негізгі бірлігі ретінде жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің өзіне тән құрылымы болады. Екінші белгі – семантикалық, яғни предикативтілік. Предикативтілік сөйлем мазмұнын шындық болмыспен байланыстырады. Предикативтіліктің ажырамас бөліктерін *шақ, жақ категориясы* мен *модальдылық* құрайды. Предикативтіліктің тағы бір қасиеті – интонация. Интонация сөйлемнің құрылымы мен мазмұнын, айқындайды және сөйлеушінің субъективтік қатынасын білдіреді (4,629).

Бір сөзден немесе бірнеше сөз тіркесінен құралған, өз алдына дербестігі бар шындық болмыс туралы сөйлеушінің ойы *жай сөйлем* деп аталады. *Құрмалас сөйлем* деп екі не одан да көп предикативтік компоненттердің өзара лексика-семантикалық, грамматикалық тәсілдердің көмегімен мағыналық, құрылымдық,

интонациялық біртұтастық жасап бірігуі арқылы күрделі ойды білдіруге қызметін коммуникативтік түрін айтамыз (4, 690).

Қазақ тіл білімінде алғаш рет құрмалас сөйлем мәселесіне назар аударған А.Байтұрсынов болатын. Ғалымның «Тіл – құрал» атты еңбегінен бастау алған құрмалас сөйлем мәселелері С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов, Р.Әміров сынды белгілі ғалымдардың зерттеу еңбектерінде ғылыми негізде талданып, сараланған. Т.Қордабаев «құрмалас сөйлемге «екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралатын құранды категория» деп қарайды. Ол құрмалас сөйлемнің негізгі белгілерін төмендегідей көрсетеді:

- құрмалас сөйлемнің әрбір компоненті, мейлі ол тиянақты болсын, сөйлемдік мағынаға ие болуы, бір ойды қамтуы керек.

- құрмалас сөйлем компоненттерінің білдіретін мағыналары бір-біріне жақын, қандай да болмасын белгілі бір дәнекерлер арқылы ұштасып жататын желілес күрделі ой болады.

- құрмалас сөйлем құрамына енген әр компоненті, мейлі ол тиянақты болсын, мейлі тиянақсыз болсын, жалпы сөйлемге тән қасиеттерге ие болуы шарт (5, 10).

4 Қазақ тіл біліміндегі функционалды синтаксис мәселесі. Бүгінгі таңда жай және құрмалас сөйлем синтаксисі мәселелері антропоэзектік бағытта негізінде функционалды аспект тұрғысынан зерттеле бастады. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың қатарына Ж.Жақыпов, З.Ерназарова, Т.Ермекова, Ф.Оразбаева, Д.Әлкебаева, Б.Сағындықовты жатқызуға болады. Қазіргі тілтанымда кеңінен өріс алып отырған антропоэзектік ұстанымға орай сөйлемді таза грамматикалық сипатта ғана емес, функционалды бағытта тұрғысынан да қарастыру белең алып отыр.

Қазіргі қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем синтаксисі құрылымдық семантикалық және функционалды-семантикалық бағытта қарастырылып келеді. «Құрылымдық зерттеуде байқала бермейтін тілдік құбылыстар тілдік мәтін түзудегі функциясын зерттеу барысында айқындала түсетіні мәлім болып отыр. Қандай да болмасын белгілі бір мәтін ойдың жемісі, ойдың дамуы болғандықтан, ойлаудың формаларымен тығыз байланысты. Біліктілігі жоғары деңгейдегі авторлардың шығармаларында ой бір-бірімен жалғасып, бірінен-бірі өрбіп жатады. Мұның өзі мәтінді біртұтас ерекше жүйе ретінде тілден тысқары түрлі жайттармен тығыз байланыста қарастыруды қажет етеді» дей келе «функционалды синтаксисінің басты міндеті – тілді орамды етіп, байланыстыр

сөйлеудегі синтаксистік құралдардың қызметін айқындау» – деп көрсетеді (6, 3).

Тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі негізгі қызметі синтаксис арқылы жүзеге асады, сондықтан коммуникативті синтаксис сөйлемдерді құрылымдық тұрғыдан емес, олардың мазмұны, семантикасы тұрғысынан зерттейді. Синтаксис ойлаумен, қарым-қатынас үдерісімен және сөйлеу жағдаятымен тікелей байланысты. Тіл-тілде синтаксистік құрылымның өзіндік ерекшеліктері бар. Функционалды синтаксис тілде *өтініш, тілек, таң қалу, сүйсіну* сияқты сезімдердің берілу амалдарын сипаттауға мүмкіндік береді. Функционалды синтаксис сөйлеу процесіндегі синтаксистік бірліктердің қызметін қарастырады, соған сәйкес сөйлемнің типтері де нақтыланады.

5 Мәтін лингвистикасы және дискурс мәселесі. Жалпы тіл білімінде мәтін мәселесі үстіміздегі ғасырдың 70-80 жылдарына дейін сөйлем деңгейінде қарастырылып келді. Барлық лексикалық және грамматикалық категориялардың семантикалық ерекшеліктерін сөйлем негізінде толық ашу мүмкін емес етігі анықталды. Мәтіндік бірліктердің негізінде мәтін лингвистикасы қалыптасты.

Тілтанымда мәтінге берілген анықтамалар көптеп кездеседі. Берілген анықтамалардың бір-екеуіне тоқталып өтсек: «Мәтін – жазба құжат түрінде толық аяқталған ойды білдіретін, әдеби тұрғыда өңделген, тақырып лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардың әртүрлі типтерімен біріккен, күрделі фразалық бірліктерден тұратын, белгілі бір мақсаты бар сөйлеу шығармашылығының туындысы» (7, 18). «Мәтін – жүйелі, тұтас, тиянақты қалыптасқан және мағыналық жақтан өзара байланысқан сөйлемдердің бірізділігі, коммуникацияға қатысуға тән сөйлемелік бірізділігі, жазу үлгісіндегі ауызша сөйлеу шығармашылығы» (8, 54). Сонымен, мәтін – автордың интенциясына сәйкес белгілі бір коммуникативті мақсатты жүзеге асыратын, иерархиялы-семантикалық құрылымға негізделген күрделі мазмұнды тұтастық.

Мәтін лингвистикасына қатысты жалпы тіл білімінде И.Гальперин, С. Гиндин, З.Тураева, Л.Бабенко, А.Залевская, Г.Солганик, Ю.Левицкий, Л. Поповская сынды ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Зерттеу еңбектерінде мәтіндегі автордың интенциясы мен прагматикасы, мәтін түзімдегі лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгей бірліктерінің қызметі, мәтін құрылымы, тілдік бірліктердің жұмсалымдық қызметі, мәтін типологиясы мәселелері қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде мәтінтану мәселесіне қатысты зерттеулер өз негізін А. Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектерінен алады. Бұл туралы Б.Шалабай мынадай пікір айтады: «А.Байтұрсыновты мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің

бірлігіне жатқызады. А.Байтұрсынұлы шығарманың тақырыптан, ал мәтін мазмұнының үш мүшеден, яғни *аңдату, мазмұндау, қорытындыдан* тұратынын көрсетеді. Сондай-ақ мәтіннің қатысымдық қызмет тудыруға негіз болатынын айтушының ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты» (9, 24).

Қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы теориясына қатысты Р.Сыздық, Б.Шалабай, Г.Смағұлова, З.Ерназарова, Г.Әзімжанова, Д.Әлкебаева, газет мәтінін қарастырған Б.Момынова, Қ.Есенова; көркем мәтінді жеке зерттеу нысаны ретінде С.Құнанбаева, Ж.Қайшығұловалардың жүргізген ғылыми зерттеулерін айта аламыз.

Қазақ тілтанымында мәтін лингвистикасы ғылым саласы ретінде филология ғылым Р.Сыздық еңбектерінен бастау алады. Атап айтқанда, «Абай шығармаларының тілі», «ХУ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдеби тілінің тарихы», «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы», «Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тілі», «Абайдың сөз өрнегі», «Жазушы және сөз мәдениеті», «Сөз құдіреті» атты іргелі еңбектерінде мәтін тілінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін сөз етеді.

Сөйлеу формасына қарай мәтіннің *ауызша және жазбаша* түрі көрсетіледі. Жазбаша мәтін алдын-ала ұйымдастырылған, көру әрекеті арқылы қабылданатын, қабылдаушы жақтың қатысуынсыз жүзеге асады. Ауызша мәтін тыңдау әрекеті арқылы қабылдауға негізделетіндіктен, түсінбегенін қайта сұрау мүмкіндігі, сөйлеушінің сөйлеу үдерісіндегі қолданылатын ым-ишара белгілерінің тыңдаушыға әсері, тыңдаушының әңгімеге араласуы сияқты тілдік белгілерін атап өтуге болады.

А.Бабенко, Ю.Казарин «Лингвистический анализ художественного текста» атты еңбегінде мәтін талдаудың *лингвоцентристік және антропоцентристік* түрлерін көрсетеді. Лингвоцентристік тәсіл – мәтінді талдаудың дәстүрлі тәсілі саналады. Лингвоцентристік тәсілдің нысаны – тіл және мәтін. Лингвоцентристік тәсіл көркем мәтіннің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық бірліктерін қарастыруға негізделеді.

Антропоцентристік тәсіл – мәтіннің интерпретациясына байланысты автор позициясы мен оқырман позициясы қамтылады. Бұл тәсіл арқылы мәтін тап төмендегідей бағыттарға бөлінеді:

- прагматикалық (А.Баранин);
- жанрлы-стильдік (М.Бахтин, М.Кожин);
- танымдық тәсіл (В.Дейк, Т.Виноградов);
- деривациялық (Е.Кубрякова, Л.Мурзин);

- коммуникативтік (Г.Золотова, Н.Болотнова);
- психолингвистикалық (Л.Выготский, А.Леонтьев).

Танымдық тәсіл – соңғы он жылдықта ғылыми парадигманың ізімен алдыңғы орынға шықты. Мұнда тіл әлемнің тілдік бейнесі ретінде қаралады. Нысаны: автор – мәтін – мәтіннен тыс болмыс (10, 114). Психолингвистикалық аспект тұрғысынан алғанда, мәтін – адамның сөйлеу әрекетінің нәтижесі. Психолингвистердің мәтін лингвистикасына қатысты назар аударатын мәселесі – мәтінді қабылдау мен түсіну әрекеті. Мәтін психологиялық жағынан өзіндік табиғатына сай адамның ойына бағытталып және осы қасиеті негізінде оқырман өз таным-түйсігіне қарай қабылдайды. Г.Смағұлова: «Егер мәтін адамның сөйлеу әрекетінің жемісі болса, онда мәтін лингвистикалық мағынамен қатар ұғымдық категориялармен бірге (грамматика, логика), онтологиялық (философиялық) категориялармен де байланысты болады», – дейді (11,45). Прагматикалық аспектіден мәтін авторының объективті болмыс пен мағұмұна қатынасы сипатталса, онтологиялық тұрғыда – мәтіннің болмысы, алатын орны

Г.Әбікенова мәтін типтерін төмендегідей жіктеп көрсетеді (12,17):

<i>Стиль түрлеріне қарай:</i>	ғылыми, көсемсөз, іскери, көркем мәтін
<i>Ақпаратты тасымалдау түрі бойынша:</i>	ауызша, жазбаша, электронды т.б.
<i>Көлеміне қарай:</i>	мақромәтін, микромәтін, күрделі синтаксистік тұтастық т.б.
<i>Қарым-қатынас тақырыбы мен сөйлеу тәсіліне қарай:</i>	гуманитарлық, тарихи, танымдық, аргументтік т.б.
<i>Берілу тәсіліне қарай:</i>	диалог, монолог, полилог

Кесте 1. Мәтін типологиясы.

Мәтінді лингвистикалық талдаудың әдістері ретінде *стилистикалық эксперимент әдісі, семантика-стилистикалық әдіс, салғастыру-стилистикалық әдісі, мәтінді сандық талдау әдістері* ұсынылады.

Тіл білімі дамуының кейінгі кезеңінде дискурс теориясына байланысты ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. Дискурс мәселесіне байланысты зерттеу жүргізген шетелдік ғалымдар қатарына Т.Гивон, А.Кирик, А. ван Дейк, Н.Хомский, Л.Выготский, Т.Ахутина; қазақ тіл білімін бойынша дискурсқа қатысты Н.Уәли, Д. Әлкебаева, Г.Бүркітбаева, Ж.Кеншінбаева сынды ғалымдардың зерттеулері атап өтуге болады.

Ю.С.Степанов бойынша, дискурс «тіл ішіндегі тіл» саналады. «Дискурс - это «язык в языке», но представленный в виде особой социальной данности. Дискурс существует, главным образом, в текстах, но таких, за которыми встает особая грамматика, особый лексикон, особые правила употребления и синтаксиса, особая семантика – в конечном счете особый мир...» (13, 21).

Дискурс – айтушының аялық білім жүйесі мен интенциясын қамтитын коммуникативтік құбылыс. Дискурс теориясының қалыптасуында Франц Бах және В.Матезиустың ғылыми зерттеулері маңызды роль атқарды. Дискурс теориясының жеке пән ретінде қалыптасуы жалпы тіл білімінде ХХ ғасырдың 70-жылдары қалыптасты. Қазіргі дискурс теориясы антикалық риторикадан бастау алады, дегенмен дербес сала ретінде ХХ ғасырдың 60-жылдарында ғана мәтін лингвистикасы деген атауға ие болған көптеген зерттеулер аясында қалыптасты.

Англо-американдық лингвистикалық дәстүрге сай дискурс байланысқан сөйленіс ретінде түсіндіріледі (connected speech) және диалогпен байланысты қолданылады. Дискурстық талдау, ең алдымен, ауызша коммуникацияда сөйлеуші мен тыңдаушының интерактивтік өзара байланысына бағытталған.

Жалпы алғанда, дискурста коммуникативтік ситуация мен интеракцияға қатысушылар және тілдік материалдар тоғысып жатады. Мұндай айтушының вербалды мінез-құлқы, яғни дауыс ырғағы, интонация, пауза, ым-ишарат сияқты деңгейлерді қамтиды.

Қазіргі тіл білімінде дискурстың мынадай түрлері қалыптасқан: әскери дискурс; газеттік дискурс; іскери дискурс; балалық дискурс; өнертану дискурсы; магиялық дискурс; масс-медиа дискурсы; ғылыми (академиялық) дискурс; парфюмерлік дискурс; педагогикалық дискурс; поэтикалық дискурс; публицистикалық дискурс; жарнамалық дискурс; спорттық дискурс; техникалық дискурс; террористік дискурс; феминистік дискурс; көркем дискурс; экономикалық дискурс; электрондық дискурс; этикалық дискурс.

Әдебиеттер:

- 1 Ернazarова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. – Алматы, 2002.
- 2 Хасанов Ф.Қ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы, 2009.
- 3 Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1991.
- 4 Қазақ грамматикасы (Фонетика. Сөзжасам, Морфология. Синтаксис). – Астана, 2002.
- 5 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы, 1993.

- 6 Жақыпов Ж.А. Қазақ тілінің функционалды синтаксисі (контекст проблемасы). – Алматы, 1999.
- 7 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва, 1981.
- 8 Тіл білімі сөздігі // Ред. басқ. Э.Д.Сулейменова. – Алматы, 1998.
- 9 Шалабай Б, Ахметова М. Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері // Тілтаным № 1. – Алматы, 2002.
- 10 Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. – Москва, 2003.
- 11 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы, 2002.
- 12 Әбікенова Г. Көркем шығармадағы мәтінтүзім мәселелері. Семей, 2010.
- 13 Степанов Ю. Альтернативный мир. Дискурс. Факт и принцип причинности. (Язык и наука конца XX века. Сб. статей). – Москва, 1995.

◆ Тапсырма:

Күрделенген жай сөйлемнің тілдік тұтастығы. Құрмалас сөйлем синтаксисі теориясының дамуы. Тіл біліміндегі мәтін және дискурс мәселесі. Ж.Жақыпов және функционалды синтаксисі мәселесі. Құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы функционалдық қатынастар. Функционалды синтаксис мәселесі, зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті.

◆ Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

Сөйлемге тән тілдік белгілерді атаңыз.
Сөздердің байланысу түрлерін атаңыз.
Сөздердің байланысу тәсілдерін атаңыз.
Жай сөйлемнің өзіндік ерекшеліктері мен түрлері.
Құрмалас сөйлемнің өзіндік ерекшеліктері мен түрлері.
Сөз тіркесі, еркін және тұрақты сөз тіркесінің айырмашылығы.
Жай сөйлем және оның түрлері туралы түсінік.
Құрмалас сөйлем және оның түрлері туралы түсінік.
Сабактас құрмалас сөйлем және оның түрлері.
Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері.

◆ СӨЖ тақырыптары:

1 Р.Сыздықтың еңбектеріндегі күрделі синтаксистік тұтастық мәселесі.

- 2 А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтың мәтінтанымдық көзқарастары.
3 Лексикалық және синтаксистік синтагманың табиғаты мен оның зерттелуі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы, 2009.
Кәріпжанова Г. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Павлодар, 2009.
Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы, 2002.
Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматикасы. – Алматы, 2007.
Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994.
Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1999.
Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі. – Алматы, 2011.
Әмір Р., Әмірова Ж. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық функционалдық жүйесінде. – Алматы, 2009.

8 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыс

Мәтіндегі сөздердің өзара байланысу тәсілдерін айқындай отырып, сөз тіркесінің түрлерін айқындаңыз.

Мен ауылға қайтқанда Әбдірахман Есімбектің қалып қойып еді. Менің артымнан іле-шала келіп Беркімбаидың үйіне түсіпті. Қымыз ішкен адам ұйықтап қалған екем, екінді әдетінде далаға шықсам, ауылдың сыртындағы белесте ішінде Қажыбай ақсақал бар, бірталай адам сөйлесіп отыр екен. Мен де келдім. Әңгіме Әбдірахман турасында екен, жақындап келгенімде-ақ «Әбдірахманның өзі шынымен бұзылған ғой» деген Қажыбай қарттың сөзіне даусы құлағыма сап ете қалды. Өзі сөзшең адам бірінен соң бірі тізбектетіп, не бар пәлені Әбдірахманның үстіне үйіп отыр. Оларды мұсылман деуге болмайды. Айтатыны ылғи құдайға қарсылық сөз (Майлин Б. Шұғаның белгісі).

Мәтіндегі бейвербалды бірліктердің мәні мен атқарып тұрған қызметіне назар аударыңыз.

Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. Абай енді байқалы, әкесі сөзін аяқтап келеді екен.

– Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз еліңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп, аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды.

Бірақ Бөжей мен Байсал мызғыған жоқ. Өзге отырғанның барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп қозғалақтап, түйін боп бекініп, түйіліп алған көрінді. Отырғандар осы күйді танып қалды. Құнанбайдың бұлай беттеп алғанда қайта оралар қайырымы жоқ, оны бәрі біледі. Не айтысып, шарпысып кету бар. Немесе іштен қоштамаған уақытта Байсал, Бөжейдің бір тәсілі: міндет, мысалды Құнанбайдың өзінен бастатып, артын өзіне тастап кететін әдеті бар-ды. Жан күйер жер болмағанда, олар осы соңғы мінзеді көп қолданатын. Екеуі де тіс жарып, сөйлемейтін. Бірақ Құнанбайдың мына сөзі үндемеске де қоймайды, үндеуге де жібермейді. Дел-сал етті. Үй іші бірталай уақыт үнсіз отырды (М.Әуезов).

Құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, бағыныңқы баяндауыш тұлғасына қарай таңдап, мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Жылымықтан көбесі сөгіліп, сірісі босаған қар қып-қып етеді. Жентек қарды көзіме басып, жып-жылы күн шуағына шомылып көңілді қайттым (Т.Жұртбай). Өзінің мүддесін оңай шешу үшін заңды аттап, бегленген жолды бұзып, қылмыстық жолға барады. Жәуіктің ойы кейде бұлттан шыққан қырандай жарқ етіп боптап, елдік қырымен қырып келеді (Х.Ерғалиев). Нияз телміріп ұзақ қарады, Ләззат оның көз шарасынан бар сырды ұғып тұрған еді (Т.Ахтанов). Шынында, елу жыл отасқан ерлі-зайыптылардың арасында неңдей сөз болуы мүмкін? Әңгіменің бәрі айтылған, сарқылған. Кемпіріне оқта-текте ғана тіл қатады. Онда да көкірегіне жиналған запыранды төгу керек болғанда, күшаладай божып тұрған ашу кемерінен асып кеткенде, басқаға соқтыға алмай Күлайша байғұсқа дүрсе қоя беретіні бар (Қ.Жұмалілов). Көгілдір үйрек шын мәнінде өжет еді, бірақ әлі қауырсыны қатпаған жас болатын. Көгілдір үйрек қалың құрақ ішінен құрт-шабақ аулайды, бір мезгіл жиекке шығады, ұластары жиекте күншуақтап жатыр, көгілдір үйрек олардан аулақтау кетіп, өзіне құмдақ жер таңдап алды (С.Бакбергенов).

Үлгі бойынша берілген сөйлемдердің сөйлемге тән белгілерін анықтаңыздар.

Сөйлемдер	Сөйлемге тән белгілер			
	предикативті қатынас	модальды қатынас	мақсат-мәнді қатынас	Интонация
Келіншегінің сырын алғашқыда Еламан да түсінген жоқ.	Бұрынғы өткен шак, болымсыз түрі	Ашық рай	Хабарлы	Хабарлау, баяндау

-Бар! Осы қазір жылқыдан бір үйірді өзін Мұқатайдың ауылына айдап апар! Айыбыңның өтеуі – сол. Тез жөнел! – Бәрін де көріп, бәрін де біліп тұрмын. Жүрек қынжылып, жүрек жылағанмен не пайда? Адам қолымен істелген істің қашанда орны толар ма? Осы кеште Тәкежан ауылының шеткі лашығы – Ис кемпірдің үйінде сары уайым еді. Өзіне шак күнкөрісі, өзіне шак қуанышы бар, әйелі бар жылы үйге Бағлан ұзақ тұрақтай алмады. Қурдастық қалқындар күлдірсе де, Жомарттың жады рат елді.

Бағыныңқы сынардың жасалу үлгісі бойынша бос орындарды толтырыңыз.

Жасалу жолдары	Шартты	Себеп	Мезгіл	Қимыл-сын	Мақсат	Қарсылықты
-ған, -ген + кезде, шақта, уақытта						
-са, -се + жіктік жалғауы						

Жіргенім қабағым бір шытыл қолтастықтан қастың. Абай сөзі байқады, сөзін нақтал қалса өккен.
 – Қолың сұмның қаласы смрт едің ал амылдан менің бстме салық болып өлге, өт еліңе қолтасты, осы отырған бәріміңге салық. Идну отырған бәріміңге салық! – деп, аз тастап, Сүйіндіке қарап отырған жалғыз мәзін сөзі байқады аударды. Оған елінің оң жағында отырған Бексеге қалалды.

Дәріс 9

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі

Дәріс жоспары:

- 1 Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы.
- 2 Салыстырмалы-тарихи тіл білімін қалыптастырушылар мен қосқан үлестері.
- 3 Тілдердің тоғысу процестері: субстрат, суперстрат және адстрат процестері.

1 Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы.
 Тілдердің туыстығы туралы мәселе XVI-XVII ғ. көтеріле бастады. Еуропалық тіл білімі дамуының жаңа кезеңінде тілдерді өзара туыстас, төркіндес болады деп біліп, сол заңдылықтарды ашуға, зерттеуге салыстырмалы-тарихи әдісті ғылыми зерттеу әдісі ретінде ұсынды. XVIII ғасырдың соңғы жартысы мен XIX ғасырдың алғашқы жылдарында тіл ғылымының даму қарқыны, бағыты жана зертту әдісінің қажеттігін айқын көрсетті.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қалыптасуына *тіл туыстығы* деген ұғымды анықтаудың тікелей қатысы бар. ХУІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың бас кезінен бастап ғалымдар назарына көне үнді тілінде жазылған сөзерттеулер мен тіл білімінің зерттеулер аудара бастайды. Еуропа тіл білімінде тілдердің өзара ұқсастығы, тілдер жүйесіндегі фоно-морфо-семантикалық ортақтықтар мәселесі шығыс тіл білімінде ХІ ғасырдан бастау алады десек болады. Оған дәлел ретінде М.Қашқаридың 1074 жылы жарық көрген «Диван лұғат ат-түрік» атты энциклопедиялық еңбегін айта аламыз. Тіл білімі тарихында алғаш салыстырмалы-тарихи әдісті ғылыми принцип ретінде қолданған М.Қашқари болатын. М.Қашқаридың «Дивани лұғат ат-түрк» еңбегі түркі тайпаларының тілінде жиі қолданысқа түскен сөздер мен сөз тіркестері араб тіліне аударылып берілген. Еңбекте қамтылған сөз бен сөз тіркестерінің лексикалық мағыналарына түсініктеме беріледі, түркі тайпалары тіліндегі фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері туралы айтылады. Бұл энциклопедиялық еңбек тек тіл мен әдебиет мәселелерін ғана емес, сондай-ақ түркі тайпаларының рухани дүниетанымы мен ой-өрісінен, олардың қоғамдық-экономикалық жағдайынан, материалдық және рухани дүниетанымынан құнды деректер беріледі.

Салыстырмалы-тарихи әдіс – тіл дамуының тарихи заңдылықтарын, тілдердің фоно-морфо-семантикалық жүйесіндегі ортақтық пен ұқсастықтарды, тілдердің туыстық мәселесін анықтау үшін салыстырмалы-тарихи тіл білімінде қолданылатын зерттеу әдісі. Салыстырмалы-тарихи әдістің мақсаты – әлемдегі туыс тілдердің ата-аталық моделін жасап, олардың ары қарай дамуын, дербес тілдерге жіктелуін қайта жаңғырту және тектес тілдердің құрылысын

салыстырмалы тұрғыда сипаттау; тіл құбылыстарының хронологиялық және таралымдық шегін анықтай отырып, тілдердің генеологиялық классификациясын жасау. Осылайша, XIX ғасырдың алғашқы жартысында салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде салыстырмалы-тарихи тіл білімі қалыптасты.

Тілдердің туыстастығы жөніндегі мәселе алғашқылардың бірі болып болып тіл мамандары емес, жиһанкездер тарапынан көтерілген болатын. Айталық, итальян жиһанкезі Ф.Сассети «Индиядан хаттар» еңбегінде үнді тілінің европа тілдерімен жақындығы бар дей келе, өз ойын төмендегідей мысалдармен дәлелдейді: *сарпа, два* (санскрит) – *серпе, дуе* (итальян) т.б. 1786 жылы ағылшын ғалымы Уильям Джонс өзінің «Азиялық зерттеулер» деген еңбегінде санскрит тілінің грек, латын тілдеріне өте жақын екендігін көрсете келіп, көрсетілген тілдердің о бастағы негізі бір болуы керек деген пікір білдіреді. Осыған ұқсас тұжырымды 1808 жылы шыққан «Үнділердің тілі және даналығы» деген еңбегінде Ф.Шлегель де айтқан болатын. Ф.Шлегельдің айтуынша, санскрит тілі сөз құрамы мен грамматикалық құрылысы жағынан грек, латын тілдеріне өте ұқсас.

1816 жылы неміс ғалымы Франц Бопптың санскрит тілдегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі шықты. Бұл еңбекте жоғарыда аталған тілдердің туыстастығы дәлелденді. Ф.Бопп жиналған тілдік материалдарды парсы, славян, балтық және армян тілдері фактілерімен салыстыру негізінде «Үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасының негізін» жариялады.

1599 жылы Голландия филологі И.Ю.Скалигер «Европалықтардың тілі жөнінде қысқаша ойлар» атты еңбегінде Европа тілдерін өзара салыстыра зерттей келе, оларды он бір ата тілге жіктеп көрсетеді: 1) грек ата тілі; 2) латын ата тілі (роман тобындағы тілдер); 3) герман ата тілі (неміс, нидерланд); 4) славян ата тілі (чех, словен, сербхорват, лучиж); 5) албан тілі; 6) татар (түркі тілдері), 7) венгер, яғни мадьяр тілі; 8) фин (фин, лапланд, саам тілі); 9) ирланд тілі; 10) бретон тілі; 11) сантаборрум (баск) тілі (1,329). Ал 1666 жылы Ю.Крыжанич фонетикалық сәйкестіктер негізінде славян тілдерінің толық классификациясын жасап берді. Неміс ғалымы Ф.Рунг литва, латыш, өлі прусс тілдерінің жақын туыстығын дәлелдей келіп, *балтық тілдері тобы* деген ұғымын қалыптастырды.

Балтық тобын құрайтын тілдер мен славян тілдерінің туыс екендігі туралы мәселені көтерген М.В.Ломоносов болатын. 1755 жылы М.В.Ломоносов өзінің «Россия грамматикасы» атты еңбегінде орыс тілінің оңтүстік славян тобындағы тілдермен өте жақын екендігін, сондай-ақ поляк, чех тілдерінен де алшақ еместігін көрсетіп, орыс тілінің балтық тілдерімен де алыс туыстық қатынаста екендігін айқындайды.

2 Салыстырмалы-тарихи тіл білімін қалыптастырушылар мен олардың негізгі үлестері. Тіл білімі дамуының жаңа дәуірі тілді біртіндеп дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп танудан, оны зерттеу ісіне салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудан басталады. 1816 жылы неміс ғалымы Франц Бопп санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі арқылы аталған тілдердің туыстастығын дәлелдеді. Кейіннен жиналған тілдік материалдарды славян, балтық, армян тілдері фактілерімен толықтыра келіп, 1833–1849 жылдары «Үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты еңбегін жазды. Ф.Бопп еңбектерінің маңызы – тілдер туыстастығын айқындаудың бірден-бір сенімді құралы грамматикалық формалар жүйесін салыстырып зерттеуінде. Тіл білімі тарихында Ф.Бопп салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушы деп саналады.

Салыстырмалы-тарихи әдісті қалыптастырушылардың бірі – дат ғалымы Расмус Раск. Оның айтуынша, тіл туыстығының белгісі – грамматикалық жақтан ұқсас болуында, өйткені грамматикалық формалар бір тілден екінші тілге ауыспайды деген дұрыс қорытынды жасайды. Ол өзінің «Исланд тілінің шығу тарихы» атты еңбегінде Скандинавия халықтары (швед, норвег, дания) тілдерінің европалық тілдермен туыстастығын айқындауды көздеді. Салыстырмалы тарихи тіл білімінің тағы бір көрнекті өкілі – неміс ғалымы Якоб Гримм. Ғалым өзінің төрт томдық «Неміс тілі грамматикасы» еңбегінде тілдік элементтердің даму тарихын зерттеуге баса көңіл бөледі. Ол тарихи салыстырудың хронологиялық жолын енгізіп қалыптастырды. Сөйтіп, тілдегі өзгеріс-құбылыстардың қай-қайсысы да оның бірте-бірте дамуының табиғи нәтижесі екенін дәлелдеді. Тілдік құбылыстарды зерттейтін тіл тарихы деген ғылымның лингвистика құрамында болу қажеттілігіне көз жеткізеді.

Я.Гримм тіл тарихының қоғам тарихымен байланыстылығын, тілдің қоғам тарихын зерттеуде орасан зор рөл атқаратынын баса айтады. Тіл дамуындағы заңдылық дегенді ол сөйлеудегі *дыбыстардың өзгеру заңдылықтары* ретінде түсіндірді. Тіл білімі тарихында алғаш рет тіл дыбыстарында болатын өзгерістердің заңдылығын дәлелдеп берді. Бұл саладағы Гримм ашқан заңдылық XIX ғасыр лингвистикасының елеулі табысы болды. Тіл ғылымында фонетиканың өз алдына жеке бір сала болып қалыптасуына игі әсерін тигізді. Осылайша тіл білімінде Гримм заңы деп аталатын теория қалыптасты. Гримм заңының мәні мынада:

3 Тіл тарихын зерттеудің әдіс-тәсілдері: салыстырмалы-тарихи әдіс және тарихи-салыстырмалы әдіс. Ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқынданыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1 Айдаров Ғ., Томанов М., Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі.-Алматы, 1971.
- 2 Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков.-Ленинград, 1970.
- 3 Türk lehçeleri grameri. Ankara, 2007.
- 4 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика. Морфология.- Алматы, 1981.

Дәріс 10

Дүние жүзі тілдерінің генеологиялық жіктелімі

Дәріс жоспары:

- 1 Генеологиялық жіктелім туралы түсінік.
- 2 Түркі тілдерінің генеологиялық жіктелімі.
- 3 Үндіеуропа тілдерінің генеологиялық жіктелімі.

1 Генеологиялық жіктелім туралы түсінік. Тіл ғылымында дүние жүзі тілдерін топтастырудың екі түрлі үлгісі қалыптасқан: *генеологиялық және типологиялық жіктелім*. Тілдердің генеологиялық жіктелімі – тілдерді туыстығына (алыс және жақын туыстас), шығу тегіне, даму жағдайларының ортақтығына қарай топтастырылады. Туыс тілдердің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құрылымында ұқсастықтар мен сәйкестіктер, ортақ жайттар көптеп табылады. Тілдік жүйеде орын алатын осындай фоно-морфо-семантикалық ортақ белгілер дүние жүзі тілдерін, ең алдымен, ірі-ірі семьяға, ол семьяларды өз ішінен ірі-ірі топтарға, ол топтарды тармақтарға, ал тармақтар жеке-жеке тілдерге бөлінеді. Осы жеке тілдер өрбіген ең алғашқы тіл жүйесі *анал тіл* деп аталады. Тілдерді туыстық тұрғыдан топтастыру XIX ғасырдың басында туып, қалыптасқан. Дүние жүзіндегі тілдерді салыстырмалы-тарихи зерттеулер негізінде іштей бірнеше туыстас топтарға бөліп қарау – көптен келе жатқан ғылыми дәстүр. Дегенмен, күні бүгінге дейін тілдерді генеологиялық жақтан топтастырудың әлі де шешімін таба алмай жүрген мәселелері жоқ емес. Бұған себеп, біріншіден, дүние жүзі тілдерінің бәрі бірдей толық зерттелмегендігі болса, екіншіден, тіл бірліктерінің күрделілігі мен сан қырлылығына байланысты. Мәселен, үндіеуропа, түркі тілдері біршама толық зерттелінген тілдерге жатса, америка үндістерінің тілдері жөнінде оны айта алмаймыз. Тіпті зерттелген, грамматикалық, дыбыстық жүйесі анықталған түркі тілдерінің өздерін де ғылыми тұрғыдан жан-жақты толық анықтадық деп айтудың өзі де қиын. Түркі тілдерін генеологиялық, тарихи, морфологиялық т.б. ерекшеліктеріне байланысты топтастыру мәселесі белгілі дәрежеде дұрыс шешілсе де, оның әлі де зерттей түсетін, толықтыра, жетілдіре түсетін жақтары баршылық. Бұл салада салыстырмалы-тарихи зерттеулердің рөлі ерекше.

2 Түркі тілдерінің генеологиялық жіктелімі. Түркі тілдерін алғаш генеологиялық тұрғыдан классификация жасаған ғалымдардан: И.Н.Березин, Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, Н.А.Аристов, Н.Ф.Катанов, Ф.Е.Корш,

UNREGISTERED COPY OF SCANPADYRUS

А.Н.Самойлович т.б. есімдерін атауға болады. Кеңес түркологтарынан бұл салада С.Е.Малов, В.А.Богородицкий, И.А.Батманов, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов т.б. еңбектерін, шетел түркітанушыларынан М. Ряснен, К.Г.Менгес, Т.Текин т.б. ғалымдардың аттарын атауға болады.

Қырғыз тіліндегі дауыстылардың созылыңқылық қасиеті (аа, ээ, оо, уу, үү) қазақ тілінен гөрі алтай, хакас, тува тілдерімен жақындастырады. Мысалы: тоо-тау, таруу – тары. Қазіргі қазақ тіліндегі еріндік дауыстылар о, ө, ұ, ү дыбыстарының Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде жуан варианты и, о түрінде, ал жінішке варианты й, ъ түрінде таңбаланған. Көне түркі тілінде сөз басында келетін ө дауысты дыбысы қазіргі түркі тілдерінің біразында сақталған. Көне түркі тіліндегі өл сөзі якут, түрікмен, түрік, өзбек, құман, ноғай, әзербайжан, ұйғыр, карашай-балқар, хакас, тува және қазақ тілдерінде өл түлғасында беріледі.

Түркі тілдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін төменде берілген тілдік деректерді салыстыра отырып көруге болады:

Алтай	Кöк	Кöл	тöрт	Көп
Әзербайжан	Көй	Көл	дөрл	Көп
Башқұрт	Күк	Көл	түрт	Көп
Қазақ	Көк	Көл	төрт	Көп
Татар	Күк	Күл	дүрд	Күп
Түрік	Gök	Göl	dört	Gör
Якут	күөх	Күөл	түөрт	Күөп

Берілген тілдік фактілерден байқайтынымыз, сөз басындағы ө дауысты дыбысы татар, башқұрт тілдерінде ү фонемасымен ө > ү дыбыстық сәйкестігі түзеді.

Түркі тілдерінде дауысты о дыбысы әзербайжан, түрік, түрікмен, ұйғыр, хакас, қазақ, ноғай, каракалпак, гагауз, алтай, шор, якут, карашай-балқар тілдерінде сақталған. Мәселен, қазақ тіліндегі оқ сөзі қырғыз, ноғай, каракалпак, карашай-балқар, түрікмен және алтай тілдерінде дәл оқ түрінде айтылса, якут, әзербайжан тілінде ох, түрік, гагауз тілінде ок түрінде дыбысталады. Татар, башқұрт, чуваш тілдерінде дауысты о дыбысы у дыбысына айналады: о > у (24).

Көне түркі тіліндегі дауысты қысқа у дыбысы түрік, якут, шор, хакас, гагауз, карайым, қырғыз, тува, құман тілдерінде сөз басында осы у түрінде дыбысталады. Мысалы: қуш (көне түркі тілі), қуш (түрік), қуш (әзербайжан), қуш (ноғай), қуш (қырғыз) т.б. Ал татар, башқұрт тілдерінде у дыбысы о-мен, чуваш тілінде ä-мен, қазақ тілінде ұ-мен келеді (25). М.Томанов қазақ тілінде сөз

басында келетін ұ дыбысының көне түркілік у дыбысы, о және э дыбыс тіркесіне сәйкес келетіні жөнінде былай дейді: «Қазақ тілінде кейбір сөздердің басында айтылатын ұ көне түркілік оғ дыбыс тіркестерінің көрінісі, соның жалғасы. Дыбыс тіркесінің жуан айтылатын қысқа дыбысқа ауысу процесінде кей реттерде сөз құрамындағы қысқа дыбыстың түсіп қалуы да орын алған, мысалы: оғ(ы)л– ұл. Ескі түркілік о дыбысы қазақ тілінде қысқанданып, қысқа айтылатын дәрежеге жеткен. Оғ дыбыс тіркесінің қазақ тілінде ұ-ға сәйкес келуін де ғ дыбысының түсіп қалуы, сөйтіп барып о дыбысының қысқандануы деп қарауға болар еді. Мұны оқша сөзінің құрамындағы о дыбысының қазақ тілінде ұ-ға сәйкес келуі де, сол сияқты әдеби тіл мен диалектілер арасында ұшырасатын дыбыс сәйкестіктері де ұ ~ о, о-ұ дәлелдейді (, 14).

Дүние жүзі тілдерін тіл білімінде генеологиялық тұрғыдан ірі-ірі алпыс шақты семьяға, ірі-ірі топтарға және кейбір жекелеген тілдерге бөледі: *Үндіеуропа тілдері семьясы, Кавказ тілдері семьясы, Орал тілдері семьясы, Алтай тілдері семьясы, Палеоазиат тілдері семьясы, Америка үндістерінің тілдері, Аустралия тілдері, Индонезия тілдері, Африка тілдері, Бушмен тілдері, Дравид тілдері семьясы, Банту тілдері, Папуа тілдері, Эскимос тілдері.*

Көрнекті түркітанушы Н.А.Баскаков түркі тілдерінің фоно-морфо-семантикалық ерекшеліктерін сол тілде сөйлейтін халықтардың тарихи даму, географиялық орналасу жағдаятымен ұштастыра отырып, түркі тілдерінің даму тарихын төмендегідей кезеңдерге бөледі:

Тілдердің генеологиялық жіктелімі бойынша дүние жүзі тілдері қандай семьяларға бөлінеді?

Н.Баскаков түркі тілдерінің генеологиялық жіктелімін жасаған қандай тілді ерекшеліктерді басшылыққа алады?

◆ СӨЖ тақырыптары:

Орал тілдері семьясы мен өзіне тән тілдік ерекшеліктері.

Кавказ тілдері семьясы мен географиялық орналасу жағдаяты.

Семит-хамит тілдері семьясы мен өзіне тән тілдік ерекшеліктері.

10 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

Француз лингвисті А.Мейенің «Сравнительный метод в историческом языкознании» атты еңбегінен алынған пікірмен таныса отырып, тіл біліміндегі салыстырмалы-тарихи әдістің жалпы принциптері туралы баяндаңыздар:

Жалпы алғанда, тіл тарихы мен кезіндегі тілі жүйесі өзгеше болып зерттеу арқылы іске асырылады. Салыстыру – тілші-ғалымның тіл тарихына сипаттаудағы негізгі қаруы. Бакылауға тілдік таңбалардың өн бойындағы тұлғалық және мағыналық өзгерістер нәтижесі алынады. Бұл өз кезегінде, тілдің тарихи даму сипатын айқындауда маңызды болмақ.

Кестеде көрсетілген тілдік материалдарды өзара салыстыра отырып, славян тілдері жүйесіне тән лексикалық және грамматикалық ортақтықты айқындаңыз.

Дене мүшелері атаулары

Орыс	Украин	Белорус	Поляк	Болгар	Серб	Чех
Голова	голова	галава	Głowa	глава	глава	Hlava
Сердце	серце	сэрца	Еrce	сьрце	srце	Srdce
Рука	рука	рука	Reka	ръка	рука	Ruka
Нога	нога	нага	Noga	нога	нога	Noha

Іс-әрекет атаулары

Орыс	Украин	Белорус	Поляк	Болгар	Серб	Чех
Есть	їсти	усци	Jeść	ям	ести	Jisti
Пить	пиць	пиць	Pić	ия	ити	Piti
Работать	праца-ваць робити	праца-ваць робіць	praco-wać	работя	радити	Pracovati
Ходить	ходити	хадзіць	chodzić	ходя	ходити	Choditi
торговать	торгу-вати	тарга-ваць гандля-ваць	targować handlo-wać	търгувам	трговати	obchodo-vati

Берілген етістіктердің ішінен «работать» сөзі ерекше назар аудартады, өткені орыс тіліне ең жақын туыс тілдер саналатын украин, белорус тілдерінде «работати» етістігі «праца» етістігінен туындаған, сондай-ақ «говорить» және «торговать» етістіктерін таңбалауда да бірізділік жоқ.

айырмашылықтардың, яғни аралық құбылыстардың орын алатындығына назар аудартады.

Американ лингвисті, американ этнолингвистикасының негізін қалаушы Эдуард Сепир тілдерді типологиялық тұрғыдан жіктеуде өз принципін ұстанды. Э.Сепир 1921 жылы тілдердің *типологиялық сипаттамасының көп сатылығы* деген принципті ұстанды. Яғни, тілдегі ұғымдарды білдіру табиғаты; қатынастарды білдіру техникасы; синтез аралығын білдіру техникасы. Э.Сепирше, тілдегі ұғымдарды білдірудің төрт түрлі амалы бар: бірінші – нақты түбір ұғымдар (кимыл, сапаны білдіретін сөздер), екінші – деривациялық ұғымдар (атрибуттық, субстантивтік), үшінші – нақты релятивті ұғымдар (тек сан категориялары), төртінші – таза релятивті ұғымдар (таза қатынастық ұғымдар) [394]. Дегенмен, тілдердің типологиялық жіктелімін анықтауда бұл принциптерді жетілдіре түсу керектігі айқындалған болатын.

Әдебиеттер:

Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1996.
Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы,

◆ Тапсырма

Флективті типті тілдерге тән өзіндік ерекшеліктерді сипаттаңыз.
Жалғамалы типті тілдерге тән өзіндік ерекшеліктерді сипаттаңыз.
Даралаушы типті тілдерге тән өзіндік ерекшеліктерді сипаттаңыз.
Полисинтетикалы типті тілдерге тән өзіндік ерекшеліктерді сипаттаңыз.

◆ Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

Тілдердің типологиялық жіктелімінде неліктен сөздің грамматикалық құрамы басты белгі ретінде саналады?
Дүние жүзі тілдерінің сөзжасам жүйесі мен грамматикалық құрылымына қарай қандай типтік белгілері көрсетіледі?
Қытай-тибет, түркі, үндіевропа, фин-угор, иберий-кавказ және семит тілдері қандай типті тілдерге жатады?
Синтетикалық және аналитикалық құрылысты тілдер арасындағы негізгі ерекшеліктер туралы баяндаңыз.
«Фузия», «агглютинация», «инкорпарация», «изоляция» ғылыми ұғым атауларының білдіретін терминдік мағынасын ашыңыз.

◆ СӨЖ тақырыптары:

Э.Сепир және тілдердің типологиялық жіктелімі.
И.Мещанинов және синтаксистік типология мәселесі.
В. фон Гумбольдт және тілдердің типологиялық классификациясы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 2003.
2 Қалиев Б. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1997.
3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1990.
4 Кочергина В.А. Введение в языкознание. – Москва, 2004.
5 Алефиренко Н.Ф. Теория языка. Вводный курс. – Москва, 2007.

11 – дәріс бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

Неліктен тілдердің типологиялық жіктелімі дүние жүзі тілдерінің грамматикалық жүйесін (сөзжасам, сөз түрлендіру, синтаксис) негіз етіп алады? Өз ойыңызды тілдік фактілер негізінде дәйектеңіз.

Берілген тілдік фактілерді қара салыстыра отырып, жалғамалы және даралаушы типті тілдердің арасындағы негізгі ерекшелікті айқындаңыз.

Орыс: подруга, подруги, подруге; брат, брата, брате, братья и т.д.

Түрік: ev (үй), evler (үйлер), evlerin (үйлерің), evlerinde (үйлерінде).

Қазақ: қала, қалалар, қалаларының, қалаларында, қалаларымен т.б.

Қытай: хао жень (жақсы адам), сию хао (қайырымдылық жасау), дэно хао (ежелгі достық), жень хао во (адам мені жақсы көреді), гунжень (жұмысшы), шанжень (саудагер), цзюньжень (әскери адам).

Ағылшын тілі – флективті типті аналитикалық тілдер қатарына жататыны белгілі. Төменде берілген мәтінді қазақ тіліне аударыңыз және ағылшын тіліндегі аналитикалық құралдардың қазақ тіліндегі синтетикалық құралдармен берілуіндегі ерекшелікті көрсетіңіз.

Once on a dark winter's day a little girl sat with her father in cab wich was slowly driving along the streets of London. She sat looking out of the window at the passing people with her big serious eyes.

It was an odd look for such a little girl because Sara Crewe was only seven. But she was an unusual girl and she was always dreaming and thinking about grown-up people and the world they belonged to (A Little Princess).

Флективті және агглютинативті тілдердегі флексиялардың жалғану ерекшелігіне назар аударыңыздар.

Орыс: чита-ю, чита-ет, чита-ем, чита-ют, чита-л, чита-ла, чита-ли.

Қазақ: терезе, терезе-лер, терезе-ге, терезе-нін, терезе-де, терезе-ден, терезе-мен.

Ф.Боастың «Руководства по языкам американских индейцев» еңбегінен алынған тұжырымданы негізге ала отырып, чинук тіліндегі инкорпорация құбылысының мәнін түсіндіріңіз.

Так, в языках вроде чинук мы обнаруживаем, что модифицирующие элементы выражаются отдельными звуками, фонетически объединяющимися в группы, которые произносятся без всякого разделения. Например, слово *anla'lot* «я дал его ей» можно расчленить на следующие элементы: *a* (время), *n* (я), *i* (его), *a* (ей), *l* (к), *o* (направление прочь), *t* (давать). Здесь опять-таки слабость составляющих элементов и их делая фонетически, но при этом мы рассматривать их как отдельные слова, и только все выражение в целом представляется нам независимой единицей.

Аналитикалық және синтетикалық типті тілдердің ерекшеліктерін сипаттаңыз. Қазақ тілінің синтетикалық типті тілдер жүйесіне жататыны белгілі. Ал орыс тілінің флективті типті тілдер жүйесінің синтетикалық түріне жатады. Берілген мәтінді қазақ тіліне аудару барысында орыс тілді синтетикалық немесе аналитикалық құралдардың қазақ тіліндегі синтетикалық құралдармен берілуіндегі тілдің ерекшеліктерді айқындаңыздар.

Птицы-символы

Как вы думаете, изображение какой птицы чаще всего встречается на флагах и гербах государств? Правильно, орла. Силуэт его есть в гербах России, Германии, Испании, Кыргызстана, Польши, Мексики, Армении, Индонезии и многих стран. На государственном флаге Казахстана прямо под солнцем широко раскинув крылья, летит золотой беркут. На флаг нашего государство он попал, конечно, не случайно.

Беркут – это умная, сильная и бесстрашная птица, размах крыльев которой достигает порой трёх метров, а вес – семи килограммов. Беркут издавна живёт на территории Казахстана. Беркут летает выше многих других птиц и может часами парить в воздухе, выслеживая добычу.

Для кочевников беркут всегда был и символом свободы и независимости. На языке геральдики беркут с нашего флага, мирно парящий над родными просторами, символизирует государственную власть, её широту и прозорливость. Вместе с тем эта мощная птица предупреждает, что она, в случае необходимости, способна дать достойный отпор любому, кто посягнёт на интересы нашей страны и её граждан.

Берілген тілдерді типологиялық жіктелімі бойынша топтастырыңыз: чех, неміс, түрік, азербайжан, араб, осетин, словак, итальян, ағылшын, кытай, вьетнам, пушту, армян, француз, грек, албан, түрікмен, болгар, португал, серб, хорват, румын, жапон, поляк, испан, грузин, македон, венгер, латыш, тәжік, парсы, литва, қазақ, башқұрт, украин, норвеж, швед, голланд, мордова, фин, қазақ, өзбек, эстон, кыргыз, авар, афган, хинди, баск тілдері.

Дәріс 12

Жазудың шығу тарихы, дамуы және теориясы

Дәріс жоспары:


- 1 Жазу және оның таңбалық сипаты.
- 2 Пиктографиялық жазу және пиктограммалар.
- 3 Идеографиялық жазу. Клинописілік шумер жазуы.
- 4 Буын жазуы. Дыбыстық жазу. Алфавиттік жазу түрлері.
- 5 Көне түркі жазуы. Ұлттық бағыт және қазақ жазуы.

1 Жазу және оның таңбалық сипаты. Жазу – адамның тыңдаушы жаққа жеткізгісі келетін ой-пікірін, ақпаратты белгілі бір таңбалар жүйесі арқылы жеткізу құралы. Жазудың алғашқы нұсқалары өте ерте заманда жасалған. Жазу қатынас құралы ретінде пайдаланылған суреттер мен шартты белгілерден кейін пайда болған. Алғашқыда адамдар өз ойын басқаға жеткізу үшін заттың өзін пайдаланған. Мәселен, өзінің кеткен бағытын көрсету үшін адам жүрген жолына бұтақ тастап отырған, кейін осы мақсатпен ағашқа садақтың оғын қадап кетіп отырған. Ойды зат, нәрсе арқылы білдіру үрдісі ежелгі замандарда тайпалар арасындағы елшілік қарым-қатынастарда да пайдаланылған. Үндістер соғысатынын хабарлау үшін қарсы жаққа айбалта жіберетін болған. Елші оны әкеліп жерге қояды, егер қарсы жақ оны көтерсе – соғысуды мақұлдағаны. Кейін мұндай рәмізді азат сөзге айналдыра бейнелеу мен бейнелеу қолданылған. Осылайша алғашқы жазу пайда болған. Алғашқы жазу құралы ретінде сазбалшықтан жасалған тақта, ағаштың қабығы пайдаланылған. Жазу жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралатыны белгілі. Берілген таңбалар тұтас бір хабарды, не сөзді, не буынды, не дыбысты белгілейді. Әр таңбаның өзіндік графикалық формасы мен мағынасы болады.

2 Пиктографиялық жазу – жазудың ең көне түрі. Зерттеушілердің көрсетуінше, жазудың бұл түрі неолит кезеңінде пайда болған. Мұндай жазу жеткізілетін ақпаратқа байланысты заттардың салынатын суретіне негізделеді. Сондықтан оны кейде *суретті жазу* деп те атайды. Бұл жазудың ерекшелігі – әртүрлі суреттерден құралатындығы. Әрбір сурет бүтін ақпаратты бейнелейді. Берілген ақпарат графикалық жақтан жеке сөздерге бөлінбейді. Осыған орай *пиктограммалар* тілдік форманы емес, оның мазмұнын бейнелейді. Бұл жазуды әртүрлі тілде сөйлейтін адамдар түсіне алады. Пиктограммалық жазудың таңбалары *пиктоглифтер* немесе *пиктограммалар* деп аталады. Төменде берілген пиктограммалар назар аударыңыз:



3 Идеографиялық жазу – жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет немесе шартты таңбалар арқылы белгілейді. Жазудың мұндай түрінде әр сөздің тұрақты графикасы мен мағынасы болады. Идеографиялық жазудың мысалдары: иероглиф жазуы, цифрлар жүйесі. Идеографиялық жазудың таңбалары қандағы да жазуға да қолданылады. Мәселен, цифрлар, математикалық, химиялық, ғылыми-техникалық шартты таңбалар: H₂O – сутегі, SO₂ – күкірт оксиді және т.б.



Клинописілік шумер жазуы – шумер жазуы б.з.д. 4-3 мыңжылдықтарда Азия территориясында кең таралған көне жазу түрі. Сына тәріздем

сызықшалардың үйлесімді жиынтығы болып табылатын мұндай жазуларды шумерлер, аккад халқы, эламдықтар, хурриттер қолданған. Шумерлердің 4-мыңжылдықтың 1-жартысынан 3-мыңжылдықтың басына дейін Тигр мен Ефрат өзендері бойын мекендеген тайпалар екені туралы деректер осы сына жазбаларында сақталған.

Алғаш рет 1621 ж. Италия саяхатшысы Пьетро делла Валле сына жазуын зерттесе, 1684 ж. Эгелберт Кемпфор көне парсы жазуының көшірмелерін жариялап, сына жазуы атауын алғаш ғылыми айналымға енгізді. Парсы жерінен табылған сына жазуын Г.Гротефенд зерттеді, ол сөздердің көне парсы тіліндегі айтылуын ескере отырып, олардың айтылуы мен жазылуын салыстырды. Сына жазуы түсірілген ескерткіштер призма, цилиндр, конус тәріздес әр түрлі формалы саз тақтайшалардан тұрады. Сына жазуылары бір жағынан, адамзат басынан кешкен көне тарихты танытатын зор білім қазынасы болса, екінші жағынан, оның бүгінгі кезде көп елдердің мәдениетіне, соның ішінде қазақтың ұлттық мәдениетіне тигізген ықпалы орасан зор (1,63).




UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Туптум — Қыш тақтайшадағы жазу (б.д.б. 2600 ж.)

Шумер жазуының әлемге танылуына еңбек сіңірген итальяндық Пьетроделла Валле шумердің ескі қаласы Ураның орнын ашты және бірінші болып сына жазуын ғалымдарға көрсетті.

4 Буын жазуы – сөз құрамындағы әрбір буын жеке таңбамен белгіленеді. Бұған финикии, көне семит, тибет, бирма, жапон, үнді жазулары жатады. Буын таңбалары әуелде бір буынды сөздерді белгілеген идеограммалардан жасалған.



Дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық жазудың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары. Көне түркі жазуы да дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан бастау алады. Түркі жазуында дауысты және даусыз дыбыстарды таңбалайтын жекелеген әріптері болған, кейбір таңбалар екі даусыз дыбыстың қосындысын белгілеген. Әріптер жуан, жіңішке дыбыстарды ажыратқан (2).

Түркі халықтары, оның ішінде, қазақ халқы мұсылман дінінің таралуына байланысты келген араб әліпбиін ұзақ уақыт қолданды. 1926 ж. Ахмет Байтұрсынұов араб әліпбиін қазақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес жеңілдетіп, «төте жазу» әліпбиін жасады. 1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын әліпбиінде жазып келіп, кейін кириллицаға көшті. Қазіргі түркі мемлекеттерінің көпшілігінде латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу үрдісі қайтадан белең алып келеді.

Алфавиттік жазу және қазіргі әлемдегі алфавиттік жазу түрлері. Әліпби – жазуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы. Әріптердің рет тәртібін де білдіреді. Ұғымды белгілейтін идеограмма жазудан, сөзді бейнелейтін логограмма жазудан әліпбилік жазудың жүйесі мүлде бөлек. Жазудың әліпбилік үлгісін, яғни таңбаның бір ғана дыбысқа (фонемаға) сәйкес келуін біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңыншы жылдардың ортасында семит халықтары ойлап тапқан. Семит тілдерімен туыстас көлбеу сызықты (*курсив*) арамей (*көне семит тілі*) әліпбиі Таяу және Орта Шығыс елдерінің бәріне дерлік тарады. Біздің заманымыздан бұрынғы 6–4 ғасырларда Кіші Азиядан Үндістанға дейінгі билік құрған Ахемен әулеті билеген парсы мемлекетінде қолданылған парсы-арамей

жазуы (*парфян, согды, хорезм жазуларына негіз болған*), еврейлердің шаршы жазуы, сирия-арамей жазуы (*манихей, несториан, яковит жазуларына негіз болған*), жол асты, жол үсті дәйекшелерімен толықтырылған араб жазуы арамей жазуының жергілікті тармақтарына жатады.

Зерттеушілер ең алғашқы таза дауыссыз (консонантты) дыбыстық жазу ретінде Финикий жазуын айтады. Финикий әліпбиінде 22 таңба болған. Олардың әр қайсысы жеке дауыссыз дыбыстарды таңбалаған. Жалпы финикий әліпбиінен грек әліпбиі туған, грек әліпбиі негізінде қазіргі Батыс Еуропа халықтарының әліпбиі түзілген. Ал арамей әліпбиінен *араб, иран, еврей* әліпбилері түзілген.


Тілші-ғалым Қ.Күдерінова: «Жазу түрлерінің даму сатылары бойынша, быын жазудан кейін тарих аренасына келген жазу бір дыбысқа бір таңба сәйкескен дыбысжазу деп аталады», - дейді (3, 19). Демек, әліпбиілік жазуды дыбыстық жазу деп те атаймыз. Ғалым дыбысжазудың екі түрін атап көрсетеді: консонантты және вокалды. Консонантты жазу б.э.д. II мыңж. жатса, вокалды жазу б.э.д. I мыңж. жатады. Консонантты жазу ең алғашқы сипатта ашқан болды (3, 19).

Жазудың теориялық негіздерін зерттеген ғалым Қ.Күдерінова финикий жазуынан тараған әліпбиілік жазудың мынадай түрлерін атап көрсетеді:

-арамей жазуы және архаикалық грек әліпбиі. Арамей жазуынан араб, парсы, ауған; согды, ұйғыр, монғол; еврей жазулары тарайды.

- Архаикалық грек бұтағынан шығыс грек пен батыс грек жазуы шығады. Шығыс грек жазуынан гот, армян; византия-славян жазуы (кирилл); грузин жазуы пайда болған. Тыс грек бұтағынан итальян; этруск – латын әліпбиі дамиды (3, 22).

Көне Түркі жазуы (Орхон-Енисей жазуы) – V ғ. б.з.б. – X ғ. б.з. Орта Азия түркі тайпалары қолданған жазуы. Ең алғашқы ескерткіштер Орхон және Енисей өзендерінің жоғарғы бойынан табылған. Сібір және Монғолия далаларына кеңінен таралған жұмбақ жазулардың бар екендігі туралы ғылыми ортаға ертеден-ақ белгілі болатын. Оларды «*руна жазулары*», яғни скандинавия тілдерінен алғанда «күпия, сыры ашылмаған» таңбалар деп аталды. Руна жазуларын зерттеуге ұйымдастырылған Ресей Ғылым Академиясының экспедициясы Минусинск ойпатында іздестіру жұмыстарын жүргізіп, Д.Г.Мессершмидт және Ф.И. фон Стралленберг 1721-1722 жылдар аралығында көптеген материалдар жинақтады. 1730 жылы Ф.И. фон Стралленберг руна жазуларына жүргізілген зерттеулердің қорытындысын мен жазулардың көшірмелерін жариялады (4).

1889 жылы Н.М.Ядринцевтің Монғолия далаларынан тапқан жазулары көне түркі жазуларының көлемді үлгілерін ғылыми ортаға әкелді. Енді бұл жазуларға қарап, оның дыбыстық құрылысы мен грамматикалық табиғаты жөнінде нақты қорытындылар жасауға болатын еді. 1893 жылы дат ғалымы Вильгельм Томсен руна жазуларын оқудың кілтін тапты. В.Томсеннің ең алғаш оқыған таңбасы *Теңрі*  сөзі болатын. Келесі жылы В.В.Радлов Орхон жазуларының оқылуын және аудармаларын жасады, 1895 Енисей жазуларының да оқылуы мен аудармалары жарық көрді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеп, зор үлес қосқан ғалымдар – В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, В.Банг, Г.И.Рамстед, А.Габэн, С.Е.Малов, В.М.Насилов, И.А.Батманов, А.Н.Кононов, Дж.Клоусон, Т.Текин және т.б.

Көне Түркі жазулары дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Негізінен YI-X ғасырларда үлкен аймаққа таралған Көне Түркі жазуларын ғалымдар үш топқа бөліп қарайды: Енисей ескерткіштері, Талас ескерткіштері, Орхон ескерткіштері. Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан ғалым Вильгельм Томсен болатын.

Оған X ғасырда Түркі тілдерінің ғалымдары – Татар, Өзбек, Түрік, Қазақ, Әзірбайжан зерттеушілері қосылды. Кейде «руна (сына) жазулары» деп аталады. Оның себебі жазудың құпиясы ашылмай тұрғанда, бұл жазулар бір қарағанда ежелгі скандинавия халықтарының жазбаларына ұқсайтын еді. Алайда ғылыми зерттеулер Түркі жазулары екенін анықтады. В.Томсен ең алғаш рет «Түрік» және «Теңрі» сөздерінен бастап оқыған екен.

Бұл жазулардың жалпы көлемі ұзақ. Қазіргі өлшеммен алғанда орта көлемдегі кітапты құрайды. Көптеген тарихи, мәдени, жағрапиялық, саяси деректер бар, сол кездегі халықтың өмірінен, таным-түсінігінен, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар береді. Тарихи оқиғалар тізбегі Ұлы қағандардың жорықтары жыраулық-жорықтық үлгідегі әдемі, көркем тілмен баяндалған. Сондықтан көптеген зерттеушілер оларды көркем шығармаларға жатқызады. Жазбалар мазмұнынан көне түркілер мен көк түркілер дәуіріндегі тарихи оқиғалар сипатталып, жағрапиялық атаулар, сол кездегі тайпалардың атаулары мен географиялық орналасуы, таралу аймағы көрінеді.

Жазудың сипаты түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін, соның ішінде үндестік заңдарын жақсы береді. Жазудың ерекшелігі оннан солға қарай оқылады және негізінен дауыссыз дыбыстар таңбаланады. Олардың жуан және жіңішке түрлері бар, олар жеке-жеке бөлек таңбаланады.

Көне Түркі жазулары бізге тасқа қашалған түрде, «баспа әріптері» түрінде жетті. Оның жазбаща түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Алғаш көрген адам адам бұл жазуларды бір қарағанда қазақ руларының таңбаларына ұқсатады. Яғни жазулар «жебе таңбалар», «ай таңбалар» және «тұмар таңбалар» мен «көз

таңбалар», «аша таңбалар», «балық таңбалар» сосын «тарак таңбалар» мен «сырға таңбалардан» құралады.

Ұлттық бағыт және қазақ жазуы. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан бастау алады. Араб жазуын түркі халықтары, оның ішінде, қазақ халқы ұзақ уақыт қолданған. Алғаш араб әліпбиіндегі әріптер түгел қолданылған, тек 1926 жылы А. Байтұрсынов оған реформа жасап, ондағы артық әріптерді шығарып тастап, жазуды көп жеңілдеткен. 1926 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын әліпбиінде жазып келіп, кейін кириллицаға (1940 жылдан бастап) көшті. Қазіргі түркі мемлекеттерінің көпшілігінде қайтадан латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу үрдісі бел алып келеді.

Араб әліпбиі мұсылман дінінің, ислам мәдениетінің кеңінен таралуына байланысты көптеген түркі халықтарының жазу-сызуына әсер етті. Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонолог-ғалымы, әрі қазақ тіл ғылымының негізін қалаушы – Ахмет Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлы қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазылым әрекеті арқылы іске асатынын жақсы түсінді. 1912 жылы А.Байтұрсынұлы қазақ жазуы тарихына өзінше реформа жасады. Ол қазақ жазуы тарихында алғашқы жазу деп атады. Араб жазуын қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне сәйкестендіріп, сингармониялық бағыттағы *ұлттық әліпбиді* (24 әріптен тұрады) түзіп шықты.

Әліпби 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды. XX ғасырдың 20-жылдары аяғында әліпбиді ауыстыру жайлы түркі, қазақ зиялылары арасында айтыс жүріп, А.Байтұрсынов реформалаған әліпби қолданыстан шығарылды. Дегенмен ҚХР Шыңжаң автономиялық ауданындағы қазақтар әлі күнге дейін А.Байтұрсынов әліпбиін қолданып келеді. 1929 жылы КСРО құрамындағы түркі халықтары латын әліпбиіне көшірілді. 1940 жылы Кеңес Одағы халықтары біртекті әліпбиді қолдануы қажет деген саясатпен кирилл әліпбиі қолданысқа енгізілді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсастырылып (*қ-к, ғ-г, ө-о, ң-н*) қабылданды. Бұл әліпбидің қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін толық таңбалай алмауына байланысты кейінгі жылдары қазақ жазуын *латын әліпбиіне* көшіру мәселесі көтерілуде.

XX ғ. алғашқы жартысында Орта Азия халықтарының арасында латын әліпбиіне көшіру үдерісі басталды. Өйткені қазақ қоғамының латын графикасына көшірілуі саяси-идеологиялық жағдаяттарға негізделді.

Әдебиеттер:

- 1 Әміров Р., Әмірова Ж. Көне жазба ескерткіштер. – Алматы, 1995.
- 2 Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – Москва, 1965.
- 3 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы, 2013.
- 4 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.

♦ Тапсырма:

Жазу және оның түрлері туралы түсінік беріңіз.

Жазу және жазуда ұстанатын негізгі принциптер.

А.Байтұрсынұлы және ұлттық жазуды қалыптастыру мәселесі.

Қазақ ру-тайпалары таңбалары мен көне түркі жазуыны байланысы.

♦ Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

Пиктографиялық жазудың өзіндік ерекшеліктері неде?

Алфавиттік жазу және оның өзіндік ерекшелігін сипаттаңыз.

Идеографиялық жазу және оның өзіндік ерекшелігін сипаттаңыз.

Жазу дағдыларын қалыптастыру үшін негізгі еңісі екендігін дәлелденіз.

Буын жазуы және оның ерекшеліктері, буын жазу тән тілдерді атаңыз.

Пиктограмма дегеніміз не? Пиктограммаларға нақты тілдік фактілер келтіріңіз.

Клинописік шумер жазуы туралы баяндаңыз. Шумер жазуы мен көне түркі жазуының арасындағы сабақтастықты айқындаңыз.

СӨЖ тапсырмалары:

Көне түркі таңбалары мен өзіндік ерекшеліктері.

Жазу және жазуда ұстанатын негізгі принциптер.

А.Байтұрсынов жазуы және емле ережелерінің тарихы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Дирингер Д. Алфавит. – Москва, 1963.

Лоукотка Ч. Развитие письма. – Москва, 1950.

Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013.

Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.

Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010.

Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы, 2013.

Малов С. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград, 1951.

Дәріс 13

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэлекті бағыттың қалыптасу мен дамуы

Дәріс жоспары:

- 1 Тіл біліміндегі дәсүрлі ғылыми бағыттар, зерттеу нысаны.
- 2 Тіл біліміндегі антропоэлектік бағыт және зерттеу нысаны.
- 3 Антропологистиканың ғылыми салалары: этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психоллингвистика.

1 Тіл біліміндегі дәсүрлі ғылыми бағыттар, зерттеу нысаны. Тіл тарихында үш ғылыми парадигма жіктеліп көрсетіледі: салыстырмалы-тарихи, жүйелі-құрылымдық және антропоэлектік.

Салыстырмалы-тарихи парадигма лингвистика тарихындағы алғашқы ғылыми парадигма ретінде танылады. Бұл парадигма XIX ғасырда тілдік зерттеулерде жүргізілген салыстырмалы-тарихи әдіске негізделеді. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізгі мақсаты – тілдер арасындағы туыстастығы, туыс тілдердің фонологиялық, лексикалық және грамматикалық жақтан ұқсастығы мен ерекшеліктерін сипаттаумен, дүние жүзі тілдерінің генеологиялық жіктелімін түзу мәселесімен айналысты.

Жүйелі-құрылымдық парадигма тілдің құрылымдық-жүйелілік сипатына негізделеді. Мұнда Ф. де Соссюрдің «Тілді өзі үшін және өз ішінде қарастыру керек» деген лингвистикалық тұжырымы басшылыққа алынды. Тілдің құрылымын, оның ішкі ұйымдасу жүйесін зерттеу мәселесіне назар аударылады. Жалпы тілтанымда жүйелі-құрылымдық парадигма негізінде ал күнге дейін тіл ғылымының дамуына өз септігін тигізетін фундаментальды зерттеулер жүргізілуде.

XX ғасыр басында негізі қаланған структурализм бағытындағы мектептерді біріктіретін ортақ мәселелер мынадай болды:

- тілдің ішкі элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, бір бүтін, біртұтас жүйе, құрылым;

- тіл білімінің негізгі міндеті – тілдің құрылымын, жүйесін зерттеу, тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау;

- тілді танбалар жүйесі ретінде тану, тілдік бірліктерді жеке-жеке танба ретінде қарастыру.

2 Тіл біліміндегі антропоэлектік бағыт және зерттеу нысаны. Антропоэлектік парадигманың негізі В. фон Гумбольдт, Э.Бенвенист

еңбектерінде қаланған болатын. В. фон Гумбольдттың пікірінше, тіл – халық пен өзін қоршаған ортаның қатынасындағы аралық әлем болып табылады. Ұғым, түсінік, пайымдаудан тұратын тіл адам баласының қоршаған ортаға деген қатынасын, дүниетанымын, ұлттық ойлау жүйесін, мінез-құлқын айқындап береді. Осылайша тіл қоршаған ортаны өзінді рухқа айналдырушы әрекет ретінде түсіндіріледі. В.фон Гумбольдт тілдің мәнін «тіл – халықтық рух» тұжырымы негізінде дәйектейді. Ол «халықтық рух» ұғымын интеллектуалды құндылықтар мен халықтар мәдениетінің (рухани, материалдық) кешені, өзара байланыстағы халықтық тілдік сананың көрінісі ретінде түсіндіреді. В.фон Гумбольдттың бұл ілімі Э.Сепир мен Б.Уорф теориясының өзегіне айналды. Бұл теория бойынша, қоршаған ортаны танып білу тәсілдері мен ойлау жүйесі тіл құрылымы арқылы анықталады; ойдың логикалық құрылымын тіл анықтайды; адамдар дүниені бөлшектеп, оның ұғымын жасап, мағынасын түрлендіреді.

Тіл білімінің қазіргі даму кезені типологиялық құрылымы әр басқа тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеумен қатар, функционалды, прагматикалық, когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық сынды өзге де зерттеу парадигмаларының қатар жүруімен ерекшеленеді. Осы парадигмалардың біріктірілуі мен өзара қатынасына арнайы назар аудару қажеттілігіне деген қызығушылықты арттыратын антропоэлектік әдістеме тұр. Антропоэлектік бағыттың зерттеу нысаны: тіл – адам – болмыс.

Антропоэлектік парадигма және оның принциптері негізінде қазіргі тіл білімінде бірнеше ғылым саласы пайда болды: этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психоллингвистика, гендерлік лингвистика, лингвоэлеттану. Болмысты қабылдау, тану және ұғыну әрекеттері адам санасында тілдік танбалар арқылы бейнеленеді. Бұл туралы Н.Уәли былай дейді: «Адам санасындағы ақиқат дүние туралы ақпараттар – сыртқы дүниенің тілдік тұлға санасындағы моделі. Сыртқы дүниенің санадағы ақпараттық моделі бірте-бірте жинақталған, жүйеге түскен түрде болады. Ұзына бойы сыртқы дүние туралы, ондағы белгілі бір объект туралы ақпарат қабылданған сайын санада оның бейнесі тереңдей түседі, нақтылана береді» [1,56]. Мәселен, табиғатта санырауқұлақтың көптеген түрлері кездесе де, қазақ халқының танымы бойынша оның бір ғана түрі бар. Өйткені қазақ халқының мәдениетінде, тұрмыс-тіршілігінде санырауқұлақтың мәдени семасы жоғары емес. Ал славян және Европа халқының мәдениетінде қсімдіктің түрі жоғары бағаланады.

Кеңестік тіл білімінде антропоцентризм принципін қазіргі тіл ғылымы дамуының негізі ретінде таныған Ю.Степанов былай дейді: «... лингвистика всегда будет наукой о языке в человеке и о человеке в языке» [2,78]. Жалпы тіл

білімінде антропоцентризмнің негізі XX ғ. аяғы – XXI ғ. басында қаланды. Тіл біліміндегі антропоэлектік парадигманың қалануы негізді, өйткені тіл табиғаты жағынан антропоэлектік болып табылады. Антропоэлектік тілдік зерттеулердің орталық нүктесінде индивидтің тілдік тұлғасы, яғни тілдегі адам факторы негізге алынады, тілдік форманың орнына тілдік мазмұн, тілді қолдану (сөйлеу әрекеті) тұрады.

В. фон Гумбольдт концепциясынан бастау алатын антропоэлектік зерттеулер қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар, М.Копыленко, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Н.Уәли, З.Ахметжанова, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Б.Момынова, А.Салқынбай сынды тілші-ғалымдар тіл тарихы, лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тарапынан ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді.

Лингвистикалық семантика. Таңбаның тұрпат межесі мен мазмұн межесі тіл ғылымы дамуының тарихи кезеңдерінде әр қырынан қарастырылды. Мәселен, XX ғасырдың алғашқы жартысында таңбаның тұрпат межесіне баса назар аударылса, осы ғасырдың екінші жартысында тілдік зерттеулер таңбаның мазмұнына, лингвистикалық семантика аясында жүргізіле бастады. Семантика арқылы тілдің коммуникативті мәні ашыла түседі, сондай-ақ тілдің мазмұндық жағы адамның танымдық әрекетімен тығыз байланысты. Семантикалық идеялар Э.Сепир, А.Вежбицкая, Мәскеу семантикалық мектебінің еңбектерінде көрініс тапты. Ю.Апресян XX ғ. соңында семантика теориясының зерттеу аясының кеңейе түскендігін, мейлі лексема, морфема, дериват, синтаксистік конструкция түрінде болсын, жалпы тілдік мағынаны қарастыруды негіз етіп алатындығын айтқан болатын. Осы негізде фоносемантика, лексикалық семантика, грамматикалық семантика сынды ғылым салалары қалыптасты. Когнитивті ғылым саласы да семантикалық процестерге үлкен мән береді, кейде оны «тереңдетілген (глубинная) семантика» деп те атайды.

Этнолингвистика – әр тіл өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Ұлттың болмысын тіл арқылы зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, өз бойында этномәдени ақпаратты сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы қызмет атқарады.

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы зерттеуді негіз етіп алатын антропологикалық бағыт. Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық мектептің негізін қалаушы Ә.Қайдардың пікірінше, бұл

ғылым саласы этностың рухани және материалдық мәдениетімен тығыз байланысты. Этнолингвистиканың зерттеу нысаны – этнолексика, этнолингвистикалық арналар. Ә.Қайдар этнографиялық лексиканы макро және микросистемаларға бөліп, лексика-семантикалық топтарға топтастыра отырып қарастырады.

Әрбір халық, этностық топ қоршаған ортадағы түр-түс ұғымын өздерінше танып, этномәдени дүниетанымында тұжырымдайды. Қызыл түс о баста күннің, оттың түсіне байланысты қабылданып, қазақ халқының санасында *от, сезім, көңіл* ұғымдары қызыл түспен байланыстырылады. Қазақтың ұлттық мәдениетінде қызыл түстің жағымды бағалауыштық мағыналары түрлі сезімдік коннотацияға байланысты әдемілік, махаббат, жастық, қуаныш, шешендік сияқты ұғымдармен ассоциациялық байланысқа түсіп, тілдік санада *қызыл шырайлы, қызыл тіл, қызыл алма* тіркесімдері арқылы таңбаланған. Сонымен қатар қызыл түстің *қызыл кеңірдек болу, қызыл өңеш болу, қызыл көз пәле, қызғаныштың қызыл түлкісі* сияқты жағымсыз коннотациялық мәні бар екендігін тіл бірліктері айқындайды. Сондай-ақ, қызыл түс стереотиптік қолданыс ретінде терминдік тіркесімнің құрамында қолданысқа түсіп, *қызыл бұрыш, қызыл ағаш, қызыл түйіршік, қызылсу, қызыл әскер, қызыл отау* сияқты екіншілік номинацияның түзілуіне әсер еткен.

Семантикалық лингвистика – лингвистика мен мәдениеттанудың өзара қарым-қатынасынан туындайтын, әрі этнолингвистика, лингвоелтану сияқты ғылым салаларын ортақтастыратын ғылым саласы. Лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани және материалдық мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау.

Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылыми пән ретінде жаңа қадам басып жатқанымен, ұлттық мәдениет пен ұлттық болмысты таныту мақсатында Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұбанов, М.Әуезов еңбектерінен бастап, ғалым-тілшілер І.Кенесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, А.Жылқыбаева, Қ.Рысбергенова, Р.Шойбеков сынды ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Е.Жанпейісов «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінде «Абай жолы» эпопеясындағы этнографизмдердің қолданысын қазақ халқының ұлттық болмысы мен ұлттық мәдениеті арқылы түсіндіріп, сол тілдік бірліктердің мәдени семасына түсініктеме береді. Тұрақты сөз тіркесінің немесе оның құрамындағы мағынасы күнгірттенген сөздердің мағынасын академик Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде қазақ халқының ұлттық дүниетаным тұрғысынан жан-жақты түсіндіріп, этимологиялық мағынасын ашып береді.

Бүгінде мәдениеттану ұлттық тілді танудың негізі екені Г.Смағұлова, А.Алдашева, А.Салқынбайдың ғылыми зерттеулерінде қарастырылуы лингвомәдениеттану ғылымының пән ретінде қалыптасқандығын көрсетеді. Тілші-ғалым Г.Смағұлова ұлттық тіл мен ұлт мәдениетінің тоғысуынан туындаған фразеологизмдердің бойындағы арастырған. Ғалым лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін былайша көрсетеді: «Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерделеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз, заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте *тіл-ұлт мәдениет* дейтін үштік лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» (3,147). Сондай-ақ, көне тіл деректерінің сөзжасамдық сипаты халқымыздың мәдени өмірімен байланысты екенін тілші-ғалым А.Салқынбайдың мына пікірі дәйектей түседі: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырады» (4,41).

Когнитивті лингвистика – адамның ақпаратты қабылдауы мен жүйесі, тілдік білімді қалыптастырушы ассоциативті-вербальды құрылым. Когнитивті лингвистиканың негізгі мәселелерінің бірі – концепт және концептілік мағына. Когнитивті лингвистиканың негізгі базалық ұғымдарының *ғалам бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі, ғаламның ұлттық тілдік бейнесі, концепт, концептілік мағына* құрайды. Мәселен, қазақ халқының ұлттық ойлау жүйесі, ұлттық дүниетаным негізінде қалыптасқан «*намыс*», «*қанағат*», «*дастарқан*», «*домбыра*», «*жүрек*», «*ағайын*», «*өз/өзге*» т.б. ұлттық концептонимдер (концептілер атауы) жүйесін құрайды [5]. Тілдік бірліктердің семантикалық аясы адам таным, аялық білім жүйесі, күнделікті өмір сүру тәжірибесі негізінде толығып, дамып, тіл бірліктерінің концептуалдық мазмұнын кеңейте түседі.

Когнитивті лингвистика – ХХ ғасырдың 70 жылдары Европа тіл білімінде кеңінен таралған лингвистикалық бағыт. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысаны: ғалам бейнесін танудағы тілдің ролі; ғалам туралы ақпаратты қабылдау, тасымалдау және қайта өңдеу. Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар адам баласына ортақ болуымен қатар, әрбір ұлт, халық сол заттар мен құбылыстарды өз мәдениетіне, таным-түсінігіне қарай, болмыс-бітіміне қарай қабылдап, таным елегінен өткізіп атау береді.

Тіл білімінде «концепт» термині алғаш рет ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қоршаған орта құбылыстарын тілдік жүйе арқылы бейнелеу мәселелерін зерттеуге байланысты пайда болды. Соңғы жылдары тіл білімінде

«концепт» теориясы лингвистикалық сипатта нақты, бір тілді және туыс немесе туыстығы жоқ әртүрлі тілдер материалдары негізінде салыстыра-салғастыра зерттеле бастады. Ғылыми еңбектерде «концепт» ұғымына берілген әртүрлі анықтамалар кездеседі. Е.С.Кубрякова «концепт» – адамның санасында, қалыптасқан әлем бейнесінің мазмұндық бірлігі деген түсінік береді, ал В.Н.Телия «белгілі бір нысанға байланысты берілген ақпараттар жиынтығы» концепт ұғымын береді дейді. Демек, концепт, концептілік мағына жеке сөзбен де, сөз тіркесімен де, фразеологиялық бірліктер арқылы да беріле алады. Сөздің концептілік мағынасы оның *лексика-семантикалық және ассоциативтік өрісі* арқылы анықталады. Концептілік зерттеу кез келген тілдің этнолексикасы мен фразеологиясында сақталған әлемнің мәдени-ұлттық бейнесін ашуға мүмкіндік береді. Әрбір этнос қоршаған әлемді өзінше танып, өзіндік «ғаламның тілдік бейнесін» жасайды. Концептке тіл білімінің өкілдері тарапынан лингвистикалық тұрғыдан берілген түсіндірулер мен тұжырымдар бүгінде көп, дегенмен солардың айтылғандарын біршама қамтитын тұжырым ретінде төмендегі дәйектемені алуымызға болады: «Концепт – тілдік ақпараттарды кодтайтын (сөзге айналдыратын, таңбалайтын), сөздің ішкі мазмұнын, мәнін танытатын, оның затқа, реалийге қатысын, шындықты бейнелеуін көрсететін және сол ақпаратты келер ұрпаққа жеткізетін тілдік таңбалар жиынтығы» [7].

Бүгінгі тіл білімінің дамуында когнитивті лингвистика аясында концепт мәселесін зерттеудің негізгі *екі бағыты* белсенділік танытып отыр. Олардың біріншісі, А.В.Маслова, А.В.Везбицкая, С.Г.Воркачев, Ю.С.Степанов, З.К.Ахметжанова, Н.Уәли, Ж.Манкеева т.б. ғалымдар концептіні *лингвомәдениеттану аспектісінен* зерделеуді жөн санайды. Ғалым-зерттеушілердің тұжырымынша, концепт – мәдени феномен, ұлт мәдениетінің тілге айналған формасы.

Екінші бағыт *семантикалық бағыт* Н.Д.Арутюнова, Т.В.Булыгина, Л.Д.Шмелев т.б. Бұл ғалымдардың тұжырымдауына, концепт мағынасы қалыптасуының жалғыз құралы – *тілдік таңба семантикасы*. Сонымен қатар бұл бағыт өкілдері *сөз бен концепт, ұғым мен концепт* терминдерінің аражігін саралайды. Мәселен, семантикалық талдау зат немесе құбылыс атаулының денотаттық, сигнификаттық, конотаттық және ішкі семалық құрылымын (өзексема, даралаушы сема, потенциалды сема) түсіндіруді көздесе, концептілік талдау бір таңба аясына жинақталған белгілерді идеялық-мазмұндық, танымдық біліктілігін саралауға бағытталады.

Ю.Карауловтың көрсетуінше, концептілік мағына үш құрылымдық бөліктен тұрады: ұғымдық мағына, образды-ассоциативтік мағына және бағалауыштық мағына.

◆ **Тапсырма:**

Дәстүрлі құрылымдық тіл білімі және антропологиялық тіл білімінің өзіндік ерекшелігі.

Қазақ этнолингвистикасының зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері. Ә.Қайдар және қазақ этнолингвистикасы.

Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, негізгі базалық ұғымдары.

Психоллингвистика ғылымының зерттеу нысаны, негізгі бағыттары мен зерттеу әдіс-тәсілдері.

◆ **Әдебиеттер:**

- 1 Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1997.
- 2 Степанов Ю. Основы общего языкознания. – Москва, 1975.
- 3 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. Алматы, 1998.
- 4 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы, 1999.
- 5 Ахметжанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Алматы, 2012.

◆ **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Ғылыми парадигма дегеніміз не? «Парадигма» терминін ғылыми айналымға енгізген кім?
2. Тіл білімі тарихында қандай ғылыми парадигмалар қалыптасты және осы парадигмалардың лингвистикалық мәні неде?
3. Жалпы тіл білімінде антропоэзектік парадигманың қалыптасуы қандай факторлармен байланысты?
4. Тілдік жүйедегі антропоэзектік парадигманың дамуының алғышарттары қандай?

◆ **СӨЖ тақырыптары:**

- Э.Бенвенист еңбектеріндегі антропоэзектік идеялары.
- В. фон Гумбольдт еңбектеріндегі антропоэзектік идеялары.
- Қазақ тіл біліміндегі антропологистика салаларының дамуы мен қалыптасуы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- Копыленко М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995.
- Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997.
- Ақбердиева Б. Когнитивтік лингвистика. Оқу құралы. – Алматы, 2009.
- Байтелиева Ж. Қазақ этнолингвистикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2010.
- Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1989.
- Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы, 2011.
- Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың этномәдени негіздері. – Алматы, 2008.

Дәріс 14

Қазақ тіл білімінде қолданбалы лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы

- 1 Компьютерлік лингвистика: даму тарихы және қалыптасуы.
- 2 Корпустық лингвистика – қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа бағыты.
- 3 Мәтін корпусы және сөздіктердің «Тіл – Қазына» ұлттық компьютерлік қоры.

1 Компьютерлік лингвистика: даму тарихы және қалыптасуы. Қазіргі кезде қоғамның барлық салаларында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазақ тіл білімінің жаңа саласы ретінде қолданбалы лингвистиканың зерттеу бағыты мен салалары қалыптасып, даму үстінде. Қазақ тіл ғылымында қолданбалы лингвистиканың теориялық және практикалық негізінің қалыптасуына Қ.Жұбанов, Қ.Бектаев, А.Жұбановтар көп еңбек сіңірді. А.Жұбанов өз еңбектерінде қазақ тіліндегі мәтіндерді автоматты түрде электронды-есептеу машиналары арқылы статистикалық әдіске сүйене отырып, қазақ мәтіндерінің мазмұнын формальдау жолдарын қарастырады. Сондай-ақ, қазақ тіл білімінің қолданбалы мәселелері бойынша Ә.Болғанбаев, Ш.Дәулетқұлов, С.Байзақов сияқты тілші-ғалымдар өз зерттеулерін жүргізді.

Қолданбалы лингвистика XX ғасырдың 20-жылдары ғылыми пән ретінде негізін қалады. Инновациялық компьютерлік технологияның қолданбалы лингвистика аясында дамуы компьютерлік лингвистика, инженерлік лингвистика, квантативті лингвистика, комбинаторлық лингвистика, корпустық лингвистиканың қалыптасуына әкелді. Лингвистикалық әдебиеттерде бұл ғылым салалары бір-бірімен теңестіріліп қарастырылады, алайда әрбір пәннің өзінің зерттеу мақсат-міндеттері мен әдіс-тәсілдері бар.

Компьютерлік лингвистика. Компьютерлік лингвистика ғылыми бағыты ретінде ХХ ғасырдың 60-жылдары қалыптасты. Стэнфорд және Нью-Йорк университеттерінде (АҚШ) алғаш рет тілдерді ЭЕМ-де оқыту үшін алғышарттары жасалған. 1990 жылдардың екінші жартысында компьютерлер мен телекоммуникациялық құралдардың жаңа түрлерінің пайда болуымен лингвистикалық ақпараттық кеңістікті кеңейту мақсатында мультимедиялық технологияға негізделген бағдарламалар жасалды. Кең көлемді ақпараттық ресурстарды тілді оқыту үдерісінде қолдану, қажет ақпараттарды өңдеу және сақтау – қазіргі тілдік білім беру үдерісіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Компьютерлік лингвистиканың зерттеу нысаны – компьютерлік құралдарды лингвистикада қолдану, жасанды тілдерді өңдеудің жүйесін қалыптастыру, қажет ақпаратты іздеу жұмыстары, машиналық аударма мәселесі, мәтінді компьютерлік безендіру, сөйлеу формасындағы ақпаратты автоматты түрде өңдеу, оны іздеу және сақтау сынды бағдарламалармен қамтамасыздандыру. Компьютерлік лингвистиканың маңызды мәселелерінің бірі – автоматты түрде оқылатын лингвистикалық ақпаратты анықтау.

Қазіргі қазақ тіл білімінде компьютерлік лингвистиканың негізгі бағыты мемлекеттік тілді қоғамның барлық саласында ғылым тілі ретінде қолдануға бағытталған «компьютерлендіру» ісіне арналған. Осыған байланысты қазақ тілші-ғалымдары тарапынан қазақ лексикографиясы саласы бойынша компьютерлік қор жасау, қазақ мәтіндері корпустарының компьютерлік базасын құрастыру ісі қолға алынды. Бұл үшін мәтін мазмұнын компьютер арқылы түсінуге мүмкіндік тудыратын морфологиялық мәтіндік тілші бірліктердің (морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) мағыналарын формалды түрде анықтауға қатысты зерттеулер жүргізілуде.

Қолданбалы лингвистиканың статистикалық және компьютерлік бағыттары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің қызметкерлері тарапынан қолданыла бастады. Оған дәлел ретінде 1993 жылы М.Әуезовтің 20 томдық толық шығармалар жинағын компьютер жадына түсіріп, зерттеуші қауымға жиілік сөздіктер ұсынғандығын айтуға болады. Ал 1978 жылы түркітану ғылымы үшін ортағасырлық «Кодекс-куманикус» ескерткішінің мәтіні тұңғыш рет ЭЕМ жадына енгізіліп, «Куманша-қазақша жиілік сөздігі» түзілді. Сондай-ақ, 1979 жылы М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі де қазақ тілші-ғалымдарының статистикалық лингвистика саласына қосқан еңбек ретінде танылады.

Компьютерлік қор жасаудың негізгі мақсаты – зерттеуші маманның қажетті лингвистикалық ақпаратты іздеу жұмысын жеңілдету. Саяси-мәдени, экономикалық-әлеуметтік қатынастар негізінде тілдік жүйеге термин сөздер мен неологизмдердің еніп отыратыны белгілі, сол себепті автоматтандырылған сөздік базасын құрастыру кезек күттірмес мәселелердің бірінен саналады. Осы бағытта А.Жұбановтың «Қазақ сөзінің «Тіл – қазына»

деректер базасы және оның теориялық негіздері» атты ғылыми монографиясы жарық көрді.

«Тіл – қазына» атты деректер қорының мүмкіндіктері:

- қажетті деген сөзге немесе сөзформаға қатысты карточкалық мәнмәтіндерді лезде тауып алып, олармен компьютердің экраны арқылы немесе қағаз бетіне басып шығарып та танысу мүмкіндігі;

- әрбір әріпке байланысты реестрлік сөздік түзілгендіктен, қажет деген сөздер мен оларға қатысты карточкалық мәнмәтіндерді лезде іздеп тауып алу мүмкіндігі;

- қажетті деген сөзге немесе сөзформаға (олардың бастапқы, ортаңғы, соңғы бөліктеріне) байланысты карточкалық мәнмәтіндерді авторына, шығармасына, баспа аттары мен шыққан жылдарына қатысты іздеп табу мүмкіндігі;

- «Тіл – қазына» компьютерлік базадағы карточкалық мәнмәтіндерді өңдеуге, өшіруге немесе жаңадан қосуға болатын мүмкіндіктің ескерілуі (1, 9).

2 Корпустық лингвистика – қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа бағыты. Ұлттық корпустық лингвистика – электронды форматтағы мәтіндер жиынтығынан құрылған ақпараттық-анықтамалық жүйені құрайды. В.П.Захаров «Корпусная лингвистика» атты оқу құралында былай дейді: «Под названием лингвистический, или языковой, корпус текстов понимается большой, представленный в электронном виде, унифицированный, большой, представленный в электронном виде, унифицированный, массив языковых данных, предназначенный для решения конкретных лингвистических задач» (2,3).

Корпустық лингвистика 1963 жылы АҚШ-та өмірге келген Браун корпусынан (The Brown Standard Corpus of American English) бастау алады. Бұл корпустың көлемі 1 млн. сөзқолданыстан тұрады және оның құрамында әрбіреуі 2 мың сөзқолданысқа тең 500 мәтін бар. Ал орыс тілінің ұлттық корпусы 5 млн. астам сөзқолданыстан тұрады.

Корпустық лингвистиканың ағылшын тілі материалы негізінде қалыптасуын ғалымдар компьютерлік техниканың, өткен ғасырдың 60-80 жылдары британ лингвистикасындағы жасанды интеллектінің белсенді даму жағдаятымен түсіндіреді. Корпустық лингвистика тіл білімінің жеке саласы ретінде өзімен іргелес жатқан тіл ғылымы пәндерімен, атап айтқанда, математикалық лингвистика, дискурстік анализ және лексикография салаларымен тоғысады. Сондай-ақ, мәтін корпусы тілдік жүйенің фонологиялық, лексикалық, грамматикалық және стилистика салаларымен тығыз байланысты. Компьютерде мәтіндерге лингвистикалық ақпараттар беру, корпустық зерттеулер біраз уақыттан бері жалпы тіл білімінде, соның ішінде

шетел тіл білімінде лингвистикалық зерттеулердің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде қолға алынып келеді.

Корпустық лингвистика тілдік зерттеулерде мынадай әдістерді негізге алады:

- филологиялық әдістер;
- статистикалық әдістер;
- ақпараттық-технологиялық әдістер;
- теориялық-лингвистикалық әдістер.

3 Мәтін корпусы және сөздіктердің «Тіл – Қазына» ұлттық компьютерлік қоры. Мәтіндер корпусы лингвистикалық, филологиялық және педагогикалық мәтіндер аясында топтастырылуы мүмкін. Компьютерлік лингвистика лексикография, грамматика, мәтін лингвистикасы, типология, контрастивтік лингвистика, аударма теориясы мен практикасы, әдебиеттану ғылымы, лингводидактика сынды пәнде аясында қарастырылады. Корпустық лингвистиканың ішінде ең жақсы дамыған корпус түрі – ұлттық корпус. Мұндай корпус түрі ұлттық тілді толық түрде бейнелейді. Ұлттық корпусың негізі – сол тілдің жазба және сөйлеу түріндегі мәтіндерінің барлық типтерінің бейнеленуі. Ұлттық корпус лексикография, жасанды интеллект, әдебиеттану, сөйлеу тілін талдау мен жинақтау, академиялық сөздіктер мен ғылыми грамматикалар құрастыру, оқулықтар мен бағдарламалар жасауға қатысты зерттеу әдістерін қамтамасыз етеді. Ұлттық корпусың ғылыми көпшілік қауым, тілшілер мен әдебиеттанушы, тарихшылар мен гуманитарлық білім салаларының өкілдері пайдалана алады. Сонымен қатар ұлттық корпусың ана тілі мен шет тілін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда маңызы жоғары деуге болады.

Қазақ тілінің тілдік корпусын зерттеуге арналған бұл жұмыстың нәтижелері жоғарғы оқу орындарында оқытылатын «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы», «Компьютерлік лингвистика», «Морфология», «Мәтін лингвистикасы» салалары бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады.

Қазақ тіл білімінде корпустық лингвистика мәселесіне қатысты тілдік корпус терминінің мәнін айқындап, оның лингвистикалық табиғатына сипаттама беру; тілдік корпус жасаудың теориялық және практикалық негіздемелерімен танысу; корпус жасаудың лингвистикалық деңгейін компьютерлік деңгеймен байланыстыру; көркем тіл мен техника тілін орайластыру; белгі-кодтар коюдың кезеңдік әдіс-тәсілдерін менгеру; лингвистикалық белгі-кодтарды коюдың теориялық және практикалық мәселелерін шешу; морфологиялық талдаудың дәстүрлі принциптеріне сүйене отырып, талдау үлгілеріне шолу жасау жұмыстары атқарылды.

Қазақ тілінің тілдік корпусын «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы», «Компьютерлік лингвистика», «Морфология», «Мәтін лингвистикасы» салалары бойынша оқытылатын лекциялар мен семинар сабақтарында пайдалануға болады.

Яғни қандай да бір көркем шығарма немесе басқа да жанр түрлерінен алынған мәтінді корпустық лингвистика парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар тұрғысынан алып, синтагмада, яғни тізбектеле жатқан сөйлемдерді алдымен парадигматикалық қатарға түсіріп, бөлшектеп, сол жекелеген сөйлем бөлшектерін қайтадан синтагмалық жүйеде тізбектей лингвистикалық белгілер қоя отырып сипаттайды. Мұндай лексика-грамматикалық, семантикалық, стилистикалық сипаттамалар, белгілі бір сөзформаға морфологиялық, семантикалық, синтаксистік мағлұматтар компьютерде автоматты түрде орындалады. Осы тұрғыдан алғанда біздің айтып отырған мәтіннің әрбір бөлшегіне берілген лингвистикалық ақпарат, жай тілдік сипаттама ғана емес, автоматтандырылған компьютерлік лингвистиканың аясында қарастырылады.

Яғни бірінші кезеңде сөзформаның мүмкін варианттары автоматты түрде түгелдей қамтылса, екінші кезеңде омоним сөзформалар анықталып, олардың тұсына сұрақ белгілері қойылып отырады. Үшінші кезеңде анықталған омонимдер арасында сөз формалары (ол сөз не сөздің формасы, яғни грамматикалық формалар болуы мүмкін) лексикалық не грамматикалық мағыналары мәтіндерден іздестіріліп, қай сөз табы екендігі анықталады. Мұндай жұмыс түрлерінің барлығы компьютерде арнайы бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

Тілдік корпус жасалғаннан кейін, зерттеуші белгілі бір тілдік құбылысты компьютер жадынан интернет желісі арқылы іздеуіне болады. Іздеу белгілі бір өлшемде іске асырылады. Мәселен, ізделетін нақты сөзформа көрсетіледі; лексема, яғни түбір сөз беріледі; морфологиялық белгілері қойылады; басқа сөзформалар/лексемалармен тіркесуі; сөйлемдегі қолданыс ерекшелігі (орын тәртібі); мәтіннің шыққан уақыты мен жанры тағы басқа ақпараттар көрсетіледі.

Компьютерлік бағдарламаға енгізілетін көркем әдеби шығармалар мәтіндеріне морфологиялық талдау жасау барысында біршама мәселелер алдан шықты. Оларды жалпылай айтсақ: біріншіден, қазақ тіл білімінде жекелеген лексикалық бірліктерді сөз таптарына жатқытуда қайшы пікірлердің кездесуі, екіншіден, кейбір грамматикалық формалардың тұрпат межесі мен мазмұн межесінің түпкілікті айқын еместігі, үшіншіден, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігінен туындайтын контекст мәселесі, төртіншіден, авторлық қолданыс ерекшеліктері, бесіншіден, мәтіндер корпусын жасауда әзірленген компьютерлік бағдарлама мүмкіндіктері. Бұл аталған жайттарды мысалдар арқылы көрсетейік: *Таң алдында бір ғана сағат мызғызғаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді* деген сөйлемдегі сөздерге жеке-жеке морфологиялық

талдау төмендегіше жасалды: **тан** {**тан** – зат: жалпы, дара, түбір, дерексіз + Ø жекеше + Ø септік, ілік}; **алдында** {**алд** – көмекші есім: дара, түбір + Ø жекеше + тәуелдік, 3-жақ + септік, жатыс}; **бір** {**бір** – сын: дара, түбір, есептік}; **ғана** {**ғана** – шылау: дара, түбір, демеулік}; **сағат** {**сағат** – зат: жалпы, дара, түбір, деректі + Ø жекеше + Ø септік, ілік}; **мызғығаны** {**мызғы** – етістік: дара, түбір, негізгі, салт + есімше + тәуелдік, 3-жақ + Ø септік, атау}; **болмаса** {**болмаса** – шылау: дара, түбір, жалғаулық}; **Абай** {**Абай** – зат: жалпы, дара, түбір, деректі + Ø жекеше + Ø септік, атау}; **бұл** {**бұл** – есімдік: дара, түбір, сілтеу + Ø жекеше + Ø септік, атау}; **түнді** {**түн** – зат: жалпы, дара, түбір, дерексіз + Ø жекеше + септік, табыс}; **ұйқысыз** {**ұйқысыз** – сын: дара, туынды, қатыстық}; **өткізді** {**өт** – етістік: дара, түбір, негізгі, салт + функционалды жұрнақ + жедел өткен шақ + Ø рай, ашық + Ø жіктік, 3-жақ, Ø жекеше}. Осы сөйлемдегі жеке сөздерге жасалған морфологиялық талдаудың негізгі принциптері мен қойылған шартты белгілерге төмендегідей түсініктеме беріледі:

- мәтіндегі сөздер **қара бояумен (мызғығаны)** бөлек алынады;

- одан кейін ирек жалпы сөздердің сөздік және сөздік сөздерінің құрамына кейін «→» белгісі арқылы негізгі грамматикалық сипаттамасы беріледі: **мызғы** – етістік: дара, түбір, негізгі, салт;

- «+» белгісі қойылып, осы сөзге жалғанған (жалғануы мүмкін) грамматикалық форма (бірнешеу болса, араларына «+» белгісі қойылады) беріледі: «+ есімше + тәуелдік, 3-жақ + Ø септік, атау». Мұндағы «+» белгісі сөздің түбіріне немесе оған жалғанған қосымшаға жұрнақ немесе жалғау жалғанып тұрғандығын, ал «Ø» символы атау септік тұлғасының контексте әрқашан «нөлдік формада» тұратындығын білдіреді;

- сөз құрамындағы барлық грамматикалық формалар берілгеннен кейін ирек жақша жабылады (3).

Мәтіндегі сөздерге морфологиялық талдау жасағанда қойылатын шартты белгілер сөз табының ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, «Ø» морфологиялық белгі шартты түрде «нөлдік форма» орнына қолданылады.

Жалпы лингвистикалық корпусы жасалған тілдер қатарынан ағылшын ұлттық тілі корпусын, неміс ұлттық тілі корпусын, орыс ұлттық корпусын, қытай тілінің ұлттық корпусын, португал тілінің корпусын, хорват ұлттық корпусын, чех ұлттық корпусын, қырым татарлары тілінің корпусын жасалған.

Лингвистикалық корпус түрлерін төмендегі сайттардан көруге болады:

Ағылшын тілі бойынша

Brown Corpus – алғашқы лингвистикалық корпус

<http://www.hd.uib.no/icame/brown/bcm.html>

The British National Corpus (BNC)
<http://sara.natcorp.ox.ac.uk/lookup.html>

Неміс тілі бойынша

COSMAS (Неміс тілі институтының корпусы, IDS)

<http://corpora.ids-mannheim.de/~cosmas/>

NEGRA - синтаксически аннотированный корпус

<http://www.coli.uni-sb.de/sfb378/negra-corpus/>

Орыс тілі бойынша

(Браун корпусына негізделген орыс тілінің Уппсальдық корпусы)

<http://www.sfb441.uni-tuebingen.de/b1/en/korpora.html>

<http://corpora.yandex.ru/>

Әдебиеттер:

1 Жұбанов А.Қ. Қазақ сөзінің «Тіл – қазына» деректер базасы және оның теориялық негіздері. – Алматы, 2009.

2 Захаров В.П. Корпусная лингвистика: Учебное пособие. – Москва, 2005.

3 Жұбанов А.Қ. Қазақ тілінің «Тіл – қазына» деректер базасындағы сөздерді морфологиялық талдау және оларға шартты белгілер қою принциптері // Тіл және мәдениет: тілдің антропоэлектік парадигмасы. – Алматы, 2010.

4 Жұбанов А.Қ. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002.

◆ Тапсырма:

Қолданбалы лингвистиканың зерттеу нысаны мен зерттеу бағыттары.

А.Жұбановтың «Қазақ сөзінің «Тіл – қазына» деректер базасы және оның теориялық негіздері» атты ғылыми монографиясына сипаттамалы талдау жасаныз.

◆ Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

Сөздік қор, сөздің құрам дегеніміз не?

Мәтін корпусы терминін қалай түсінесіз?

Корпустық лингвистиканы түзудің мақсаты не?

Жилілік сөздіктің нысаны мен мақсатын айқындаңыз.

Корпустық лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны не?

◆ СӨЖ тақырыптары:

А.Жұбанов және қолданбалы лингвистика мәселесі.

Ұлттық тіл корпусын жасаудың қажеттілігі мен маңызы.
Қазақ тіл білімінде қолданбалы лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Жұбанов А. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы, 2007.
Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2007.
Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Вопросы прикладного языкознания. – Алматы, 2008.
Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер. Оқу құралы. – Алматы, 2006.
Жұбанов А. Қазақ сөзінің «Тіл – қазына» деректер базасы және оның теориялық негіздері. База данных «Тіл – қазына» казахского слова и ее теоретические основы. – Алматы, 2009.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Негізгі әдебиеттер:

- 1 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
- 2 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 2003.
- 3 Қалиев Б. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1997.
- 4 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1990.
- 5 Кочергина В.А. Введение в языкознание. – Москва, 2004.
- 6 Алефиренко Н.Ф. Теория языка. Вводный курс. – Москва, 2007.
- 7 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013.
- 8 Акбердиева Б. Когнитивтік лингвистика. Оқу құралы. – Алматы, 2009.
- 9 Құлбеков А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы, 2011.

Қосымша әдебиеттер:

- 1 Кодухов В.И. Введение в языкознание. – Москва, 1987.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
- 3 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
- 4 Тектігүл Ж. Тіл біліміне кіріспе (жаттығулар жинағы). – Алматы, 2000.
- 5 Хасанов Ф. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы, 2009.
- 6 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
- 7 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, 2011.

Сөздіктер:

- 1 Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігі (15 том). – Алматы, 2011.
- 2 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 2004.

- 3 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы, 2005.
 4 Аманжолов А. Қазақша-орысша лингвистикалық терминдері. – Алматы, 1997.
 5 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 2002.

ГЛОССАРИЙ

Анықтауыш – зат есімнен немесе олардың орнына жұмсалатын басқа сөздерден болған сөйлем мүшелерінің әр түрлі сынын, сапасын, меншіктілігін білдіретін тұрлаусыз мүше.

Аралас құрмалас сөйлем – құрамындағы компоненттері бір-бірімен салаласа, сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдер жүйесі.

Апокопа – екпінге қатысты дыбыстық процес нәтижесінде сөз соңындағы дыбыстың не буынның түсіп қалуы.

Арго – адамдардың белгілі бір әлеуметтік және кәсіби жағын білдіретін түсінікті тіл.

Артикуляциялық база – белгілі бір тілге тән сөйлеу мүшелерінің дағдылы қызметі.

Ассимиляция – дыбыстардың комбинаторлық өзгерістерінің неғұрлым кең тараған түрі. Сөйлеу үстінде сөздегі не сөз тіркесіндегі дыбыстар артикуляциясы жағынан бір-бірімен қиюласып, үндесіп айтылады.

Ауыспалы мағына – белгілі қасиеттеріне қарай шындық құбылысты білдіретін сөздің басқа бір құбылысқа атау болуынан туатын мағына. Мұндай мағына заттар мен құбылыстардың қандай да бір ұқсастығына, шектестігіне байланысты сөздің тура мағынасынан өрбиді.

Аферезис – алдыңғы сөздің соңғы дыбысының әсерімен келесі сөздің басындағы дауысты дыбыстың түсіп қалуы. Бірен-саран сөз тіркестерінде болмаса, қазақ тілінде сирек кездеседі.

Аффикс – қосымша, түбірге жалғанып, грамматикалық немесе сөзжасамдық мағына тудыратын сөз бөлшегі, сөздің ең кіші құрылымдық элементі, көмекші морфема.

Антоним – өзіне тән сапалық белгісін сақтап, бір-біріне қарсы мағынада қолданылатын сөз.

Антропологиялық лингвистика – методологиялық негізі ретінде «антропологиялық принципті» қолдайтын зерттеулердің шартты атауы.

Антропонимика – (грек. *anthropos* «адам», *онума* «ат, атау») – кісі есімдерін зерттейтін сала.

Атау (лат. *nominatio* «наименование») – қоршаған орта құбылыстар мен зат, сапа, сын, әрекет атаулары, таңбалануы.

Архаизмдер (грек. *archaios* «көнерген») – белгілі бір дәуір үшін ескірген, өзге сөздермен ауыстырылған немесе қолданыстан біржола шығып қалған сөздер.

Архилексема – лексикалық бірліктерді ортақ семантикалық белгілері бойынша топтастырушы, жалпылаушы мағынасы бар лексема.

Арнаулы лексика – ғылым мен техниканың әр алуан салаларына қатысты ғылыми ұғым атаулары. Арнаулы лексикаға терминдер мен кәсіби сөздер енеді.

Архисема (өзексема) – белгілі топтың барлық единицаларына тән және олардың жалпы категориялық қасиеттері мен белгілерін бейнелейтін сема.

Әдеби тіл – белгілі мөлшерде сұрыпталып, тілдік нормалық бағыты анықталған, стиль жағынан сараланған, жалпыхалықтық сипат алған ұлттық тілдің жоғары формасы.

Бейнелі мағына – адамның сезімі мен көңіл-күйіне байланысты айтылатын эмоционалды сөздер мағынасы.

Бейнелі мағына – адамның сезімі мен көңіл-күйіне байланысты айтылатын эмоционалды сөздер мағынасы.

Буын жазуы – буынға негізделген жазу. Онда дыбыстық таңба буынды білдіреді. Идеографиялық жазу. Пиктографиялық жазу.

Бастауыш – сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің бірі, сөйлемде айтылатын ойдың негізі, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың иесі.

Басынқы сөз – тірек сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы ұйытқы сөз, басқа бір сөзді өзіне бағындырып тұратын сөз.

Баяндауыш – сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің бірі, сөйлемде грамматикалық жағынан бастауышқа бағынып, оның іс-әрекет, қимылын, түрліше дәрежедегі заттық, сапалық қасиеттерін білдіріп тұратын негізгі мүше.

Глоссематика – Батыс Еуропа тіл біліміндегі структурализм бағытының неғұрлым дәйекті сипатын білдіретін тіл теориясы.

Глоттогенез теориясы – адамзаттың табиғи дыбыстық тілінің қалыптасу процесі. Бұл теория тілдің пайда болуының философиялық, әлеуметтік және психологиялық мәнін ұғынумен байланысты туған жалпы мәселелердің жалғасы.

Гумбольдт ілімі – жалпы тіл білімі мен тіл философиясының негізін қалаған В. фон Гумбольдттың тілге және оның зерттелуіне арналған философиялық-тілдік бағдарламасы аясында қалыптасқан көзқарастарының жиынтығы.

Гапология – біркелкі айтылатын буындардың біреуінің түсіп қалуы.

Говор – тілдің шағын аймаққа тараған, диалектінің ішіне кіретін бөлігі. Оларға тән дыбыстық, грамматикалық, лексика-семантикалық ерекшеліктер неғұрлым шағын аймақты қамтиды. Қазақ диалектілерінің говорларға бөлінетіні алғаш рет С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Ж.Досқараев еңбектерінде айтылған. Қазақ тілі говоларын зерттеу ісі 1955 ж. қолға алынды.

Грамматикалық мағына – тілде қалыпты сипаты бар сөздер тобы мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән жинақты, дерексіз тілдік мағына.

Грамматикалық категория – мағынасы біртүпес грамматикалық тұлғалардың бір-бірінен өзгеше жүйесі.

Грамматикалық форма – грамматикалық мағынаның қалыпты көрінісін білдіретін тілдік белгі.

Гримм заңы – үндіеуропалық және германдық шуыл дыбыстардың 1818 ж. Р.Раск ашқан, 1822 жылы Я.Гримм жүйеге келтірген тұрақты сәйкестігі.

Генеалогиялық топтастыру – тілдердің туыстығына, шығу тегіне қарай топтастырылуы. Әрбір тіл семьясы бір ата тілден тараған диалектілердің негізінде пайда болған.

Грамматика – тіл құрылысы, яғни морфологиялық категориялар мен формалардан, синтаксистік категориялар мен синтаксистік құрылымдардан, сөзжасау тәсілдерінен тұратын тіл жүйесі. Тіл құрылысын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Дәстүрлі тіл білімі – қалыптасқан тілдік дәстүрге сай тілдің және оның құрылымының ішкі қатынастары мен компоненттерінің байланысын ашумен бірге, тіл мен ойлаудың өзара қатынасы, тілдің қоғаммен байланысы сияқты мәселелердің зерттелуін мақсат ететін тіл біліміндегі бағыт.

Дескриптивті лингвистика – жалпы структуралды тіл білімі аясында XXғ. 30-50 жылдары пайда болып, жедел дамыған Америка тіл біліміндегі бағыттардың бірі.

Дистрибутивті талдау – мәтіндегі жеке тіл бірліктерінің орналасқан айналасын, сол ортада жекеленуін, алатын орнын зерттеуге негізделген, бірақ олардың лексикалық я грамматикалық мағыналарына мән бермейтін әдіс.

Денотат – тілдік бірлік арқылы белгіленетін шындықтың көптеген белгілері.

Денотаттық мағына – әртүрлі ренк тудыратын үстеме мағынадан тыс сөздің негізгі мағынасы.

Деривация – бастапқы тіл бірліктерінің негізінде басқа тіл бірліктерін жасау процесі.

Деривациялық мағына – өз алдына дербес қолданылмайтын сөзжасау жұрнақтары білдіретін үстеме мағына. Ол арқылы сөздің лексикалық мағынасына өзгерістер енеді.

Дублет (фр. doublet – екі еселенген) – мағыналық толық сәйкестікке негізделген, қолданыста стильдік мәні жағынан ерекшеленетін, морфемдік құрамы әр басқа лексикалық бірліктер.

Дыбысқа еліктеу теориясы (ономатопэтикалық теория) – тілдің шығуы туралы теориялардың бірі. Бұл теория бойынша, тіл адамның табиғи дыбыстық және дыбыстық емес белгілерге еліктеуінен туған.

Диссимилиация – ассимиляцияға қарама-қарсыкомбинаторлық өзгерістің бір түрі. Сөз ішінде қатар келген ұқсас немесе бірдей дыбыстардың сөйлеу тілінде өзге дыбысқа айналуы.

Диалектология – белгілі бір тілдегі диалектілер мен говорлардың қазіргі қалпын, тарихын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Диалект – біртұтас жүйенің (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) ерекшелігімен сипатталатын тілдің территориялық немесе әлеуметтік бір түрі.

Диалектологиялық атлас – тілді лингвистикалық география әдісімен зерттеу нәтижесінде жасалған карталар жиынтығы. XX ғ. II-жарт. «Жалпы еуропалық диалектологиялық атлас», «Еуропа лингвистикалық атласын», «КСРО-дағы түркі тілдерінің диалектологиялық атласын» жасау жұмысы басталып, алғашқы түрлері жарық көрді.

Диалектологиялық карта – белгілі бір тілдің говорлары мен диалектілерінің, жеке диалектілік құбылыстардың таралу сипаты белгіленіп көрсетілетін карта.

Ежелгі грек тіл білімі – Грецияда туған тіл біліміндегі ой-пікір бүкіл Еуропа тіл ғылымының қалыптасып дамуына күшті әсерін тигізді. Ежелгі грек тіл білімі филологиялық және философиялық кезеңге бөлінеді.

Екпін – сөз ішіндегі бір буынның айтылуда күшті, көтеріңкі естілуі.

Етістік – шақтық, жақтық, райлық қарым-қатынаста заттың қимылын, жай-күйін білдіретін сөз табы.

Етістіктің аналитикалық формасы – сынарларының бірі негізгі етістіктен, екіншісі көмекші етістіктен жасалып, грамматикалық мағына білдіретін етістік тіркесі.

Жасанды тілдер – белгілі бір қоғамдық салада табиғи тілдерді қолдану тиімсіз немесе мүмкін болмаған жағдайда жұмсалатын, қолдан жасалған ұлтаралық, халықаралық қатынас құралы.

Жалпы тіл білімі – тіл білімінің барлық тілдерге тән заңдылықтары мен қасиеттерін зерттейтін үлкен салаларының бірі.

Жас грамматизм – XIX ғ. 70 ж. Германияда салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қарсы пайда болған Еуропа тіл біліміндегі бағыт.

Женева мектебі – Ф. де Соссюр идеяларына сүйенетін және Женева университетінің дәстүрін дамытатын тіл біліміндегі әлеуметтік бағыттағы мектептердің бірі.

Калькалау – басқа тілдің лексика-семантикалық, лексика-синтаксистік үлгілерін қабылдау рақылы жаңа сөздер, жаңа синтаксистік құрылымдар жасау.

Кенестік тіл білімі – Кеңес үкіметі жылдарында қалыптасқан тіл білімі. Кеңес тіл білімі бірінші методологияға – диалектикалық материализмге негізделеді.

Когнитивті тіл білімі – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы.

Коммутация – тілдің екі таңбасының – тілдік таңбаның көрінісі мен мазмұнының сәйкестігінен туатын қатынас. Коммутация ұғымын глоссематикада тіл таңбалары арасындағы парадигматикалық қатынасты анықтау үшін, 1935 жылы Л.Ельмслев енгізген.

Компонентті талдау әдісі – мағыналы тіл бірліктерінің мазмұндық жағын зерттеу әдісі. Оның мақсаты мағынаның ең кіші семантикалық бөлшектерін ажырату.

Контрастивтік лингвистика (салғастырмалы тіл білімі) – жалпы тіл білімі саласында XXғ. 50 ж. Бері қарқынды дамыған бағыт. К.Л.мақсаты – екі немесе одан да көп бірнеше тілдерді салғастыра зерттеп, олардың құрылымдық деңгейіндегі жақындығы мен айырмашылығын анықтау.

Коммуникация – адамдардың танымдық-еңбек процесінде қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады.

Кодификация – тілдің нормалық қалыпқа түскен үлгілі нұсқасын сөйлеуде, жазуда үнемі сақтап, қайталап отыруды қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы.

Лексема (грек. *lexis* «сөз») – өзара қатыстық байланыста болатын лексикалық мағына мен грамматикалық форманың жиынтығынан тұратын лексикалық жүйенің негізгі единицасы.

Лексикология (гр.*lexikos* сөз туралы және *logos* ілім) – тіл білімінің сөздік құрамды, тілдің лексикасын зерттейтін сала.

Лексикалық архаизмдер – қазіргі тілдік қолданыста сәйкес синонимдік мағынасы бар көнерген сөз.

Лингвистикалық география – тілдік құбылыстардың таралған кеңістігін зерттейтін тіл білімінің саласы. Лингвистикалық география арқылы тілдердің

тарихы мен шығу тегін ретроспектив тәсілмен зерттеуге мүмкіндік беретін диалектологиялық, тілдік атластар жасалады.

Наречие – негізгі тіл ерекшеліктері бірінші, шыққан тегі бір-біріне жақын жергілікті говорлардың жиынтығы. Наречие диалектілер мен говорлар тобы мағынасында төңкеріске дейінгі орыс тіл білімінде, туркологтардың еңбектерінде қолданылған.

Семантикалық архаизмдер – қазіргі тілдік қолданыста дыбыстық тұлғасын сақтап қалған, бірақ ескі мағынада қолданылатын сөз.

Сөздік құрам (грек. *lexikos* «сөздік», *лексика*) – тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы. Лексика термині тілдік жүйедегі сөздердің қолданылу сипатына қарай да қолданылады. Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді: әдеби лексика және диалектілік лексика; жалпыхалықтық лексика және арнаулы лексика, бейтарап лексика және эмоционалды-экспрессивті лексика;

Сема – сөз мағынасының ең кіші единицасы немесе мазмұн өрісінің ең кіші единицасы

Тіл туралы жаңа ілім (Яфет теориясы) – XX ғ. 20-30 жж. тіл білімінің жалпы мәселелері жайында Н.Я.Март ұсынған көзқарастар жүйесі.

Тіл туралы жаңа ілім (Яфет теориясы) – XX ғ. 20-30 жж. тіл білімінің жалпы мәселелері жайында Н.Я.Март ұсынған көзқарастар жүйесі. Ойлау – шындық болмысты бейнелеудің жоғарғы формасы, ол заттар мен құбылыстардың арақатынасын, байланыстарын жинақтап танып білуге бағытталған.

Тілдің шығуы – бұл мәселе антикалық тіл білімінде тілдің мәні туралы жалпы философиялық тұрғыда қойылған. Грек ғылымындағы тағы бір бағыт тілдің шығуын заңды биологиялық сипатын жақтаған, екінші бағыт – оның жасанды сипатын жақтаған.

Ұлттық тіл – ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын тарихи-әлеуметтік категория.

Ұғым – болмыстағы заттар мен құбылыстарды жинақтап білдіретіной; грамматикалық немесе семантикалық категория.

Фонема – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға көмектесетін тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік бірлік.

Фонетика – тілдің дыбыстық жүйесін, яғни жасалу жолдары мен естілуін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Фонология – тіл дыбыстарын атқаратын қызметіне қарай зерттейтін тіл білімінің саласы. Фонологияның фонетикадан ерекшелігі осында. Фонетика

дыбыстық жүйені акустика-артикуляциялық белгілеріне қарай зерттесе, фонетиканың басты зерттеу нысаны – фонема, яғни дыбыстың сөздегі қызметі.

Фоносемантика – көлемдік және мезгілдік тұрғыдан тілдің бейнелеуіштік жүйесін зерттейтін сала.

Фузия – көрші морфемалардың морфонологиялық жағынан бір-бірімен сіңісуі, кірігіп кетуі.

Флексия – жалғау арқылы немесе сөз ішіндегі дыбыстардың өзгеруі арқылы сөз формаларын түрлендіру тәсілі.

Функционалды-семантикалық өріс – семантикалық категориялар негізінде әртүрлі деңгейдегі өзара әрекеттес тілдік құралдардың функцияларының ортақтығына байланысты қалыптасқан жүйе.

Функционалды лингвистика – структуралды лингвистиканың бір тарауы ретінде пайда болған мектеп пен бағыттардың жиынтығы, негізінен тілдің қарым-қатынастық қызметін қарастырады. Функционалды лингвистиканың негізгі принципі – тілді сөйлеу құралының мақсатты жүйесі деп тану.

Пән бойынша әдістемелік нұсқаулықтар

Қазіргі заманғы оқытудың негізі студенттің танымдық іс-әрекеттің әдістерін белсенді игеруі, жеке, тұлға білім берудің мәнін терең түсінуі және өздік дамуы қамтамасыз ететіндей болуы керек. Сондықтан білім беру үдерісінде түрлі оқыту технологиялары қолданылып жатыр.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық-технологиялық бағыттағы ой-тұжырымдамалары төмендегідей сипатталады:

- есте сақтауға негізделген білім, яғни осы кезеге дейін менгерілген тілдік білімді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын танымдық оқуға көшу;

- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық жүйесіне

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Конспект – белгілі бір мәселе жайлы қысқаша жазылған жазбаша мәтін. Конспект – тақырыптың қысқаша мазмұны. Ол қысқаша формада жазылғанымен, онда тек негізгі ақпараттар ғана қамтылады. Өйткені конспект көлемі түпнұсқадан үш есе аз болуы керек деп саналады.

Конспект жазу – белгілі бір ақпараттың ұзақ уақыт бойы жадта сақталуына негізделеді. Студенттер білім алу үшін оқиды, алған білімді санада ұзақ уақыт бойы сақтау үшін қабылданған тілдік білімді, ғылыми мазмұнды түсінулері, менгерулері қажет, конспект сол тұрғыдан студенттерге көмектеседі. Сондай-ақ, конспект жазу – аралық бақылау немесе емтихан тапсырудың дайындық формасы. Жазылған конспект бойынша сабақта өтілген материалдарды қайталау жеңілдейді. Өйткені конспект мазмұны термин сөздер, тірек сөздер, негізгі принциптер мен ережелерді, тілдік нормаларды қамтиды. Студент конспект бойынша емтиханға, аралық бақылауға дайындалу үстінде оның жадындағы ақпараттар актуалдана түседі.

Конспект жазу негізінде емтихан материалдарына дайындалу біршама жеңілдей түседі. Егер студент конспектін өзі жазып, берілген ақпараттармен танысқан болса, лингвистикалық және ғылыми әдебиеттердегі негізгі ақпаратты көмекші материалдардан ажыратып қарай алады.

Конспект түрлері:

– Жоспарлы конспект – белгілі бір ғылыми мәселені қарастыруда негізгі мәселелері қамтылған жоспар негізінде жазылады.

– Мәтіндік конспект – мұндай конспект түрі дереккөздерден алынатын ғылыми үзінділер мен пікірлерге сүйенеді.

– Тақырыптық конспект – белгілі бір ғылыми мәселелердің басын ашуда бірнеше дереккөздерге сүйенеді. Мұндай конспект түрін жүргізу қиын жұмыстардың бірінен саналады.

– Еркін конспект – мұндай конспект түрі жоғарыда берілген түрлі конспекттердің өзара үйлесімділігіне құрылады.

Конспектілеу техникасы. Конспектіні жылдам жазуға (оқытушының айтқандарын жазуға үлгеру) төмендегідей тәсілдер көмектеседі:

- қысқарту жүйесі;

- басты мәселені айқындап алу;

- каллиграфиялық жазудан бас тарту;

- ақпаратты схема, таблица немесе кесте түрінде беру.

Реферат (лат. *refere* – хабарлау, айту) – бір немесе бірнеше дереккөздерден алынған белгілі бір тақырып жөнінде хабарлау. Реферат ғылыми мақалалар мен ғылыми әдебиеттердің мазмұнын сипаттау болып табылады. Жалпы рефераттың бірнеше түрлері көрсетілді: *реферат-конспект; реферат-резюме; реферат-шолу; реферат-баяндама.*

Реферат-конспект – белгілі бір тақырып жөнінде жалпы ғылыми ақпаратты құрайды, онда иллюстрациялық материалдар, зерттеу әдіс-тәсілдері, зерттеу нәтижелері және олардың практикалық қолданысы туралы жалпы ақпараттан тұрады.

Реферат-резюме – берілген тақырыптың тек негізгі тұжырымдарын құрайды.

Реферат-шолу – берілген мәселе бойынша бірнеше дереккөздерге сүйене отырып, ондағы түрлі ғылыми көзқарастар өзара салыстырылады.

Реферат-баяндама – берілген ғылыми ақпараттың шынайылығы, оның шешімі бар екендігі, түпнұсқа мәліметтермен өзара салыстырылған, кеңейтілген сипатқа ие.

Реферат құрылымы:

Кіріспе бөлімде осы тақырыптың тандалуы, автор туралы мәліметтер, тандалған тақырыптың негізгі проблемалары айқындалады.

Негізгі бөлім мәтін мазмұны, тезис түрінде негізгі тілдік фактілер мен ғылыми тұжырымдамалардан тұрады.

Қорытынды бөлімде зерттелген мәселе жөнінде қол жеткізген нәтижелер мен тұжырымдамалар беріледі.

Рефераттың өзіне тән белгілері:

- реферат мазмұны толығымен баяндалатын дереккөздің мазмұнына тікелей байланысты;

- негізгі ақпарат ықшамдалмай және субъективті бағасыз нақты мазмұндаудан тұрады;

- тұрақты құрылымға ие.

Жұмыстың ғылыми және практикалық мазмұнына сәйкес *пікір* (рецензия) беріледі. *Пікір* мынадай факторларды негізге ала отырып бағаланады: ұсынылатын тақырып жөнінде автордың эрудициясы, жұмыс авторының зерттеу мәтіндік мәселені өзіндігімен таныстығы, дереккөздермен толық таныстығы, қалыптасқан ғылыми фактілер мен зерттеу нәтижелерін зерттеу жұмысында қолдану дәрежесі.

Автордың ұсынылған білім бағдаламаларынан өзге қосымша ақпараттарды қолдануымен таныстығы, берілген тақырыптың жанашылдығы, берілген ғылыми тақырыпты меңгеру деңгейі.

Автор сауаттылығы, берілген материалдардың өзара логикалық жүйелілікке құрылуы, стандартты талаптарға сай келуі, жұмыстың безендірілуі.

Ескерту: плагиат мәселесі.

Реферат көбінесе студенттердің алған білімдерін қаншалықты дәрежеде меңгергендігінің, қорытындылаудың формасы есебінде алынады. Қазіргі уақытта интернет-ресурстардың дамуы түрлі ғылым салалары бойынша дайын рефераттың таралуына жол ашып отыр. Кейбір ресурстар дайын рефератты сатып алуға немесе тегін жүктеп алуды ұсынуда. Бұл білім сапасының төмендеуіне әкеледі.

Презентация (лат. *praesento*) – жаңадан қалыптасқан, туындаған қандай да бір жаңа нәрсені қоғамға ұсыну. **Презентация (ақпаратты ұсыну тәсілі)** – қажетті ақпаратты қабылдаушы жаққа ұтымды түрде жеткізуші ақпараттық құрал.

Мультимедиялық презентация – слайдтар жиынтығы (слайд-шоу), презентацияның мәтіндік мазмұны, баяндамашының нұсқаулықтары, бір файлда сақталған, аудиторияға таратуға арналған материалдар.

Презентация мәтіннің өзара үйлесімділігінен, гипермәтіндік сілтемелерден, компьютерлік анимациялардан, графикалар жиынтығынан, видео, музыкалық және дыбыстық сүйемелдеуден тұрады. Дегенмен презентация материалдарының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бұлардың барлығының бір жерде болуы міндетті емес. Сонымен қатар, ақпараттың жақсы қабылдануы үшін презентация белгілі бір сюжет, сценарий және құрылымнан тұрады.

Презентацияның ең басты ерекшелігі ретінде оның интерактивті сипатын айтуға болады, бұл қолданушының презентацияны басқару элементі (дистанционды басқару) арқылы қай жерде болса да қолдануға болады деген сөз.

Мультимедиялық презентациялаудың конструкторлары: OpenOffice.org Impress; KPresenter; Stages (бағдарлама); Keynote; SoftMaker Presentations; Multimedia Builder; ProPresenter.

Тезис (грек. θέσις – қалыптастыру, бекіту) – негізгі ой-пікірдің қысқаша түрде берілген сипаттамасы. Тезистер – ғылыми еңбектің, ғылыми мақаланың немесе дипломдық, курстық жұмыстардың негізгі ой-тұжырымдарының қысқаша нұсқасы. Тезис зерттелетін мәселенің кіріспе бөлімінен, оқиғаның негізгі тезистік мазмұны мен тезистік қорытындысынан тұрады.

Пән бойынша орындалатын тест тапсырмалары

1) Әріп жазуының дүниежүзінде басталу кезеңі:

- A) біздің жыл санауымыздың I мың жылдығындағы әріп жазуы (арамей, финикий жазулары);
- B) әріп жазуы V ғасырдан басталды (рун жазуы, латын жазуы);
- C) әріп жазуы XIV ғасырдан бастап қолданылды (қазір кириллица);
- D) әріп жазуы дүние жүзінде біздің жыл санауымыздан IV мың жылдықта Египетте пайда болған;
- E) әріп жазуы IV ғасырдан басталады (араб, сирия).

2) Числителді сөздің негізгі тілдері:

- A) коряк, эскимос, юкагир, ительмен тілдері;
- B) болгар, ағылшын, араб, кавказ тілдері;
- C) қалмақ, вьетнам, америка үндістерінің тілі;
- D) қытай, вьетнам, тибет, малайя-полинезий тілдері;
- E) қытай-тибет, семит-хамит, тұңғыс-маньчжур тілдері.

3) Аморфты типті тілдер:

- A) чуокот, коряк, тулу, нивх тілдері;
- B) славян, роман, үнді, армян тілдері;
- C) түркі, моңғол, угро-фин тілдері;
- D) қытай, вьетнам, тибет, малайя-полинезий тілдері;

E) тай, судан, банту, моңғол тілдері.

4) Агглютинативті типті тілдер:

- A) чуокот, коряк, ноғай, ительмен тілдері;
- B) орыс, неміс, грек, араб тілдері;
- C) түркі, моңғол, угро-фин тілдері;
- D) қытай, вьетнам, бирма, араб тілдері;
- E) қазақ, болгар, тұңғыс-маньчжур тілдері.

5) Тілдің қоғамда атқаратын негізгі қызметін жазыңыз:

- A)
- B)
- C)
- D)
- E)

6) Реляциялық мағына:

- A) сөздің екінші сөзге қатынасын білдіретін лексика-грамматикалық мағына;
- B) сөз тудырушы аффикстердің грамматикалық мағынасы;
- C) сөз тудырушы аффикстердің грамматикалық мағынасы;
- D) сөз түрлендіруші аффикстердің деривациялық мағынасы;
- E) сөздің екінші сөзге қатынасын білдіретін грамматикалық мағына.

7) Грамматикалық категория:

- A) әртекес грамматикалық мағына мен оның формальды белгілерін айқындайтын топтар;

В) синтаксистік ортақ белгілеріне қарай топтасқан грамматикалық топтар;

С) грамматикалық мағына мен оның материалдық белгісін айқындайтын тілдік жүйе;

Д) семантикалық ортақ белгілеріне қарай топтасқан лексика-грамматикалық топтар;

Е) лексикалық деңгейдегі грамматикалық тұлғалар.

8) Дыбыс алмасу тәсілі:

А) замок, мука, насыпать;

В) ходи, разрезать, день;

С) дня, сна, вход;

Д) моложе, носит, пой;

Е) map, speak, same.

9) Чуваш тілі түркі тілдерінің қай тобына жатады?

А) Ұйғур-оғыз;

В) Шығыс ғұн;

С) Бұлғар;

Д) Қыпшақ;

Е) Оғыз-қыпшақ.

10) Ассимиляция -

А) сөз құрамында немесе сөз аралығында көршілес келген дауысты дыбыстардың өзара үндесуі;

В) тілдегі буын санының ерекшеліктері;

С) сөз құрамында немесе сөз аралығында көршілес келген дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуі;

Д) біркелкі немесе өзара ұқсас дыбыстардың әр басқа дыбыстар болып өзгеруі;

Е) сөздегі немесе сөйлемдегі тетелес келген буындардың өзара үндесуі.

11) Артикуляторлы фонетиканың зерттеу нысаны:

А) дыбыстардың физикалық сипаты мен ерекшелігін қарастырады;

В) сөйлеу дыбыстары аспектілерін қарастырады;

С) тіл дыбыстарының жасалу жолдарын қарастырады;

Д) тілдің дыбыстық жүйесін тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан қарастырады;

Е) тіл дыбыстарының қызметін, әлеуметтік жақтарын қарастырады.

12) Фонетиканың тіл дыбыстарын зерттеудегі негізгі үш шарты:

А) тіл дыбыстарын фонологиялық, графикалық тұрғыда зерттейді;

В) тіл дыбыстарын жан-жақты зерттейді, әсіресе дауысты дыбыстардың фонемаларын, мағыналарын зерттейді;

С) тіл дыбыстарын жасалу орнына, естілу қасиетіне және мағыналық сипатына қарай зерттейді;

Д) тілдік дыбыстарды жазылуына, таңбаларына, мағынасына қарай зерттейді;

Е) тілдің дыбыстық жүйесін диахрондық, синхрондық тұрғыдан зерттейді.

13) Тілдердің типологиялық (морфологиялық) топтастырылуы:

А) лексикалық-грамматикалық ұқсастығына байланысты;

В) генетикалық жақтан туыстастығына байланысты;

С) грамматикалық құрылымындағы ерекшеліктерге негізделуіне байланысты;

Д) дүниежүзілік тілдердің өзара қарым-қатынасқа түсуіне байланысты;

Е) тілдерді туыстығына, даму жайларының ортақтығына байланысты.

14) Музыкалды екпінді тілдер:

А) қытай, корей, жапон;

В) тай, жапон, монғол;

С) корей, тай, грек;

Д) грек, орыс, жапон;

Е) қытай, жапон, вьетнам.

15) Генеалогиялық классификация бойынша қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады:

А) Үндіеуропа.

В) Түркі.

С) Фин-угор.

Д) Славян.

Е) Роман.

16) Тіл қандай тілдер тобына жазудың қай түріне жатады?

А) заттық;

В) идеографиялық;

С) пиктографиялық;

Д) силлабикалық;

Е) фонологиялық.

17) Грамматикалық өнер немесе жазу өнері -

А) жазба ескерткіштер тілі;

В) тілді дұрыс қолдану ережесін белгілейтін сала;

С) тіл ғылымының тарихын кезеңдерге бөлу;

Д) көне ғылымдардың бірі;

Е) дыбысқа еліктеу теориясы.

18) Шартты таңбадан тілдік таңбаның айырмашылығы -

А) ешқандай айырмашылығы жоқ;

В) тілдік таңбаның бір формада, бір мазмұнда болуы;

С) бір форма бірнеше мазмұн немесе бірнеше форма бір мазмұнда болуы;

Д) мазмұн бірнешеу, форма бірнешеу болып сәйкес келуінде

Е) тілдік таңбаның бір формада, екі мазмұнда болуы;

19) Таңбалар жүйесін зерттейтін ғылым -

А) философия;

В) тарих;

С) саяси экономика;

Д) информатика;

Е) семиотика.

20) А.Шлегель тілдерді типологиялық классификация бойынша қандай топтарға бөледі:

А) аморфты, аффиксті және флективті;

В) аффиксті, аморфты және агглютинативті;

С) аналитикалық, синтетикалық типті тілдер;

Д) агглютинативті, инкорпоративті және аморфты;

Е) аморфты, аффиксті және инкорпоративті.

21) Корей, жапон тілдері қай семьялық тілдер тобына жатады?

А) Үнді-европа;

В) тунгус-маньчжур;

С) ешбір тілдер семьясына енбейді;

Д) қытай-тибет;

Е) монғол.

22) Тіл білімінің зерттеу нысаны -

А) жаратылыстану заңдылықтары;

В) жан-жануарлар тілдері;

С) адамзаттың дыбыстық тілі;

Д) адамның пайда болу заңдылықтары;

Е) құстар тілі.

- 23) **Лингвистикалық типологияның зерттеу нысаны -**
 А) тілдердің құрылымдық ұқсастығы мен жақындастығын зерттейді;
 В) тілдердің генеологиялық шығу тегін зерттейді;
 С) туыстас тілдердің арасындағы құрылымдық айырмашылықты зерттейді;
 D) тілдердің өзара жақындық дәрежесін құрылымдық жағынан зерттейді;
 E) тілдердің құрылымдық ұқсастығы мен айырмашылығын зерттейді.
- 24) **Идиографиялық жазу үлгілері:**
 А) қытай иероглифтері;
 В) дыбыстық жазу;
 С) заттық жазу;
 D) фонематикалық жазу;
 E) силлабо-фонемалық жазу.
- 25) **Динамикалық екпін -**
 А) басқа буындардың ішінен бір буын ырғағының ерекшеленуі;
 В) буын құрамындағы дауыстының созылыңқы айтылуы;
 С) ерекше екпін түскен буын;
 D) бір буынның өзге буындардан айрықша күшті айтылуы;
 E) буын құраушы дауысты дыбыстың созылыңқы айтылуы.
- 26) **Музыкалық екпін -**
 А) басқа буындардың ішінен бір буын ырғағының ерекшеленуі;
 В) буын құрамындағы дауысты дыбыстың созылыңқы айтылуы;
 С) ерекше екпін түскен буын;
 D) бір буынның өзге буындардан айрықша айтылуы;
 E) бір буынның созылыңқы айтылуы.
- 27) **Балтық тобының көне тілі -**

- А) прусс тілі;
 В) грек тілі;
 С) латын тілі;
 D) литва тілі;
 E) латыш тілі.
- 28) **Парсы тілі қай семьялық тілдер тобына қосылады?**
 А) Үнді-европа;
 В) семит-хамит;
 С) кавказ тілдері;
 D) фин-угор;
 E) түркі тілдері.
- 29) **Ішкі флексия тәсілі -**
 А) посылать - послать - посол;
 В) вход - выход - ходить;
 С) сиденье - сидеть - сидячий;
 D) неси - несите, стой-стойте;
 E) переговоры - стговор - договор.
- 30) **Акустикалық фонетиканың зерттеу нысаны:**
 А) дыбыстардың физикалық сипаты мен ерекшелігін қарастырады;
 В) сөйлеу дыбыстары аспектілерін қарастырады;
 С) тіл дыбыстарының жасалу жолдарын қарастырады;
 D) тілдің дыбыстық жүйесін тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан қарастырады;
 E) тіл дыбыстарының қызметін, әлеуметтік жақтарын қарастырады.
- 31) **Аулаулауғағы фонетикалық процестер:**
 А) протеза, эпитеза, диереза;
 В) элизия, апокопа, синкопа;
 С) эпитеза, синкопа, метатеза;
 D) аферезис, гаплогия, протеза;
 E) апокопа, диереза, редукция.
- 32) **Қазақ тілі жүйесіне тән негізгі заңдылық -**

- А) диссимилиация;
 В) ассимиляция;
 С) дауыссыз дыбыстардың үндесу заңдылығы;
 D) лабиалды сингорманизм;
 E) лингвалды сингорманизм.
- 33) **Диерезалық фонетикалық құбылыс -**
 А) солнце, метеоролог, киоск;
 В) фарш, текст, Иванович;
 С) повестка, чувство, грустный;
 D) үстел, рас, лайық;
 E) қатынас, дәрігер, не ішесін.
- 34) **Метатеза -**
 А) белгілі бір дыбыстың сөз ортасына қосылып, қыстырылуы;
 В) өзінен кейін келген белгілі бір дыбыс әсерімен сөздің алғашқы бір дыбысының түсіп қалуы;
 D) сөз ішіндегі кейбір дыбыстардың не буындардың орын ауыстыруы;
 E) сөз құрамында жаңадан бір дыбыстың не буынның қосылуы.
- 35) **Трансфикс -**
 А) морфема құрамындағы бір дыбыстың екінші дыбыспен алмастырылуы;
 В) сөз түбірі мен сөз негізі құрамындағы дыбыстардың алмасуы;
 С) бірінғай дауыссыз дыбыстардан құралған сөз түбіріне кіретін дауысты дыбыс;
 D) сөз түбірі немесе сөз негізінен кейін жалғанатын аффикс;
 E) сөз түбірі алдынан қолданылатын аффикс.
- 36) **Метонимиялық тәсіл негізінде қалыптасқан атау -**

- А) бояу, ою, егеу;
 В) шыны, суық, балапан;
 С) құндыз, оқ, ішек;
 D) дүрбі, бинокль, үкі;
 E) көз, ауыз, сөз.
- 37) **Морфема -**
 А) сөз формасының мағыналы бөлшегі;
 В) сөз формасының ең қысқа мағыналы бөлшегі;
 С) дыбыстық тілдің ең қысқа единицасы,
 D) сөздің семантикалық жағының ең қысқа бөлігі;
 E) тілдің мағыналық тұтастығын ажыратушы ең қысқа бөлшегі.
- 38) **Префикс -**
 А) морфема құрамындағы бір дыбыстың екінші дыбыспен алмастырылуы;
 В) сөз түбірі мен сөз негізі құрамындағы дыбыстардың алмасуы;
 С) бірінғай дауыссыз дыбыстардан құралған сөз түбіріне кіретін дауысты дыбыс;
 D) сөз түбірі немесе сөз негізінен кейін жалғанатын аффикс;
 E) сөз түбірі алдынан қолданылатын аффикс.
- 39) **Фонема - дыбыстық тілдің ең қысқа единицасы**
 А) иә; В) жоқ.
- 40) **Тілдің типологиялық классификациясын алғаш ұсынған ғалым -**

- 41) **Екпінге қатысты дыбыстық процесс нәтижесінде сөз соңындағы дыбыстың не буынның түсіп қалуы -**

- A) ассимиляция;
 B) диссимиляция;
 C) апокопа;
 D) синкопа;
 E) аферезис.
42. Белгілі қасиеттеріне қарай шындық құбылысты білдіретін сөздің басқа бір құбылысқа атау болуынан туатын мағына –
 A) тура мағына;
 B) ауыс мағына;
 C) метафоралық мағына;
 D) метонимиялық мағына;
 E) синтагмалық мағына.
43. Алдыңғы сөздің соңғы дыбысының әсерімен келесі сөздің басындағы дауысты дыбыстың түсіп қалуы. Элизияға қарама-қарсы құбылыс.
 A) протеза;
 B) метатеза;
 C) анлау;
 D) аферезис;
 E) элизия;
44. Түбірге жалғанып грамматикалық немесе сөзжасамдық мағына тудыратын сөз бөлшегі –
 A) морф;
 B) негіз морфема;
 C) түбір морфема;
 D) морфема;
 E) аффикс;
45. Үндіеуропалық және германдық шуыл дыбыстардың 1818 ж. Р.Раск ашқан, 1822 жылы Я.Гримм жүйеге келтірген тұрақты сәйкестігі –
 A) Гримм заңы;
 B) Уорф-Сепир теориясы.

46. Бұл теория бойынша, тіл адамның табиғи дыбыстық белгілеріне еліктеуінен туған –
 A) еңбек айқайы теориясы
 B) одағай теориясы
 C) дыбысқа еліктеу теориясы
 D) коммуникативтік теория;
 E) эмоционалды-экспрессивті теория.
47. Белгілі бір қоғамдық салада табиғи тілдерді қолдану тиімсіз немесе мүмкін болмаған жағдайда жұмсалатын, қолдан жасалған ұлтаралық, халықаралық қатынас құралы –
 A) табиғи тілдер
 B) жасанды тілдер;
 C) қалмақ, вьетнам, америка үндістерінің тілі;
 D) мемлекеттік тіл;
 E) тайпа тілі.
48. Тіл дыбыстарын фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі –
 A) руна жазуы;
 B) пиктографиялық жазу;
 C) Египет жазуы;
 D) дыбыстық жазу;
 E) буын жазуы.
49. Шығу тегі бір, туыс тілдерді зерттеумен шұғылданатын тіл білімінің саласы –
 A) әлеуметтік тіл білімі;
 B) сипаттамалы тіл білімі;
 C) структуралды тіл білімі;
 D) салғастырмалы тіл білімі;
 E) салыстырмалы-тарихи тіл білімі.
50. Екі түбірді жалғастырушы аффикс
 A) конфикс;
 B) инфикс;

- C) интерфикс;
 D) постфикс;
 E) префикс.
51. Флективті типті тілдер:
 A) чукот, тулу, армян, ительмен тілдері;
 B) славян, герман, грек, араб тілдері;
 C) түркі тілдері, жапон, корей тілдері;
 D) қытай, вьетнам, малайя-полинезий, кавказ тілдері;
 E) иран, роман, үнді, эскимос тілдері.
52. Полисинтетикалық типті тілдер:
 A) коряк, эскимос, юкагир, ительмен тілдері;
 B) болгар, ағылшын, араб, кавказ тілдері;
 C) қалмақ, вьетнам, америка үндістерінің тілі;
 D) қытай, вьетнам, тибет, малайя-полинезий тілдері;
 E) қытай-тибет, семит-хамит, тұңғыс-маньчжур тілдері.
53. Сөздің тура (номинативті) мағынасы:
 A) сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруына байланысты туған лексикалық мағына;
 B) сөздің заттар мен құбылыстардың белгілерімен тікелей байланысты мағынасы;
 C) сөздің тұрақты сөз тіркестерінде көрінетін лексикалық мағынасы;
 D) сөздің негізгі мағынасына үстелген қосымша мағынасы;
 E) сөздің келтірінді мағынасы.
54. Метонимия -
 A) сөздің туынды мағынада қолданылуы;
 B) зат, құбылыс атауының екінші бір затқа, құбылысқа ұқсату заңы бойынша атау болуы;
 C) бөлшектің бүтінге ауысу заңы бойынша сөзмағынасының алынуы;
 D) функционалды семантика заңы бойынша ауысу процесі;
 E) өзара іргелестігі, шектестігі нәтижесінде зат атауының басқа зат атауына ауысуы.
55. Идиографиялық жазу үлгілері:
 A) қытай иероглифтері;
 B) дыбыстық жазу;
 C) заттық жазу;
 D) фонематикалық жазу;
 E) силлабо-фонемалық жазу.
56. Ішкі флексия тәсілі –
 A) морфема құрамындағы бір дыбыстың екінші дыбыспен алмастырылуы;
 B) сөз түбірі мен сөз негізі құрамындағы дыбыстардың алмасуы;
 C) бірыңғай дауыссыз дыбыстардан құралған сөз түбіріне кірігетін дауысты дыбыс;
 D) сөз түбірі немесе сөз негізінен кейін жалғанатын аффикс;
 E) сөз түбірі алдынан қолданылатын аффикс.
57. Грамматикалық мағына:
 A) сөз ішіндегі элементтер арқылы білдірілетін семантикалық мағынасы;
 B) сөздің формалануы арқылы үстемеленген тәуелдік мағынасы;
 C) сөздердің түрлі қарым-қатынасын білдіретін үстеме мағына;
 D) зат, құбылыс, іс-әрекеттің негізгі белгілерімен байланысты мағына;

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Е) сөздердің түрлі қарым-қатынасын білдіретін тура мағына;

58. Морфема -

А) сөз формасының мағыналы бөлшегі;

В) сөз формасының ең қысқа мағыналы бөлшегі;

С) дыбыстық тілдің ең қысқа единицасы,

Д) сөздің семантикалық жағының ең қысқа бөлігі;

Е) тілдің мағыналық тұтастығын ажыратушы ең қысқа бөлшегі.

59. Тілдің типологиялық классификациясын алғаш ұсынған ғалым -

60. Диссимляция -

А) сөз құрамында немесе сөз аралығында көршілес келген дауысты дыбыстардың өзара үндесуі;

В) тілдегі буын санының ерекшеліктері;

С) сөз құрамында немесе сөз аралығында көршілес келген дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуі;

Д) біркелкі немесе өзара ұқсас дыбыстардың әр басқа дыбыстар болып өзгеруі;

Е) сөздегі немесе сөйлемдегі тетелес келген буындардың өзара үндесуі.

61. Фонема мен фонологияның зерттейтін объектісі -

А) фонема мағынаға қатысты тіл дыбыстарын, фонология дыбыстардың жазылуын зерттейді;

В) фонема мағыналық бірліктерді ажыратудың ең кіші тілдік единицасы, фонология тіл

дыбыстарының қызметінде болатын заңдылықтарды зерттейді;

С) фонема мен фонологияның зерттеу нысаны – тіл дыбыстары;

Д) фонема тілдің естілу ырғағын, фонология дыбыстың күшін зерттейді;

Е) фонема тіл дыбыстарының жасалу жолдарын, фонология тіл дыбыстарының акустикасын зерттейді.

62. Дүние жүзіндегі тілдердің типологиялық типтері:

А) даралаушы, полисинтетикалық; копармалы;

В) копармалы, флективті; аморфты, даралашы;

С) аморфты, жер шарында, копармалы, аморфты;

Д) аморфты, агглютинативті, флективті, полисинтетикалық;

Е) даралаушы, агглютинативті, инкорпаративті, жалғамалы

63. Әдеби тіл -

А) фонетикалық ерекшелігі бар тіл;

В) грамматикалық ерекшелігі бар тіл;

С) лексикалық ерекшелігі бар тіл;

Д) жер шарында өмір сүретін халықтардың тілі;

Е) жалпыхалықтық сипат алған тілдің екшеленген, сұрыпталған жүйесі.

64. Префикс -

А) морфема құрамындағы бір дыбыстың екінші дыбыспен алмастырылуы;

В) сөз түбірі мен сөз негізі құрамындағы дыбыстардың алмасуы;

С) бірыңғай дауыссыз дыбыстардан құралған сөз түбіріне кіргетін дауысты дыбыс;

Д) сөз түбірі немесе сөз негізінен кейін жалғанатын аффикс;

Е) сөз түбірі алдынан қолданылатын аффикс.

65. Ұлттық тілге дейінгі тіл сатылары -

А) ауызекі сөйлеу тілі, жазба тілі;

В) ру тілі, тайпа тілі, халықтық тіл, ұлттық тіл;

С) дыбыстық тіл, ауызекі сөйлеу тілі, әдеби тіл;

Д) халықтық тіл, тайпа тілі, ру тілі, жазба тілі;

Е) жазба тіл, дыбыстық тіл.

66. Сөз түрінің белгілі бір кезеңдегі қалпы:

А) тіл дамуының белгілі бір кезеңдегі қалпы;

В) тіл дамуының әр түрлі кезеңдегі қалпы;

С) тіл дамуының тарихи даму тұрғысынан қарастырылуы;

Д) жекелеген тіл салаларының дамуы;

Е) жалпы тілдік жүйенің дамуы.

67. Тілдік таңба:

А) фонема, сөз, морфема, сөз тіркесі, таңба;

В) цифрлар, сандар жүйесі, морфема, сөйлем;

С) фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем;

Д) фонема, сөйлем, түбір морфема; Е) негіз морфема, фонема, сөз тіркесі.

68. Тіл мен ойлаудың байланысы -

А) тіл мен ойлаудың арасында ешқандай байланыс жоқ;

В) тіл мен ойлау тығыз байланысты, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды;

С) бірінің орнына бірі қызмет атқара алады;

Д) тіл ойсыз да өмір сүре алады;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

69. Салыстырмалы тарихи тіл білімінің қалыптасу кезеңі -

А) ХҮІІ ғасыр;

В) ХҮІІІ ғасыр;

С) ХХІ ғасыр

Д) ХХ ғасыр;

Е) ХІХ ғасыр.

70. Якут тілі түркі тілдерінің қай тобына жатады?

А) Ұйғур-оғыз;

В) Батыс гүң;

С) Қыпшақ;

Д) Қыпшақ;

Е) ешқандай топқа жатпайды.

71. Монғол тілдері типологиялық жағынан қай типке жатады?

А) даралаушы тип

В) агглютинативті тип

С) полисинтетикалық тип

Д) флективті тип

Е) ешқандай типке жатпайды

72. Тәжік, қурд тілдері қай топқа енеді:

А) иран тобы;

В) үнді тобы;

С) роман тобы;

Д) парсы тобы;

Е) балтық тобы.

73. Редукция -

А) дыбыстардың әлсіреп көмескіленуі, соның нәтижесінде дыбыстың өзгеруі;

В) екпін түспеген буындағы дауыстылар;

С) сонор дыбыстардың арасындағы дауыстылар;
D) соңғы буындағы қысаң дауыстылар;
E) сөз құрамындағы дыбыстардың түсіріліп қалуы.

74. Квантативті екпін -

A) басқа буындардың ішінен бір буын ырғағының ерекшеленуі;
B) буын құрушы дауыстың дыбыстың созылыңқы айтылуы;
C) ерекше екпін түскен буын;
D) буынның біреуі басқа буындардан айрықша күшті айтылуы;
E) бір буынның созылыңқы айтылуы.

75. Салыстырмалы-тарихи әдісті негіздеушілер:

A) Франц Бопп, Расмус Раск, И.И.Мещанинов;
B) Якоб Гримм, А.Х.Востоков, В.Гумбольдт;
C) Ф.Шлегель, Бодуэн де Куртенэ, Ф. де Соссюр;
D) Расмус Раск, В.Гумбольдт, А.Х.Востоков;
E) Якоб Гримм, Расмус Раск, Франс Бопп.

76. Фонема -

A) тілдің дыбыстық жүйесі;
B) дыбыстық тілдің ең қысқа единицасы,
C) дауысты дыбыстар жүйесі;
D) тіл дыбыстарын зерттейтін сала;
E) дауыссыз дыбыстар жүйесі.

77. Тілдер туыстығын танытатын басты белгі -

A) грамматикалық сәйкестіктер;
B) фонетикалық сәйкестіктер;
C) лексикалық сәйкестіктер;
D) этимологиялық сәйкестіктер;

E) лексика-грамматикалық сәйкестіктер.

78. Тілдердің типологиялық классификациясы қай принципке негізделді:

A) мотивациялық;
B) синтаксистік;
C) семантикалық;

D) фонетикалық;
E) морфологиялық;

79. Музыкалды екпінді тілдер:

A) қытай, корей, жапон;
B) тай, жапон, монғол;
C) корей, тай, грек;
D) грек, орыс, жапон;
E) қытай, жапон, вьетнам.

80. Функционалды фонетиканың зерттеу нысаны:

A) дыбыстардың физикалық сипаты мен ерекшелігін қарастырады;
B) сөйлеу дыбыстары аспектілерін қарастырады;

C) тіл дыбыстарының жасалу қағидаларын қарастырады;

D) тілдің дыбыстық жүйесін тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан қарастырады;

E) тіл дыбыстарының қызметін, әлеуметтік жақтарын қарастырады.

81. Динамикалық екпінді тілдер тобы:

A) түркі, славян, роман;
B) герман, семит-хамит, угро-фин;
C) жапон, корей, австралия;
D) кавказ, монғол, тұңғыс-маньчжур;
E) славян, герман, кавказ.

82. Редукциялық құбылыс қатары:

A) солнце, метеоролог, киоск;
B) фарш, текст, Иванович;
C) повестка, чувство, грустный;
D) үстел, рас, лайық;
E) қатынас, дәрігер, тәжірибе.

83. Эпентеза -

A) белгілі бір дыбыстың сөз ортасына қосылып, қыстырылуы;
B) өзінен кейін келген белгілі бір дыбыс әсерімен сөздің алғашқы бір дыбысының түсіп қалуы;
C) сөз соңында келген белгілі бір дауыстының түсіп қалуы;
D) сөз ішіндегі кейбір дыбыстардың не буындардың орын ауыстыруы;
E) сөздің басқы құрамында жаңадан бір дыбыстың не буынның қосылуы.

84. Түркі тілдерінде сөздердің орын тәртібі тәсілі:

A) жалғаусыз байланысқан анықтауыш пен анықталғыш сөздің жігін ажыратады;
B) жалғау арқылы байланысқан анықтауыш пен анықталғыш сөздің жігін ажыратады;
C) сөйлем мүшелері позициясы арасына сөз қыстырылуы;
D) жалғаусыз байланысқан толықтауыш пен анықталғыш сөздің жігін ажыратады;
E) жалғаусыз байланысқан пысықтауыш пен анықталғыш сөздің жігін ажыратады;

85. Дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде пайда болған омонимдер қатары:

A) жалын, ерін, ұршық;
B) біз, ту, шаншу;
C) ту, торы, ер;
D) тура, сары, мақта;
E) дана, тақ, дәрі.

86. Ұғым дегеніміз -

A) зат, құбылыс және іс-әрекеттердің жалпы қасиеттерін санада бейнелендіретін психикалық процесс.

B) санадағы ұғымның сөздік қабыққа бекітілген бөлегі;

C) зат, құбылыс және іс-әрекеттердің жалпы және мәнді белгілерінің адам санасында бейнеленуі;

D) сөздің лексика-семантикалық түсінігі;

E) лексикалық мағынамен жарыса қолданылатын дерексізденген мағына.

87. Сема дегеніміз -

A) зат туралы абстрактілі ұғымды білдіретін мағынасы;

B) лексикалық мағынамен жарыса қолданылатын дерексізденген мағына.

C) зат, құбылыс, іс-әрекет және оның белгілерінің бейнесімен байланысты мағына;

D) сөздің ары қарай бөлшектеуге келетін ең кіші мағыналы бөлшегі;

E) сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналы бөлшегі.

88. Сөз -

A) форма мен мазмұн бірлігінен тұратын тілдік единица;

B) формалық бірліктерден құралатын тілдік единица;

C) мазмұндық бірліктерден құралатын тілдік единица;

D) лексика-семантикалық құрылымынан тұратын тілдік единица;

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Е) лексика-грамматикалық құрылымынан тұратын тілдік единица.

89. Денотаттық мағына –

- А) сөздің бағалауыштық мағынасы;
- В) сөздің эмоционалды-экспрессивті мағынасы;
- С) сөздің затпен, құбылыспен байланысып жататын мағынасы;
- Д) зат туралы абстрактілі ұғымды білдіретін мағынасы;
- Е) сөздің лексика-грамматикалық мағынасы.

90. Сөздің сигнификативтік мағынасы –

- А) сөздің бағалауыштық мағынасы;
- В) сөздің эмоционалды-экспрессивті мағынасы;
- С) сөздің затпен, құбылыспен байланысып жататын мағынасы;
- Д) зат туралы абстрактілі ұғымды білдіретін мағынасы;
- Е) сөздің лексика-грамматикалық мағынасы.

91. Үндіеуропалық және германдық шуыл дыбыстардың 1818 ж. Р.Раск ашқан, 1822 жылы Я.Гримм жүйеге келтірген тұрақты сәйкестігі –

- А) Гримм заңы;
- В) Уорф-Сепир теориясы.

92. Бұл теория бойынша, тіл адамның табиғи дыбыстық белгілеріне еліктеуінен туған –

- А) еңбек айкалы теориясы;
- В) одағай теориясы;
- С) дыбысқа еліктеу теориясы;
- Д) коммуникативтік теория;
- Е) эмоционалды-экспрессивті теория.

93. Белгілі бір қоғамдық салада табиғи тілдерді қолдану тиімсіз немесе мүмкін болмаған жағдайда жұмсалатын, қолдан жасалған ұлттаралық, халықаралық қатынас құралы –

- А) табиғи тілдер;
- В) жасанды тілдер;
- С) халықтық тіл;
- Д) мемлекеттік тіл;
- Е) тайпа тілі.

94. Тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі –

- А) руна жазуы;
- В) пиктографиялық жазуы;
- С) Египет жазуы;
- Д) дыбыстық жазуы;
- Е) буын жазуы.

95. Шығу тегі бір, туыс тілдерді біріктіретін, дыбыс және грамматикалық белгілері саласы –

- А) әлеуметтік тіл білімі;
- В) сипаттамалы тіл білімі;
- С) структуралды тіл білімі;
- Д) салғастырмалы тіл білімі;
- Е) салыстырмалы-тарихи тіл білімі.

96. Екі түбірді жалғастырушы аффикс

- А) конфикс;
- В) инфикс;
- С) интерфикс;
- Д) постфикс;
- Е) префикс.

97. Екпінге қатысты дыбыстық процесс нәтижесінде сөз соңындағы дыбыстың небуынның түсіп қалуы

- А) ассимиляция;
- В) диссимиляция;

- С) апокопа;
- Д) синкопа;
- Е) аферезис.

98. Белгілі қасиеттеріне қарай шындық құбылысты білдіретін сөздің басқа бір құбылысқа атау болуынан туатын мағына –

- А) тура мағына;
- В) ауыс мағына;
- С) метафоралық мағына;
- Д) метонимиялық мағына;
- Е) синтагмалық мағына.


99. Алдыңғы сөздің соңғы дыбысының әсерімен келесі сөздің басындағы дауысты дыбыстың түсіп қалуы. Элизияға қарама-қарсы құбылыс.

- А) протеза;
- В) метатеза;
- С) анлаут;
- Д) аферезис;
- Е) элизия;

100. Түбірге жалғанып грамматикалық немесе сөзжасамдық мағына тудыратын сөз бөлшегі –

- А) морф;
- В) негіз морфема;
- С) түбір морфема;
- Д) морфема;
- Е) аффикс;

Бағасы 492 теңге
00 тым



Сулейман Демирел атындағы университет

Ордабекова Хафиза Арысбайқызы

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Баспа «Prin World»
Таралымы 100 дана